

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті

ӘОЖ 621.182.113: 662.613

Қолжазба құқығында

**АРЫСТАНОВА САЛТАНАТ ДАУЫТБЕКОВНА**

**Фосфорқұрамдас шламдарды тазалау үшін табиғи минералды  
шикізаттардан сорбенттерді алу технологиясын жасақтау**

6D072000 - Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы

философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші:  
т.ғ.д., профессор  
Тлеуов А.С.  
Шетелдік ғылыми кеңесші:  
т.ғ.д., профессор  
Лавров Б.А.  
Санкт –Петербург МТУ

Қазақстан Республикасы  
Шымкент, 2018

## МАЗМҰНЫ

	<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР</b>	
	<b>АНЫҚТАМАЛАР</b>	
	<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР</b>	
	<b>КІРІСПЕ</b>	
<b>1</b>	<b>ФОСФОР ШЛАМДАРЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАЙТА ӨНДЕУДІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ</b>	
1.1	Фосфор өндірісінде фосфор шламын қайта өңдеу әдістері және кәдеге жарату тәсілдері	
1.2	Фосфор шламының түзілу механизмі	
1.3	Фосфор шламы фосфордың судағы тұрақтандырылған эмульсия ретіндегі сипаттамасы	
1.4	Фосфор өндірісінің техногенді қалдықтарының қоршаған ортаға әсері мен экологиялық жағдаятын бағалау	
	1 бөлім бойынша тұжырым	
<b>2</b>	<b>ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ МЕН ӘДІСТЕРІ</b>	
2.1	Зерттеу нысаны	
2.2	Зерттеу әдістері	
2.2.1	Талдаудың физика-химиялық аспаптық әдістері	
2.3	Фосфор шламының құрамын және құрылымын талдау	
2.4	Бентонитті саздар	
2.5	Вермикулит шикізаты	
2.6	Ленгірдің қиын балқитын саз-балшығы	
	2 бөлім бойынша тұжырым	
<b>3</b>	<b>АЛЮМОСИЛИКАТТЫ СОРБЕНТТЕРДІҢ ФИЗИКА-ХИМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МЕХАНИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН АНЫҚТАУ</b>	
3.1	Сорбенттердің физика-механикалық қасиеттерін талдау	
3.1.1	Алюмосиликатты минералды саздардың қышқылдық-сілтілілік және текстуралық қасиеттері.	
3.1.2	Саздардың түйіршікті метрикалық құрамдары	
3.1.3	Сорбенттердің гранулометриялық құрамын анықтау	
3.1.4	Сорбенттердің механикалық беріктігін және суға төзімділігін анықтау	
3.1.5	Сорбенттердің тығыздығын анықтау	
3.1.6	Сорбенттердің үйінді тығыздығын анықтау	
3.1.7	Сорбенттердің алмасу сыйымдылығының динамикалық анықтау шарттары	
3.1.8	Сорбенттердің беттік меншікті ауданын анықтау.	
3.2	Қышқылды белсендіру әдісімен алюмосиликатты сорбенттердің сіңіру қасиеттерін арттыру	
3.3	Алюмосиликатты шикізаттардан алынған сорбенттер үрдісін математикалық модельдеу	

	3 бөлім бойынша тұжырым	
<b>4</b>	<b>ФОСФОР ШЛАМЫНАН ТАЗА ФОСФОРДЫ БӨЛІП АЛУ ҮРДІСІН ТЕРМОДИНАМИКАЛЫҚ МОДЕЛЬДЕУ</b>	
4.1	Фосфорқұрамдас шламнан фосфорды бөліп алу реакциясын термодинамикалық зерттеу	
4.2	Алюмосиликатты сорбенттер арқылы фосфор шламнан фосфорды бөліп алу жолдарын термодинамикалық модельдеу	
	4 бөлім бойынша тұжырым	
<b>5</b>	<b>СОРБЕНТТЕРДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ФОСФОР ШЛАМЫНАН ФОСФОРДЫ БӨЛІП АЛУ ҮРДІСІНІҢ КИНЕТИКАЛЫҚ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МЕХАНИЗМІ</b>	
5.1	Тәжірибені жүргізуге ұсынылған әдістемелік қондырғының сипаттамасы	
5.2	Фосфорқұрамдас шламдардан фосфордың бөліну кинетикасы және механизмі	
5.3	Сорбенттердің сіңірілу дәрежесін анықтап, «болжамды» белсендіру энергиясын есептеу	
	5 бөлім бойынша тұжырым	
<b>6</b>	<b>ФОСФОР ШЛАМЫНАН ФОСФОРДЫ БӨЛІП АЛУДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ СЫЗБАСЫ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІ</b>	
6.1	Сорбенттер арқылы фосфор шламынан фосфорды бөліп алу үрдісінің принципіалды технологиялық сызбасы	
6.2	Шламдардан фосфорды бөліп алу үрдісінің технологиясын техникалық - экономикалық бағалау	
	6 бөлім бойынша тұжырым	
	<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b>	
	<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b>	
	<b>ҚОСЫМШАЛАР</b>	

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесідей стандарттарға сілтемелер жасалынды:

МЕМСТ 3368 - Фосфор шламын қайта өңдеу әдісі.

МЕМСТ 1816735 - Фосфор шламын қайта өңдеу әдісі.

МЕМСТ 856976 – Фосфор шламынан фосфорды бөліп алу әдісі.

МЕМСТ 1606181 – Фосфор шламынан фосфорды бөліп алу үшін сорбенттер дайындау тәсілі.

МЕМСТ 21852 – Фосфор өндірісінде фосфор шламын өңдеу әдісі.

МЕМСТ 25235 - Ұнтақ түріндегі бентонит негізінен сорбент өндіру тәсілі

МЕМСТ 1632938 – Фосфор алуға арналған шихта.

МЕМСТ 1754650 – Сары фосфор алу үшін дайындалған шихта.

МЕМСТ 2281911 - Шөгіндіден фосфорды алу тәсілі.

МЕМСТ 1111814 – Адсорбент алу әдісі.

МЕМСТ 2146651 - Алюмосиликат туындылары.

МЕМСТ 2104777 – Сорбент алу тәсілі.

МЕМСТ 2147553 – Саз-балшықты түрлендіру тәсілдері.

МЕМСТ 21283-93 - Бентонит сазы. Адсорбция мен потенциалды анықтау әдістері, катион алмасу.

МЕМСТ 4207-77 - Реагенттер. Күкірт қышқылы. Техникалық талаптар.

МЕМСТ 21852 - Фосфор өндірісінің шламынан фосфор алу тәсілі.

МЕМСТ 1770-74 – Зертханалық шыны өлшеуіш ыдыс. Цилиндрлер, мензуркалар, колбалар, сынауықтар. Жалпы техникалық шарттар.

МЕМСТ 20292-74 - Зертханалық шыны өлшеуіш ыдыстар. Бюреткалар, тамызғыштар. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 21560-82 – Фосфорды анықтау әдістері.

МЕМСТ 8417-81 – Өлшеулердің біркелкілігін қамтамасыз етуші мемлекеттік жүйе. Физикалық өлшем бірліктері.

МЕМСТ 21560-82 – Фосфорды анықтау әдістері.

МЕМСТ 8986-59 – 8986-59 - Техникалық сары фосфор.

## АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

**Залалсыздандыру** – қалдықтарды халық шаруашылығында екінші қайтара қолдану мақсатында оларды шикізатқа, энергияға, бұйымдарға және де материалдарға қайта өңдеуге негізделген іс-әрекет.

**Фосфор шламдарын қайта өңдеу** – белгілі бір тұтынушылық қасиеттерге ие энергия немесе өнімді алуда қалдықтарды қайталама шикізат ретінде пайдалану.

**Фосфор шламдарының экологиялық қауіптілігі** – функционалдық бірлікте болушы қауіпті қасиеттердің жиынтығын білдіруші және қоршаған орта мен адамзатқа қалдықтардың кері әсерімен сипатталатын сапалық қасиеттері.

**Шихта** – фосфоритті агломерат, кремний шикізаты және кокстан құралатын агломерат алу және фосфорды электрлі айдауға арналған шикізатты қоспа.

**Фосфор шламы** – ауыспалы құрамға ие тұрақты, жоғары белсенді және күрделі бұзылушы ластанған эмульсия.

**Сорбент** – абсорбент, адсорбент, ион алмастырғыш материалдар мен комплекс түзгіштер түрінде газ, бу және еріген заттарды таңдамалы сіңіру үшін қолданылатын қатты немесе сұйық заттар.

**Алюмосиликаттар** – силикаттар класындағы минералдар тобы; қос элементті алюмокремний қышқылдарының тұздары. Кристалдық құрылымының негізін кремний - оттектетраэдрі ( $\text{SiO}_4$ ) мен алюминий-оттектетраэдрі ( $\text{AlO}_4$ ) қалайды. Бұл екі тетраэдр бір-бірімен ортақ оттект атомымен байланысқан.

**Текстура** - затты механикалық жылулық, магниттік немесе электрлік әсерлермен жасақтау үрдісінде пайда болатын қасиеттердің анизотропиясы

**Термодинамика** - бұл жылу, жұмыс және температура ғылымы. Химиялық термодинамика химиялық реакциялардағы энергияны трансформациялауды және химиялық жүйелердің пайдалы жұмысын орындау мүмкіндігін зерттейді.

**Сорбция** - қоршаған ортадан әртүрлі заттарды қатты немесе сұйық заттардың сіңіру үрдісі. Ортадағы сіңірілуші затты сорбат, сіңіруші қатты зат немесе сұйықтық – сорбент деп аталады.

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

МЕМСТ - мемлекеттік стандарт;  
ҚР - Қазақстан Республикасы;  
ЖЖФЗ - Жаңа Жамбыл фосфор зауыты «Қазфосфат» ЖШС-і;  
МКФ – моногидратты монокальций фосфаты.  
ДТА - дифференциалды-термиялық талдау;  
РЭМ - растрлы электронды микроскоп;  
 $\Delta G_T$  - Гиббс энергиясы, кДж/моль;  
Т, К - Кельвин бойынша градус;  
 $\Delta H$  - реакцияның жылулық эффектісі, кДж/моль;  
М - мольдік қатынас;  
 $\tau$  - үрдістің ұзақтығы, мин;  
Е - үрдістің «болжамды» белсенділік энергиясы;  
 $\Delta S_T$  - энтропия, кДж/моль · К;  
м - масса, г;  
е.қ. – ерімейтін қалдық;  
Р – қысым, Па;  
d – диаметр, мм;  
 $\rho$  – тығыздық, кг/м<sup>3</sup>;  
V - көлем см<sup>3</sup>, м<sup>3</sup> ;  
Дж, кДж – джоуль, килоджоуль;  
Н – энтальпия, Дж;  
 $\alpha$  – фосфордың қосылыстарға өту дәрежесі, %;  
t - температура;

## КІРІСПЕ

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Қарастырылып отырған диссертациялық жұмыстың барысы фосфорқұрамдас қалдықтарды қайта өңдеу арқылы, фосфор шламдарынан таза фосфорды бөліп алу үшін, жергілікті кенорындарынан алынған алюмосиликатты минералды шикізаттардан сорбенттер алу технологиялық негіздерін зерттеуге бағытталған. Диссертациялық жұмыста фосфор шламын өңдеу кеуектелген сорбенттер арқылы жүзеге асырылады.

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Қазіргі таңда, ғылым мен техниканың дамуында тастанды қалдықтарды қайта игеру өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Соңғы жылдары еліміздегі зауыттарда өндірілген шикізаттардан қалған және бұрын тасталған қалдықтар күрделі экологиялық мәселе тудырғандықтан, оларды қайта өңдеп кәдеге жарату қазіргі уақытта басты назарға алынып отыр.

Дамыған шет мемлекеттерде ауа бассейнінің ластанып бұзылуы күрделі мәселеге айналғаннан кейін, қоршаған ортаның бастапқы қалпын яғни балансын қайта орнына келтіру үшін, зиянды заттардың қалдықтарының алдын-алу барысында жаңа технологиялардың негізі қаланып, сұрыптау арқылы қайта өңдеу қызметін дамытып, экономикалық тұрғыда пайда келтіретін жолдарына көп көңіл бөліну басталды. Бұл бастаманың ықпалы осы уақытқа дейін игерілмеген Қазақстан аумағындағы 30 млрд. тоннадан асатын тұрмыстық, өнеркәсіптік оның ішінде 7,5 млрд.т. уытты және сұйық қалдықтардың жинақтарын қайта өңдеу үрдісі, қазіргі таңда өткір экологиялық мәселелердің бірі болып, ол адамның тіршілік етуінің планетарлық - стратегиялық мақсатты саласына өтіп отыр. Сол себепті, мекемелер мен аймақтардағы экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында атмосфераға түсетін зиянды қалдықтардың мөлшерін сатылай және кешенді түрде азайтатын іс-шараларды жүзеге асыру арқылы, ауаға бөлінетін технологиялық газдардың кешенді және толықтай тазартуын қамтамасыз ету қажет. Сонымен қатар, шет елдік патология институты көп жылдардан бері жүргізілген зерттеулерінің нәтижесінде, фосфор өндірістерінің аймағындағы ауа қабаттарында зиянды заттардың шоғырлануы жоғары мөлшерде болғандықтан, көптеген аурулардың соңғы жылдары көбейгендігін айқындайды.

Осыған орай, елімізде жоспарланған индустриялық - инновациялық даму стратегиясы ғылым мен техниканың жетістіктерін ескере отырып, минералды шикізатты және өзара байланысты технологиялық үдерістерді ұйымдастыру арқылы өндірістің техногендік қалдықтарын кешенді қайта өңдеуге негізделген химия өнеркәсібінің заманауи фосфор саласын қалыптастыруда. Ішкі нарықтың қажеттіліктерін қамтамасыз ету барысында экспорттық әлеуетті ұлғайту кезеңінде фосфор қалдықтарын қайта өңдеп, әлемдік стандарттарға сай шикізат өндіру қазіргі таңда басты мақсатқа айналып отыр.

Дегенмен, соңғы жылдары сары фосфор және оның негізіндегі өнімдерді өндіру көлемі айтарлықтай төмендегені рас. Аталмыш саладағы жұмыстарды дамытуда, барлық өндіріс қуаттарын қолдану төмен деңгейімен сипатталады. Фосфор шламдарын кәдеге жарату және қайта өңдеу бойынша ұсынылған шет елдік және отандық әдістердің көптігіне қарамастан, олар аппараттық жарақтандыруы мен экономикалық тұрғыда орынды еместігіне байланысты кең қолданысқа ие бола алмады. Сондықтан, фосфор шламнан фосфорды бөліп алудың қолжетімді жаңа әдістерін іздеуге бағытталған жаңа идеялар даусыз қызығушылық тудырады.

Ғылыми - техникалық әдебиеттерде фосфор шламдарынан фосфорды бөліп алуға келтірілген әдістер бір-бірінен айырмашылықтары бойынша жиі кездеседі. Осы ғылыми жұмыс барысында шламдардан таза фосфорды бөліп алу үшін, сіңіру әдісі бойынша беттік ауданы мезопоралық алюмосиликатты минералды сорбенттерді қолдану қолжетімді негізде жасалған. Мұндай сорбенттер фосфор эмульсиясындағы органикалық және минералдық сулы қоспаларды тиімді түрде сіңіре алады.

**Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.** Жұмыстың мақсаты – жергілікті табиғи минералдардан сорбенттерді дайындап, оларды фосфор шламынан фосфор бөліп алу үшін қолдану.

Ұсынылған әдістің артықшылығы, басқа қолданыстағы әдістерге қарағанда, төмендегідей сипатталады:

- үрдіс барысында жаңа сорбентпен толықтыру және қолданылған сорбентті алып тастау арқылы, үздіксіз жүргізу мүмкіндігі;
- кез-келген дисперсиялы шламды өңдеу мүмкіндігі;
- құрамындағы фосфоры <50% шламды өңдеу мүмкіндігі;
- жергілікті кенорындарындағы алюмосиликатты минералдардан алынған сорбенттер түрін пайдалану мүмкіндігі;

Қойылған мақсаттарға жету үшін диссертациялық жұмыста келесі міндеттерді шешу қарастырылды:

- зерттеу барысында қолданылған бастапқы шикізаттардың химиялық және минералды құрамдарын анықтау;
- алюмосиликатты минералдардың қышқыл-негіздік қасиеттерін, текстуралық ерекшеліктерін зерттеу (бастапқы материалдардың физика-химиялық қасиеттерін анықтау);
- технологиялық қоспалардың сорбенттердің механикалық беріктігіне және суға төзімділігіне әсерін зерттеу;
- жүйелерді термодинамикалық модельдеу, фосфорқұрамдас шламдардан фосфорды бөліп алудың кинетикалық заңдылықтары мен механизмін (термодинамикалық және кинетикалық заңдылықтарын ашу) анықтау;
- қатты алюмосиликатты сорбенттермен сіңіру әдісі арқылы фосфор шламының құрылымының бұзылуын зерттеу;
- алюмосиликатты материалдарынан алынған қатты, кеуекті сорбенттер арқылы фосфор шламдарынан фосфор алу үрдісінің технологиялық сұлбасын әзірлеу.



Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері бойынша жергілікті алюмосиликаттар негізіндегі жасалатын қолжетімді сорбенттер арқылы, фосфор шламдарынан фосфорды бөліп алудың толық мүмкіндіктері анықталды.

**Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы.** Жұмыстың мақсатына орай фосфорқұрамдас шламдарды тазалау үшін табиғи минералды шикізаттардан сорбенттер алу технологиясы жасалынып, олардың сіңіру қасиеттері зерттелінді.

Диссертациялық жұмыста келесі ғылыми нәтижелерге қол жеткізілді:

- қолданылған шикізаттадың физика-химиялық және механикалық сипаттамаларын анықтау үшін, физика-химиялық зерттеулердің заманауи әдістері пайдаланылды;

- сорбенттерге қышқылдық белсендіру жүргізу арқылы, олардың беттік сіңіру сыйымдылығы арттырылды;

- термоөңдеудің тәртібі бойынша алынған сорбенттердің беріктік қасиеттеріне температураның әсері зерттелді;

- көпфакторлы талдау әдісімен сорбенттерді алу үрдісінің математикалық моделі алынды;

- сіңіру үрдісінің термодинамикалық модельденуі, элементтер мен қосылыстардың бөлінуіне, температура мен оны жүргізу уақытының тәжірибелік ұзақтығы зерттелді;

- кеуектелген беттік сорбенттер арқылы минералды бөлшектердің сіңірілу үрдісінің кинетикалық заңдылықтары және механизмі анықталды;

- «Фосфорқұрамдас шламдардан фосфорды бөліп алу үшін сорбенттерді алу тәсілі» өнертабыс ретінде мойындалған (ПМ 98255 өнертабыс бюл. №11 жария. 15.06.2016 ).

**Алынған нәтижелердің ішкі тұтастығы.** Диссертациялық жұмыс ішкі тұтастығы зерттеу барысында бастапқы компоненттердің құрылымы мен құрамына және материалына жүйеленген ыңғайлы негізімен сипатталып, соның негізінде тиімді сорбенттер жасалынды.

**Жұмыстың практикалық құндылығы.** Жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде жергілікті кенорындардан алынған алюмосиликатты минералды сорбенттер негізінде фосфор шламынан таза фосфорды бөліп алу үрдісіне технологиялық шешімдер жасалынып ұсынылды.

Шламдардан фосфорды бөліп алу үшін алюмосиликатты сорбенттерді қолдану үрдісінің принципіалды технологиялық сұлбасы жасақталды.

Жасалынған технология бойынша фосфордың негізгі өндіріс қалдықтары - фосфор шламдарын өңдеуге мүмкіндік береді.

Алынған тәжірибелік нәтижелер «Қазфосфат» ЖШС және «Қайнар» ЖШС-да жүзеге асырылған жартылай өнеркәсіптік сынақтарының актілері арқылы расталады.

Сондай-ақ, жұмыс нәтижелері оқу және өндірістік тәжірибеден өту үшін «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» кафедрасының оқу үрдісіне енгізілді.

**Зерттеу нысаны.** Зерттеу нысаны ретінде фосфор өндіретін «Қазфосфат» ЖШС және «Қайнар» ЖШС кәсіпорындардың фосфор шламдары алынды. Ал, жоғары сапалы алюмосиликатты минералдары сорбенттерді алу үшін, Дарбаза бентониті, Құлантау вермикулиті және Леңгірдің қиын балқитын саз-балшығы сияқты жергілікті кенорындары алынған алюмосиликатты материалдар қолданылды.

**Зерттеу әдістері.** Пайдаланылатын шикізаттардың негізгі физика-химиялық және құрылымдық сипаттарын анықтау үшін, жұмыс барысында сапалық және сандық құрамын анықтап, физика-химиялық зерттеулер мен химиялық талдаулар үшін, заманауи әдістер (РФА, ДТА, ИКС, РЭМ) қолданылды.

Математикалық модельдену регрессиялық теңдеулерді қолдану арқылы көпфакторлы тәжірибелік бағдарламасын пайдалану арқылы жүзеге асырылды.

Термодинамикалық модельденуде жүйелердің нақтылығы Outkumри жасақтамасының HSC-5.1 бағдарламалық пакеті арқылы жүзеге асырылды.

Кинетикалық нәтижелерінің заңдылығын анықтау үшін, Ротинян – Дроздов теңдеуі қолданылды.

**Зерттеу пәні.** Фосфорқұрамдас шламдардан фосфорды бөліп алу үшін алюмосиликатты минералдардан сорбенттерді дайындау.

**Тақырыптың ғылыми жұмыстардың жоспарларымен байланысы.** Диссертациялық жұмыс «М.Әуезов Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің», «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» кафедрасының ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспары бойынша мемлекеттік бюджеттік Б-16-02-03 «Әртүрлі кәсіпорын салаларының техногенді қалдықтарынан және табиғи кен-минерал қорларынан бейорганикалық қоспалар синтезінің өнімін алу және шикізатты байытудың альтернативті – инновациялы технологиясын құруды зерттеу» және ҚР ҒжБМ тарапынан гранттық қаржыландыру жүйесі бойынша № 68-31 «Фосфорқұрамдас шламдардан фосфорды алу үшін алюмосиликатты сорбенттерді пайдалану» жобасы өз талаптарына сай орындалып, «Қайнар» ЖШС және Қазфосфат ЖЖФЗ ЖШС зертханаларында, Ленсовет атындағы Санкт-Петербург мемлекеттік технологиялық институтының (Техникалық университеті) арнайы ғылыми зертханасында зерттеу жұмыстары жүргізілді.

**Қорғауға ұсынылатын жағдайлар:**

- фосфор шламы, бентонит, вермикулит және отқа төзімді қиын балқитын саз-балшық шикізаттарының құрамын және қасиеттерін кешенді зерттеу нәтижелері;

- сорбенттерді алу үрдісінде физикалық-химиялық қасиеттеріне технологиялық режимінің (Т, Р) әсер етуі;

- меншікті беттің сіңіру сыйымдылығын арттыру үшін, сорбенттердің

қышқылдық белсендірілуі;

- ең кіші квадраттар әдісімен эмпирикалық коэффициенттерді есептеу бағдарламасын қолдану арқылы сорбенттерді алу үрдісінде тәжірибелерді математикалық жоспарлау;

- реакцияға қатысатын элементтер мен қосылыстардың тепе-теңдік дәрежесін анықтауда негізгі жүйелердің термодинамикалық модельденуі;

- Ротинян-Дроздов тендеуімен фосфор алу үрдісінің кинетикалық заңдылықтарын «болжамды» белсендіру энергиясының мәндері арқылы зерттеу.

- алюмосиликатты шикізаттардан алынған сорбенттер арқылы минералды бөлшектер мен органикалық қоспалардың сіңіру механизмін құру;

- техникалық және экономикалық негіздемесі бар технологияның принципіалды сұлбасын ұсыну.

**Жұмыстың талқылануы.** Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері келесі конференцияларда баяндалды: «III International conference «Industrial technologies and engineering» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында (Шымкент, ICITE - 2015); «Әуезов оқулары-14: Жаңа жаһандық ахуалдағы Қазақстанның білім мен ғылымдағы инновациялық әлеуеті» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында, (Шымкент, 2016 жыл); «Internatinalisation of higher education. Methodology of teaching technical and humanitarian disciplines in the context of globalization of higher education» (Брюссель, Бельгия, 2017) (М қосымшасы). «Әуезов оқулары-15: Қазақстанның үшінші жаңғыруы-жаңа концепциялар және заманауи шешімдер» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында (Шымкент, 2017); «III International conference «Industrial technologies and engineering» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында (Шымкент, ICITE – 2017); «IV International conference «Industrial technologies and engineering» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында (Шымкент, ICITE - 2017); Әуезов оқулары - 16: «Төртінші өнеркәсіптік революция: Қазақстанның ғылым, білім және мәдениет саласындағы жаңғырудың жаңа мүмкіндіктері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында (Шымкент, 2018) және «Төртінші өнеркәсіптік революцияға 10 қадам: адами капиталды байыту мүмкіндіктері» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында (Шымкент, 2018) баяндалды. Сонымен қатар, диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері оқу үрдісіне және өндірістік-сынақтық тәжірибеге ҒЗЖ ендіру актілерімен бекітілген (К, Л, Н, П, Р қосымшалары) және Қазақстан Республикасының өнертабысы ретінде мойындаған ( В қосымшасы).

**Автордың қосқан жеке үлесі.** Жоспарланған зерттеу жұмысының ғылыми бағытын орындау барысын, диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша әдеби мәліметтерді талдау және саралау, зерттеу әдістерін таңдау, теориялық және тәжірибелік зерттеулерді орындау, зертханалық сынақ жұмыстарын жүргізу, құрамында фосфоры бар шламдардан табиғи

алюмосиликаттарды пайдалана отырып фосфорды бөліп алудың мақсаты мен міндеттерін анықтауда және әдебиеттерді жинақтап сараптаудың негізінде алынған тәжірибелік зерттеу нәтижелерді талдау, тұжырымдау, қорытындылау және оларды өңдеу, материалдарды ғылыми конференцияларда баяндау мен ғылыми еңбектер түрінде жариялау сонымен қатар, баспадан шығару жұмыстарын докторант өзі орындады.

- **Жарияланымдар туралы мәліметтер.** Ғылыми жұмыстың зерттеу нәтижелері бойынша 18 мақала, оның ішінде ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің бұйрығымен бекітілген басылымдарда 5 мақала, сілтемелендірудің жоғары индексті рейтингтік журналдарында (Scopus және Web of Science базасына кіретін) 4 мақала, 8 мақала Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда, 1 мақала алыс шетелдегі Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда жарияланды. Қазақстан Республикасының 1 пайдалы моделіне патент алынды. (ПМ 98255 өнертабыс бюл. №11 жария. 15.06.2016 ).

**Жұмыстың құрылымы мен көлемі.** Диссертациялық жұмыс 152 бет көлеміндегі компьютерлік теріммен басылған мәтінде келтірілген, 37 кесте, 81 суретті қамтиды. Жұмыс кіріспеден, 6 тараудан, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

# **1. ФОСФОР ШЛАМДАРЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАЙТА ӨНДЕУДІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ**

## **1.1 Фосфор өндірісінде фосфор шламын қайта өңдеу әдістері және кәдеге жарату тәсілдері.**

Елімізде дағдарысқа қарсы «Қазақстан-2050» даму стратегиясына сай, химиялық өнеркәсіпті дамыту және жандандыру мәселелерінде техногенді қалдықтарды кешенді өңдеу және өндіріске кондициялы емес минералды ресурстарды қолдану басты назарда екені белгілі. Ал, ондағы басым бағыттар Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Жолдауында, «100 нақты қадам баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» Ұлт жоспарында және 2015-2019 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму [1] мемлекеттік бағдарламасында нақты белгіленген. Әрине, мұндай даму басымдықтарын таңдау Қазақстанның шынайы мүмкіндіктері мен бәсекеге қабілетті артықшылықтарына негізделіп отырғандығын айқындайды [2].


Елімізде сәтті түрде жүзеге асырылып жатқан, Индустриалды Инновациялық Дамудың Мемлекеттік Бағдарламасы кешендері ғылым мен өндірісті интеграциялауда орасан зор жұмыстарын атқаруда [3]. Қазақстан аумағында химия өндірісінің негізі болып – фосфор өндірісі саналады. Кеңес Одағы тұсында ел мүддесіне жараған жергілікті Шымкент пен кейінгі «Қазфосфат» Жаңа Жамбыл ЖШС фосфор зауыттарының аумағында қазіргі таңда, электротермиялық өңдеу өнімдерінің құрамдарына сай, фосфор шламның 30 мың тоннадан астам фосфор шламы [4] әлі өңделмей жатқаны белгілі. Осы қалдықтарды залалсыздандыруда аталған мекемелер айналысып, ондағы мамандардың есептеуі бойынша, арнайы орындар да қалдық ретінде жинақталған фосфор шламдарының барлық көлемін қайта өңдеуге және залалсыздандыруға орта есеппен 30-40 жыл уақыт аралығы кетеді деп болжауда [5].

Қазіргі таңда, фосфор өндірісіндегі осы қалдықтарды залалсыздандыруға бағытталған ғылыми-зерттеулер жұмысы қарастырылып, оларды қайта өңдеу арқылы кәдеге жарату біздің елімізде және шет елдерде жүзеге асырылып келеді. Алайда, фосфор шламын кәдеге жарату аса қиындық тудыруда. Осы орайда, фосфор шламына қайта өңдеудің көптеген технологиясы қарастырылып, зерттеулер жүргізуде. Себебі, осы техногенді қалдықтардың көп мөлшері техникалық және экономикалық ахуалды туғызып отыр [6].

Сары фосфордың зиянды қасиеттерін ескеретін болсақ, фосфор шламдарын көму, топырақтың, жер асты суларының, су айдындарының және әуе бассейнінің ластануына тікелей қауіп тудырады. Ауа бассейнінің яғни атмосфераның зиянды заттармен ластануы жер бетіндегі тіршілік атаулыға зардабын тигізу болып саналады. Құрамында 70% - ға дейін дайын өнім фосфоры бар фосфор шламдарын, бос жыныстар үйіндісіне тек экономикалық себептер ғана емес, сондай-ақ экологиялық себептерге

байланысты жіберілмейді [7]. Осы себепті, мекемелер мен аймақтардағы экологиялық жағдайларды жақсарту үшін атмосфераға түсетін зиянды қалдықтардың мөлшерін сатылай және кешенді түрде азайтатын іс-шараларды жүзеге асыру қажет. Сондықтан бірінші ретте ауаға бөлінетін технологиялық газдардың кешенді және толықтай тазартуын қамтамасыз ету керек [8]. Бірақ, Қазақстанның оңтүстігіндегі қоршаған орта мен экологиялық жағдайды жақсарту бүгінге дейін өзекті мәселе болып отыр. Осыған орай, фосфор шламдарын залалсыздандыру, қайта өңдеу және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін шеше отырып, жаңа технологиялық тұрғыда тиімді әдіс ұсыну нақты әрі өзекті міндет болып табылады.

Фосфор шикізатын өндіретін зауыттарда фосфорқұрамдас шламдардан фосфорды өндеп алу үрдісі дерлік электротермия әдісімен жүзеге асырылып жатқандықтан, әдісті қолдану барысында көптеген қосалқы өнімдер мен қалдықтар түзіледі, соның бірі – фосфор шламы [9]. Соның негізінде оның қайта қалпына келтіру реакциясы түзіледі:



Қажетті өніммен қатар оның конденсация үрдісінде сары фосфорды электротермиялық өндіру [10] кезінде құрылымында 5-15%-ға дейін өндіріс фосфоры бар фосфор шламының айтарлықтай мөлшері өндіріледі. Олардың ішінде ең негізгі шикізат - фосфор шламы, фосфорит ұсақтары, электрсүзгі шаңы болғандықтан, олар жүйеден су суспензиясы – котрельді сүт түрінде шығарылады [11]. Фосфор өндірісінде сары фосфорды электротермиялық өңдеу кезінде қажетті өніммен қатар, конденсация нәтижесінде фосфордан құрамында 10-14% - ға дейін болатын фосфор шламының мөлшері өндіріледі. Шламның қалыптасуы екі фазалы жүйені құрайтын: су ( $\epsilon=3,8$ ) полярлық  $\epsilon$ -нің жоғары айырмасы негізгі себебі болғандықтан, бұл фазаны бөлу бетінде  $\epsilon$ -нің аралық мәні бар заттар сіңіріледі. Фазалардың қарама-қарсылығы өзінің әртүрлі қатысуымен теңестіреді. Себебі, әртүрлі қарама-қарсылық болған сайын соғұрлым фаза шекарасында сіңірілу күшінің мәні жоғары болады [12].

Фосфор шламының пайда болуы мен тұрақтануы фосфор конденсациясы сатысында еркін энергиясы бар фосфор-судың фазаралық шекарасы қалыптасқан сәтте жүреді. Фосфордың конденсацияланған тамшыларының өсімін эмульсия тұрақтандырғыштары қалыптастырған сіңіру қабаттары баяулатады. Фосфор тамшыларының бетінде сіңіріле алатын және оның лиофилизациясын туғызатын эмульсияны тұрақтандырғыш ретінде электрсүзгіден алынбаған пеш газының қатты минералды қоспалары және фосфор фазасынан алынған органикалық заттар ретінде қарастырылады. Электрсүзгіде фосфордың шаң бөлшектерімен (шлак) салқындатқыш судың газ тәрізді заттарының өзара әрекеттесу нәтижесінде көпкомпонентті, қиын бөлінетін сұйық фосфор шламы түзіледі. Сұйық фосфор шламының мөлшері өндірілген фосфордың көлемінен 30% -

дан 100%-ға дейін асуы мүмкін. Электрсүзгіде ұсталмаған, газ құбырының жүйесі арқылы скруббиннің конденсаторларына түскен шаң (әсіресе оның ұсақ шашыратылған жүзгіндері МЧШ) фосфор шламының қалыптасуы болып табылады. Олардың беткі шаңына түсетін фосфордың тамшылары олардың қосындысын болдырмайды [13].

Осы үрдістің нәтижесінде техногендік конгломерат – қиын бұзылатын фосфор шламының (эмульсия ластануын, қойыртпақ) құрамына:

- Фосфор 30 % - ға дейін көлемде;
- кокс, кремний, фосфорит (шаң) минералды бөлшектер көлемі 30 % - ға дейін (орта есеппен 10 %);
- көлеміне қарай 30 % - ға дейін су кіреді.

Фосфор шикізатындағы шламның сапасын анықтау әдісі - шлам мен фосфордың көлемін олардың арасында айқын шекара пайда болған соң өлшеуге негізделген.

Фосфор шламының құрамын талдау әдісі - шламды оның құрамдас бөліктеріне бөліп, кейін қатты қалдықтың (минералды бөлігінің) салмағын өлшеу арқылы анықталады [14].

Фосфор шламын қайта өңдеу бойынша мәліметтерді талдау кезінде бірінші оларды залалсыздандыру арқылы кәдеге жаратуға, қайта өңдеудің бірнеше бағыттарын жатқызуға болады. Өндірістік циклде құрамында фосфоры бар техногенді қалдықтар өте көп қолданылады [15]. Фосфор шламының құрамында фосфордың болуы оның аса құнды шикізат көзі екенін айқындайды. Фосфор өндіретін кәсіпорындарда фосфорқұрамдас шламдарды қайта өңдеудің реторттық әдісі бұрыннан белгілі. Шламды өңдеудің реторттық әдісінің бастапқысы - сыртынан қыздырылатын контейнерге жүктелу [16] болып табылады. Онда айдалған фосфор конденсаторда ұсталынады.

Авторлар [17] патенттеген фосфор шламын қайта өңдеу әдісінің бірі - ішіне шлам жүктелген барабанды қолдану. Бұл әдісте фосфордың жабысуына жол бермес үшін, барабанға қосымша шарлар немесе қарнақ жүктеледі, ал фосфор шет мойын арқылы айдалып, арнайы конденсаторларға түседі. Бірақ бұл үрдіс кезінде жоғары дәрежелі фосфор алынбай, сары фосфордың 10% қызыл фосфорға айналып, шламның минералды бөлігімен қатар фосфордың жоғалуы орын алды. Кейінірек шламнан фосфорды үздіксіз булау арқылы алынатын әдісі ұсынылды [18]. Онда фосфорқұрамдас шламдарды сыртынан қыздыратын арнайы буландырғыш камераға жібереді. Булану камерасы бұрандалы түтік түрінде болады. Әдіс барысында фосфор булары конденсаторда ұсталынады да, ал қатты тұнбалар су тартқыш арқылы арнайы қабылдағыштарға жіберіледі. Шламды қайта өңдеудің реторттық әдісінің аппараттық құрылымы қарапайым болғанымен өндірістерде кеңінен қолданысты таппады. Себебі қышқыл орта мен жоғары температура салдарынан технологиялық режимінен аздап ауытқу болатын болса, аппараттардың тат басуына әкеп соқтырды. Кейінірек фосфорқұрамдас шламды қайта өңдеудің реторттық әдісі жақсарып, фосфорды өңдеу су

буымен жүзеге асырылды [19]. Бірақ фосфордың су буының көмегімен айдалуы экономикалық жағынан тиімсіз болды, себебі фосфорсыз төменгі қалдықты толығымен алу мүмкін болмады. Фосфиннің және әлсіз фосфор қышқылының пайда болуы жағымсыз технологиялық үрдіс болып табылатындықтан, фосфиннің пайда болуына жол бермеу үшін авторлар [20] шламды өңдеуге арналған көп сатылы әдісті ұсынды. Бастапқыда шламды сүзгілеуден өткізіп, тұнбадағы ылғалды жою үшін 3730 К температурада кептіріп, кейін 6030 К температурада фосфин жойылды. Дистилляция әдісі бойынша шламдардан фосфорды буландыру арқылы [21] алуға ұмтылыстар жасалынды. Бұл әдіс төменгі қалдықты түсіру күрделілігіне байланысты кеңінен қолданысқа ие болмады. Парафин булары арқылы шламынан фосфорды бөліп алу әдісі Германияда сыналып, нәтижесіз аяқталды [22]. Фосфорқұрамдас шламды айдау әдістерінің бірі шикі фосфорды тазарту әдісі болды [23]. Фосфорға бай шлам булану камерасына фосфордың тотығу үрдісі  $P_2O_5$  түрлендірілуіне мүмкіндік беретін ауа көлемін қосу арқылы беріледі. Буландырылған фосфор бөлек камерада өртеніп, орнына балқытылған шлак босатылып шығарылады. Алайда, ұсынылған әдіс өнеркәсіптік қолданысқа ие болмады, себебі бүріккіш саңылаулар фосфор шламының минералды бөлігімен жиі бітелуіне байланысты негізсіз болып табылды. Шламды бөліп алудың үдерісін күшейту үшін, фосфорқұрамдас шламға күшті тотықтырғышты енгізу ұсынылды [24]. Онда фосфор шламның 15-30%-ын азот қышқылы ерітіндісімен тұрақты араластырып контейнерге жүктеп, кейін су буымен тазартты.

Авторлар [25], фосфор шламын балқытылған кальций метафосфатынан алынған, айнаға жеткізу әдісін де ұсынды. Онда фосфор айдалынып арнайы камерада бірден тотығады. Қабатты қайнау қондырғыларында шламдарды өңдеу тәсілі де [26] сынақталды. Бұл кезде 473-723 К температурасында оттегісі бар газдардың түтіндері фосфорды тотықтандырып, ылғалды буландырады. Кейін  $P_4O_{10}$  аэрозоль түріндегі фосфор, қалдық газдармен жойылады, ал шламның минералды бөлігі аппараттан түйіршіктер түрінде алынады. Бұл әдіс шамамен 10%-дық элементтік фосфордан тұратын шламдар үшін ұсынылды. Жоғарыда келтірілген әдістерді салыстырмалы түрде алғанда дистилляция әдісі, фосфор өндірісінде шламдарды қайта өңдеу мәселесінің жартылай шешімі болып табылатындығын көрсетеді [27]. Шламдарды фосфорит ұсақтарын брикеттеу және инертті газ ортасында жылулық өңдеу үшін де пайдалануға болады [28]. Бірақ бұл технологиялық кәсіпорындар үшін өнеркәсіптік қызығушылық тудырмады. Кейінірек конустық пештерде [29] пайдаланылды, бірақ ол да өнеркәсіптік қолданысқа ие бола алмады.

Фосфор шламын өңдеудің ең маңыздысы келешегі бар әдіс минералды тыңайтқыш ретінде пайдалануға болатын ортофосфор қышқылы мен шлакты ала отырып жағу әдісі [30] болып табылады. Соңғы уақытта, фосфор шламын қайта өңдеу бойынша мәліметтерді талдауда көрсетілген деректер бойынша фосфорқұрамдас минералды тыңайтқыштарды тұтыну көлемінің артуы,



оларды өндіру барысында жаңа және қарқынды инновациялық [31] түрлері ұсынылуда. Осы орайда, өндірістік циклда фосфорқұрамдас техногенді қалдықтар көптеп қолданылуда. Фосфор шламынан поликомпонентті фосфорқұрамдас тыңайтқышты алуда авторлар [32, 33] ағымдағы шикізаттан таза фосфорды айдап, кейіннен оны фосфор қышқылымен өңдеп және аммиак суын қолдана отырып бейтараптау арқылы азот-фосфорқұрамдас поликомпонентті минералды тыңайтқыш алуды ұсынды [34]. Фосфорқұрамдас тыңайтқыштарды өндірудің жаңаша әдістерінің бірі қызыл фосфорды қолдану [35] болып табылады. Қызыл фосфор шламының құрамындағы элементарлы фосфорды қыздыру кезінде полимеризациялау әдісі [36] бойынша алады, алынған қызыл фосфорды фосфор шламымен араластырып, қоспаны шоғырлы күкірт қышқылымен ыдыратады. Осылайша, ұсынылған әдістен жоғары сапалы фосфорқұрамдас минералды тыңайтқыш алынады. Дайын өнімдегі фосфор бес тотығының мөлшері 42% тең келеді. Бірақ, фосфор өндірісінің техногенді қалдықтарынан фосфорқұрамдас тыңайтқыштарды алу, өнімнің өзіндік құнын төмендетеді.

Келесі ұсынылған әдіс, фосфор шламынан минералды тыңайтқыш алуға өңдегенде, оған микроэлементтер [37] қосады. Микроэлементтердің ыдырату үрдісі кезінде бор қышқылының 2%-дық ерітіндісі, мыс сульфатының 1%-дық ерітіндісі, темір сульфатының 1%-дық ерітіндісі, марганец сульфатының 0,5%-дық ерітіндісі, мырыш сульфатының 0,5%-дық ерітіндісі және аммоний молибдатының 0,5%-дық ерітінділерін қосады. Кейін аналық ерітіндіні сүзіндіден бөліп алады да, оны аммоний сульфатымен рН 6-7 болғанша бейтараптайды және оны 100-1100<sup>0</sup>С-та кептіреді. Ал, түйіршіктердің берік болуы үшін оған карбоксилметилцеллюлозаны қосады. Ұсынылған әдіс бойынша фосфор шламынан микроэлементтерге бай, фосфор бес тотығының жоғары сапалы минералды тыңайтқыштары алынды.

Қазіргі уақытта, сары фосфор өндіретін кәсіпорындарда шламды центрифугалау әдісі [38, 39] арқылы бөліп алу қолданылады. Бірақ центрифугалау арқылы фосфор шламдарын өңдеу кезінде, шламның тұтқырлығы жоғары болғандықтан өзіндік қиындықтар туғызуда. Осы тұтқырлықты азайту үшін, авторлар [40] ыдырағыш агент ретінде лигносульфаттарды немесе күйдіргіш сілтіні қосуды ұсынды. Тиісті компоненттерді қосқаннан кейін шлам сұйылтып, құбырлар арқылы оңай айдалып центрифугаланады. Бай шламдарды өңдеп таза фосфор алу үшін, экстракция үрдісі де қолданылды [41]. Экстрагент ретінде 1:1-ден 8:1-ге дейінгі қатынастарда күкіртті көміртегі алынды.

Авторлардың [42] пікірі бойынша фосфор шламының дисперсті фазасының құрылымы органикалық сұйықтықтарды қосу арқылы, мысалы,  $CCl_4$  араластырғанда жойылуы мүмкін. Бұл жағдайда фосфор шламы үш қабатқа бөлінеді: жоғарғы қабат - минералды бөлік; ортаңғы қабат-хлорлы көмірсутек; төменгі қабат-тазартылған фосфор. Фосфор шламының эмульсиясы тотықтырғыш заттармен жойылады. Тотықтырғыш ретінде азот

қышқылы, күкірт және тұз қышқылының қоспасы сонымен қатар, басқа да алты валентті элементтердің қосылыстары қолданылады.

Соңғы кезде, фосфор өндірісінің техногенді қалдықтарынан аммофос, қос суперфосфат, жай суперфосфат, NPK-сапалы тыңайтқыштарын алу әдістері жасалынууда [43]. Фосфорды бөліп алу үшін, өндірісте тәжірибе жүзінде бірқатар әдістер жүргізілген. Соның бірі, флокулянттармен фосфатты тұздарды қосу арқылы алынатын тәсіл ұсынылды [44]. Кейінірек әртүрлі қышқылдармен өңдеу [45] арқылы шламдардан фосфорды бөліп алу мүмкіндіктері де қарастырылған. Онда термиялық фосфор қышқылдарын алу арнайы пештерде шламдарды өртеу арқылы кеңінен қолданысқа ие болса, фосфор пештеріне фосфорды қайта айдау арқылы шламдардан фосфорды бөліп алудың термиялық тәсілі [46] де іске асты. Алайда, бірінші жағдай бойынша алынған шламда фосфор қышқылының сапасы өте төмен (55-60%  $H_3PO_4$ ) болғандықтан, тұтқыр шламды өртеу камерасына үздіксіз беру қиындық тудырады. Екінші жағдай бойынша, шламның құрамында фосфорлы пешке қажетсіз зат су болғандықтан, ол көміртегі мен электр шығымының өсіп аттырады. Соңғы кезде фосфор шламының құрамындағы фосфордың едәуір бөлігін химиялық өндірісте кең қолданысқа ие фосфорқұрамдас тұздар мен қышқылдар [47] алуға қолдануда.

Сондай-ақ, физикалық (гравитациялық), химиялық (экстракциялық) [48] тағы да басқа әдістер өздерінің жеткіліксіздігі мен кемшіліктеріне байланысты кең қолданыс таппады. Сонымен қатар, фосфор шламынан мыс фосфидін алу әдісі [49] ұсынылды. Аталмыш әдіс бойынша тоқтың белгілі тығыздықтарында титанды электродта екі валентті мысты түзуге ықпал ететін мыс электродын балқытуға қабілетті жағдай туындайды.

Фосфор шламын өңдеу бойынша, толық қолданыс таппаған әдістердің бірі, ол шламды өртеу немесе жағу [50] болып табылады. Бұл үрдіс кезінде шламды жаққанда бөлінетін газдарды ұстап алу арқылы, фосфор қышқылын алады да, ал жанып кеткен қалдық қайтадан қоқысқа шығарылады. Мұнда фосфор шламының құрамындағы кальций гидроксидін натрий гидроксиді ерітіндісімен өңдеп, кейіннен алынған натрий гипофосфитін кальций құрамдас қалдықтан тазартады. Бұл әдісте кальций құрамдас қоспа түріндегі және фосфорқұрамдас газ түріндегі қалдықтар түзіледі, ал олардың әрі қарай залалсыздандыру мәселелері толықтай қарастырылмағандықтан оң шешімін бермеді. Шламды жағу және кейіннен газдарды суыту мен алынған фосфор ангидридін гидратациялау арқылы фосфор қышқылын алу бойынша әдістер авторлар тобымен патенттелген [51]. Дегенмен, ұсынылған әдістер өндіріс орындарында қол жетімді болмағандықтан кең қолданысқа ие бола алмады.

Қазіргі уақытта, фосфорқұрамдас шламдарды кәдеге жарату келесі жүйеге сәйкес жүзеге асырылады. Яғни, фосфор қоймасында пештерден алынған жаңа шлам бұмен өңделіп, сыйымдылығы бойынша айдалады, біраз уақыттан кейін фосфордан ажыратылып, ол кейіннен дайын өнім ретінде пайдаланылады. Құрамында фосфордың жеткілікті жоғары мөлшері бар бөлгеннен кейінгі қалған қалдық шламды, вакуум астында буландырып,

сусымалы түрінде цехтағы пешке қайта жібереді [52]. Дегенмен, бұл әдіс жобалаудан гөрі өнімдірек болғандықтан (голландиялық жобада шламды сусыздандыру мүлдем жоқ) қалыптасқан шламды толығымен кәдеге жарату үшін жеткіліксіз болып табылады. Ал, уақыт өткен сайын фосфор қоймасындағы шламдардың көлемі 3000 м<sup>3</sup>-ден асуы мүмкін [53, 54]. Шламда судың болуы, қондырғының өнімділігін шектейтін фактор болғандықтан ол пештегі қысым мен пеш газының зиянды қалдықтарының күрт өсуіне алып келеді.

Фосфор өндірісіндегі технология бойынша фосфордың белгілі бір бөлігі шламдарға кететін болғандықтан, бұл тұтастай өнімнің 40 пайыз бөлігін құрайды. Ондағы фосфордың мөлшері 30-дан 60 пайыз аралығында болады. Фосфорқұрамдас шламдарды өңдеу тәсілі бойынша әдеби шолулардағы талдаулар [55] сары фосфор өндірісінің барлық технологиялық талаптарына жауап беретін әмбебап тәсілдің нақтыланбағанын дәлелдейді. Сонымен қатар, жоғарыда аталған мәліметтер бойынша, фосфорқұрамдас шламдарды қайта өңдеудің кейбір тәсілдерінің өндірісте жүзеге асырылып жатқанына қарамастан, қазіргі таңда фосфор өндірісінде шламдардан фосфорды толық тазартудың қол жетімді технологиясының жоқтығын көрсетеді.

Қазіргі таңда, фосфор өндірісі тарихында осы қалдықтарды кәдеге жаратудың және залалсыздандыруға бағытталған ғылыми-зерттеулер біздің елімізде және шет елдерде жүзеге асырылып келеді. Осыған байланысты, соңғы жылдары фосфор шламдарын қайта өңдеу жолдары және оны кәдеге жарату туралы көптеген ұсыныстар берілуде. Алайда, жану әдісін қоспағанда, қалдықтарды қайта өңдеуге ұсынылған жобаларға байланысты экономикалық тұрғыда қиындықтар мен қатар аппараттық жобалау кеңінен қол жетімді болмай тұр.

Сондықтан меншікті беттік сыйымдылық ауданы бар, қатты сорбенттерді қолдану арқылы фосфорқұрамдас шламнан таза фосфорды бөліп алу жолдарына бағытталған жаңа әдіс өзінің оң шешімін береді. Қолжетімді сорбенттер өндіріс пен шаруашылық қызметте әрқашан сұранысқа ие болғандықтан, экономикалық тұрғыдан да тиімді болады. Аталмыш өңделімнің маңызды белгісі ретінде шламнан фосфордың қарқынды түрде тотығуын қамтамасыз етуді ұйымдастыру, оны жүзеге асыруға қажетті технологиялық агрегатты таңдауда басты мәселе болып табылады. Осыған байланысты ғылыми жұмыс барысында фосфор өндірісінің бірқатар шламдарын игеруде жергілікті кенорындарынан алынған минералды алюмосиликаттардан сорбенттер алу арқылы фосфор шламынан таза фосфорды бөліп алу үшін сіңіру әдісі ұсынылады.

Сіңіру әдісі фосфорқұрамдас шламдарды минералдық және органикалық қоспалардан тазартып, құрамынан таза фосфорды бөліп алу үшін тиімді әдіс болып табылады. Жұмыстың мақсатына сәйкес ұсынылып отырған әдістің басқа қолданыстағы әдістерден айырмашылығымен артықшылығы төменде ұсынылады:

- үрдіс барысында жаңа сорбентпен толықтыру және қолданылған сорбентті алып тастау арқылы, үздіксіз жүргізу мүмкіндігі;
- кез-келген дисперсиялы шламды өңдеу мүмкіндігі;
- құрамындағы фосфоры <math>< 50\%</math> шламды өңдеу мүмкіндігі;
- жергілікті кенорындарындағы алюмосиликатты минералдардан алынған сорбенттер түрін пайдалану мүмкіндігі;

Аталған алюмосиликатты сорбенттерді алу үшін Оңтүстік Қазақстан облысының жергілікті кен орындары Дарбаза кен орнынан алынған бентонит сазы, Құлантау өлкесінің вермикулиті және Ленгірдің қиын балқитын саз-балшығы қолданылды.

Біз ұсынып отырған ғылыми жұмыста ауаны ластаушылардың бірі фосфор өндірісіндегі фосфор шламдарын өңдеумен байланысты болғандықтан, оның техникалық қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету қажет. Фосфор шламының құрамында фосфор салдарынан ауамен әрекеттескенде сілтілік орта болғандықтан, өздігінен жануға қабілетті болады. Сондықтан технологияға сәйкес құрамында фосфоры бар қалдықтар арнайы бассейндерде, су астында сақталуы міндетті.

Ғылыми жұмыстарды зерттеу барысындағы экологиялық және экономикалық тәуекелділіктер төмендегі келесі талаптар бойынша сақталады:

- аппараттағы фосфор мен фосфор шламы үнемі су қабатының кемінде 35 мм астында жатады;
- фосфор мен фосфор шламының сақтау кезінде температурасы  $70^{\circ}\text{C}$ -тен төмен болады;
- фосфор салынған өндірістік ыдыстардың арнайы гидроокшауланған түбі болады;
- фосфоры бар барлық ыдыстар инертті газбен қамтамасыз етіледі.

Фосфор өндіруші кәсіпорындарда шикізатты тиімді қолдану және қоршаған ортаны қорғау ресурстары мәселенің өзектісі болып саналады.

Орындалған зерттеулердің ғылыми мәнділігі негізінде фосфордың сіңірілуі мен аралас компоненттерді бөлуге байланысты күрделі көп компонентті жүйелердің өзара әрекеттесуінің физика-химиялық заңдылықтарын анықтауына тәуелді болады. Фосфор шламының құрылымы, тазартылуы, фосфордың бөлінуі зерттеу кезінде меншікті ауданы анықталған сіңіру сыйымдылығы жоғары, кеуектелген, сіңірілуі дамыған мезокеуектілікке ие гидрофильді минералды қолжетімді сорбенттерді пайдалануға негізделген. Мұндай сорбенттердің кеуектілігі 20-70 % - дан кем емес, эквивалентті радиусы 3-220 нм (кеуектердің барлық түрінің жалпы көлемін есепке алғанда) динамикалық үрдіс жағдайында судағы фосфор эмульсиясын тұрақтандыратын органикалық және минералды қоспаларды тиімді жұтып жібереді, нәтижесінде эмульсия тұрақтылығы бұзылады. Фосфор тамшыларын сорбентпен адгезиялау қатты дененің қолжетімді бетінде жайылуымен, кейін энергия әсерінен беттік жабысумен жалғасады. Соның нәтижесінде, түзілген үлкен тамшылар сорбенттен өзіндік ауырлық

күшінің әсерінен бөлінеді [56]. Сонымен қатар, фосфор шламынан фосфорды бөліп алуда, оның динамикалық жағдайларында физика-химиялық қасиеттері қарастырылады. Алынған алюмосиликатты сорбенттерге арнайы қышқылдық белсендірілу жасалып, термоөңдеу өткізіледі. Сулы ортада кеуектелген сорбенттер гидростатикалық немесе жоғары қысымда 333-348 К температурада ұнтақталуына жол бермеу үшін, жоғары механикалық беріктікке ие және суға 100% төзімді болуы тиіс.

## **1.2 Фосфор шламының түзілу механизмі.**

Фосфор шламының негізін кремний және көміртектің ұсақ бөлшектері құрайды. Олар қарапайым фосфордың аз мөлшері мен гель типтес коллоидтық құрылымды қалыптастырып сіңіреді. Бұл жерде дисперстік орта – сары фосфор болып табылады [57]. Осы ғылыми жұмыста фосфор шламын түзу теориясы ұсынылады. Онда шлам фосфор конденсация сатысында екі негізгі жолмен түзілетіні көрсетіледі.

1. Фосфор шламы фосфор және шаңның ұсақ фракциялары электрсүзгіден өткеннен кейін, газда жинақталып алынады. Ұсақ дисперсті кремний ішінара  $\text{SiO}_2$  сатысынан өтіп, қосымша үрдіс кезінде пеште айналдырылады. Шламның фосфорды сіңіруі есебінен шаң бөлшектерінде түзілуі, газ жолында конденсаторға дейін басталады, яғни газ температурасы шық нүктесіне дейін төмендеген кезде түзіледі. Фосфор буының құрамы кезінде газ қоспасының 6,5% шық нүктесі 443 К тең болады. Газ толқынында қалқып жүрген шаң бөлшектерінің шамасы конденсациялаудың бастапқы орталығы болып табылады. Бұған дәлел шлам шөгінділерінің конденсаторға дейін газ арналардың салқын бөліктерінде болуы және электрсүзгіде тұнатын шаңда қарапайым фосфордың болуымен негізделеді.

2. Шлам пеш газдарында әрдайым аз мөлшерде болатын кремний фторидін гидролиздеу нәтижесінде түзіледі. Содан кейін, ұсақ дисперсті беттік қабаты белсенді кремний фосфорды сіңіреді. Шлам мөлшері түзілу кезінде фосформен су бөлігі бір мезгілде кремниймен сіңіріледі. Осы немесе басқа механизм арқылы алынған шлам мөлшері пеш газдарындағы ұсақ дисперсті шаң құрамына және электр пешінде балқыту кезінде фосфориттен фторлы қосылыстарды айналдыру дәрежесіне байланысты болады. Бірінші жолмен алынған шламның түзілу ықтималдығы 80-90%, ал екінші жолмен алынғанда ( $\text{SiF}_4$  арқылы) 10-15% құрайтыны анықталған [58]. Шлам агрегаттары (мицеллалар) желілік құрылымдарға ие, оларға су мен еркін фосфордың айнымалы көлемі кіреді. Кірдің тізбекті және ішінара торлы құрамы фосфор-шикізатқа және оның тұнуы барысында пайда болған шламдарға тән.

Фосфор өндіру кезінде су фазасында өлшенген және әдетте ағын сулардан алынатын домалақ немесе басқа пішінді түзінділерден тұратын біршама мөлшерлі, түйіршікті шламдар алынады. Түйіршікті шламдар ерімейтін қалдықтардың көп мөлшерін (40-50%) құрайды және балқытылмайды [59]. Олардың түзілу орны конденсат сатысы құрылғылары

болып табылады, онда бір уақытта булы газ фазасынан фосфор конденсациясының үрдістері жүреді және электрсүзгілерден газдарды өткізгеннен кейін қалған шаңды ұстайды. Тор сияқты және әсіресе түйіршікті шламдардың бастапқы құрылымдарының қалыптасуына, шаңдарда болатын сілтілік металдардың қысқартылған фосфаттары және ішінара фосфордың конденсациясы кезінде су фазасына өту ықпал етеді.  $\text{Na}_5\text{P}_3\text{O}_{13}$  және басқа полифосфаттар суспензиялардың тұрақтандырғыштары болып табылатыны белгілі. Ағынды сулардан шлам бөлінгеннен кейін, ол техникадағы белгілі әдістердің бірі арқылы өңделуі мүмкін.  $\leq 1\%$  ерімейтін қалдыққа ие ластанған өнім, сондай-ақ ол жылу қышқылын алу үшін қондырғыда (өртеп) сәтті өңделеді. Егер пеш газдарындағы шаң құрамы бір немесе басқа себеппен артатын болса, тиісінше шлам шығару да артады. Шламды қайта өңдеу қосымша шығындармен ұштасады. Сондықтан фосфорды айналдыру және пеш газдарын тазартудың технологиялық үрдісін жүргізу кезінде  $\leq 0,7$  г/нм<sup>3</sup> болатын электрсүзгіден кейін газдардың аз шаңдануын қамтамасыз ету үшін арнайы шаралар қабылдануы тиіс [60].

Фосфор - фосфор шламы - жүйе бойынша гетерогенді жүйе болып саналады. Балқытылған күйде онда (333-353 К) фазалық бөліну орын алады. Осы кезде шлам жеңіл болғандықтан жоғарыға көтеріліп, фосфордың үстіне тұрақтанады. Оның үстіңгі бөлігінде өнімнің ауамен байланысқа түспеуі үшін су қабаты орналасады. Фосфордың тұну үрдісі төмендегідей болып табылады. Шламның үлкенірек бөлшектері және агрегаттары конденсация кезінде ( $> 100$  мкм) өте тез бөлінеді. Содан кейін, өнімнің төменгі қабаттары мөлдірей бастайды, жоғары қарай жылжи бастаған мөлдір және күңгірт аймақтарының арасында шекара қалыптасады. Ал, одан әрі шлам қабаты бір-бірімен ешқандай байланысы жоқ, ішінара түзінділермен шамалы тығыздалады. Тәжірибелік деректер бойынша [61] тұндырудың орташа жылдамдығы 0,1м/с болды. Ерімейтін қалдық құрамы орташа 0,348-ден 0,008%-ға дейін төмендейді. Температураны 333-ден 353 К көбейту кезінде фаза шекарасы мен бастапқы мөлдіретудің түзілу үрдісі жылдамдатылады.

Фосфор шламы – бұл қиын бұзылатын, аса белсенді ластанумен тұрақтанған, айнымалы құрамдағы эмульсия [62]. Фосфор өндірісінде шламның көлемі шикізат сапасының нашарлауының салдарынан және технологиялық режимдердің жиі бұзылуынан орын алады және алынған фосфор көлемі 25-35% - ға жетеді. Фосфор шламдары шартты түрде бай және кедей деп екі түрге бөлінеді. Бай шламдар фосфорды тұндырған кезде – шикізат және фосфордың 40 - ден 80% түзіндісі және 20% - ға дейін ерімейтін қатты қалдықтар негізінде қалыптасады. Шламның осы типін ағынды сулардың тұнбасындағы шлам және 15- 35% фосфор мен 40% дейін ерімейтін қалдықтар құрайды. Кедей шламдарға бай шламдарды сүзгеннен кейінгі екінші тұнбасынан алынған 2,0% құрамында фосфоры бар әктасты шлам жатады. Бай шламның өзіндік құрылымына сәйкес екі түрі бар. Бай шлам кристалданған фосфор және қараңғы қосындылары бар екі фазадан

тұрады. Бұндай шламды 330-350 К кезінде ұстау фазаның бөлінуіне әкеледі: төменгі бөлігінде таза фосфор, жоғарыда шлам оның үстінде су жиналады.

Құрылымның екінші түрі - бұл өте ұсақ 20 мкм дейін шар тәріздес және құмға ұқсас пішінсіз түйіршіктер. Оларды әдетте ағынды сулардан алады. Жоғары құрамды фосфор шламын 320-340 К қыздыру температура интервалында квази сұйық күйге түсіп, онда төмен құрамды фосфорды қыздыру кезінде ерімей, тек жұмсарады. Фосфор шламының құрылымы мен механизмі туралы бірқатар мамандардың [63] зерттеулерінде берілген 90-95% шлам ұсақ дисперсті кремний оксиді және фосфор мен су көміртектің өзара әрекеттесуі кезінде түзіледі. Ал, 5-10% - дық аморфты  $\text{SiO}_2$  алу және кейіннен оның фосфор бетіндегі сіңіру арқылы кремний тетрафторидін гидролиздеу есебінен деп санайды.

Авторлар [64], шламның қалыптасуында негізгі рөлді электрсүзгіден өткен шаң мен әсіресе суға жібіту кезінде оңай декантацияға икемді келетін оның ұсақ дисперсті жүзгіні атқарады деп санайды. Осы ғылыми жұмыс барысында, шламды қалыптастыру үрдісінде фосфордың алдыңғы конденсация сатысындағы газ фазасында минералды бөлшектермен фосфордың жабысқақтық қызметінің өзара әрекеттесуін сипаттайды. Пеш газдары электрсүзгіден 570 К температурада, фосфор конденсациясы 330 К температурада шығарылады. Сонымен қатар, фосфордың пеш газындағы шық нүктесі 450-400 К болады. Бұл конденсациялау мүмкіндігін көрсетеді, яғни фосфор бөлігі «майдаланған» тамшы түрінде сұйық күйде [65] болуы мүмкін. Фосфор тамшылары олардың біріктіруін болдырмайтын шаңды сіңіреді. Нәтижесінде конденсация үрдісі кезінде қиын бөлінетін фосфор-шаң-су қоспасы бар шлам пайда болады.

Шламның қалыптасуының негізгі себебін құрайтын екі фазалы жүйе: су ( $\epsilon = 3,8$ ) полярлық  $\epsilon$ -нің жоғары айырмасы болып табылады. Фазаны бөлу бетінде  $\epsilon$ -нің аралық мәні бар заттар адсорбцияланады, бұл фазалардың қарама-қарсылық түрлілігін өзінің қатысуымен теңестіріледі және неғұрлым қарама-қарсылық түрлі болса, соғұрлым фаза шекарасында сіңіру күшінің мәні жоғары болады. Фосфор шламының пайда болуы мен тұрақтануы фосфор шоғыры сатысында еркін энергиясы бар фосфор-судың фазаралық шекарасы қалыптасқан сәтте жүреді. Фосфордың шоғырланған тамшыларының өсімін эмульсия тұрақтандырғыштары қалыптастырған адсорбциялық қабаттары баяулатады. Фосфор тамшыларының бетінде адсорбцияланатын және оның лиофилизациясын туғызатын, эмульсияны тұрақтандырғыш ретінде электрсүзгіден алынбаған пеш газының қатты минералды қоспалары және фосфор фазасынан алынған органикалық заттары қарастырылады.

Зертханалық зерттеулер бойынша [66, 67], фосфорқұрамдас пеш газдарында органикалық қоспалардың болуы қара қоңырдан қара түске дейінгі шламданған фосфордың түзілуіне әкеледі. Шламдық құрылымдардың түзілу үрдісінде органикалық қосылыстар басты рөл атқаруы мүмкін, олардың саны фосфориттің сипатына, оның термиялық өңдеу дәрежесіне,

электродтық масса және кокстағы ұшпалы заттардың құрамына байланысты. Бұл жағдайда, фосфорқұрамдас пеш газдарымен бірге пештен келіп жатқан бу тәрізді органикалық заттар конденсация сатысында фосфор шламының түзілу кезінде беттік-белсенді заттар ретінде әрекет етеді. Конденсациядан бұрын газ жолында шаң бөлшектеріндегі фосфор сіңіру есебінен шламның түзілуі газ шығындарының салыстырмалы салқын бөліктерінде және электрсүзгіде тұнған шаңдағы шлам шөгінділерінде фосфор бар екендігін білдіреді. Шламның түзілуі кезінде  $\text{SiF}_4$  гидролиз үрдістері маңызды рөл атқарады [68].

Шламның жинақталған бөлшектері тор құрылымды болып келеді, олар еркін фосфор мен судың айнымалы санын құрайды. Ластанудың тізбекті және ішінара торлы құрамы фосфор-шикізатына және шламның тұнбаларына тән. Сондай-ақ, онда монолитті шламдармен қатар, су фазасында өлшеніп, әдетте ағынды судан алынатын, дөңгелек немесе басқа формадағы түзінділерден тұратын, белгілі бір мөлшердегі түйіршікті шламдар алынады. Түйіршікті шламдар ерімейтін қалдықтың (40~ 50%) көп мөлшерін құрайды және балқытылмайды. Олар конденсацияға дейін бір мезгілде фосфор конденсацияланатын және электрсүзгі арқылы газ өткеннен кейін, оның жұмсарған бетінде шаң тұратын жерде түзіледі [69]. Бұл ретте шаң біркелкі жайылмайды онда жергілікті топтасулар түзіледі. Яғни, одан түйіршікті шламның бөлшектері пайда болады. Бастапқыда бұл бөлшектер сұйық күйде болып, сулы ортада фосфордың балқу температурасы төмендеп, салқындатқаннан кейін сақталып қалатын сфералық пішінге ие болады. Фосфор өндірісінде фосфорқұрамдас қалдықтарды қайта өңдеуде ұсынылған әдісті негіздеу үшін, фосфор шламының түзілуінің келесі теорияларына толық тоқталу қажет.


Авторлар [70], фосфор негіздерін қарапайым сары фосфордың белгілі бір мөлшерін сіңіретін және дисперсті орта қарапайым сары фосфор болып табылатын гель типтес коллоидтық құрылымын түзетін кремнийдің ұсақ бөлшектерін және көміртегін құрайды деп санайды. Әдеби шолуларда көрсетілген фосфор шламының түзілу теориясының негізгі ерекшеліктері осы жұмыстың материалдарында келтіріледі. Конденсация сатысында фосфор шламының түзілуіне екі негізгі факторлар әсер етеді:

$\text{Pr} + \text{C}_{\text{ТВ}} \rightarrow$  фосфор шламы (ұсақ дисперсті көміртегі);

$\text{PR} + \text{SiO}_{2\text{ТВ}} \rightarrow$  фосфор шламы (ұсақ дисперсті кремний).

Бұл үрдістер тәжірибелік зертханалық синтезбен расталған [71]. Ұсақ дисперсті кремний пеште қосымша үрдістер кезінде айдалады, шамасы  $\text{SiO}_2$  түзілу сатысы кезінде жүреді және оның жоғары өнімділігі шлақтың жоғары модульді қышқылдығы кезінде байқалады.

Шлам әрқашан пеш газдарында аз мөлшерде болатын кремний фторын гидролиздеу нәтижесінде түзіледі:





Содан кейін, жіңішке беттік-белсенді кремний фосфорды сіндіреді:



(2) және (3) реакция арқылы шламның түзілуі кезінде бір мезгілде су кремний сияқты фосфор бөлшектерімен де сіңіріледі. Осы немесе басқа механизм арқылы алынған шлам мөлшері, шлақтың қышқылдық модульіне, пеш газдарында ұсақ дисперсті шаңның болуына және электр пешінде балқыту үрдісінде фосфориттен фтор, натрий, калий қосындыларын айналдыру дәрежесіне байланысты. Жуық есептеулерден көретініміздей, Қаратау кен орындарындағы кенді пайдалана отырып, аталған зауыттарда жұмыс жасауға жағдай жасау үшін, электр пештердің дұрыс жасауы және электросүзгілер тиімді жұмыс істеуі кезінде бірінші жол бойынша (шаң арқылы) 80-90% шлам және екінші жол бойынша ( $\text{SiF}_4$  арқылы) 10-15 % түзіледі [72].

Атап өткендей, түйіршікті шлам шаңның қатты еріген бөлшектерінде сіңіру нәтижесінде түзіледі, ол газдардың жоғары тозаңдануы кезінде шламның аса шығымдылығымен дәлелденеді. Бірақ мұндай құрылымдар бұрыс формада фосфордың шөгу үрдісінде пайда болады, онда өнімнің ең жоғарғы қабаттарында қалқымалы шламның бір мезгілде бөлшектер мен олардың жекелеген агрегаттары арасындағы тұтасудың жойылуымен жалғасатын ерімейтін қалдықпен байытылуы жүріп жатады. Түйіршіктер түрінде ~ 20-30 % шлам алынады.

Бастапқы құрылымдардың түзілуіне, әсіресе торлы сілтілі металдардың [73] балқыту кезінде, осы металдарды пирозоль есебінен алынған және фосфорды конденсациялау кезінде, ішінара сулы фазасына өтетін конденсацияланған фосфат ықпал етеді. Басқа полифосфаттар да суспензия тұрақтандырғыштар екені белгілі. Осы жағдайларда алынған фосфор шикізаты 0,14%-дық ерімейтін қалдықты құрайды және термиялық фосфор қышқылы өндіріс кезінде қосымша өңдеусіз пайдаланылуы мүмкін. Ағынды сулардан шламды бөлгеннен кейін, ол белгілі әдістердің бірі арқылы өңделуі мүмкін. Қажет болған жағдайда, фосфорды тұтынушыға жібергенде оны қосымша тұндырады. Сонымен бірге е.к. 0,05% өнім алынуы мүмкін, олар тиісті контейнерлерге (бөшкелер, цистерналар) құйылады [74].

Авторлар [75], қарапайым фосфор өндірісіндегі шламның түзілуін – қосымша үрдіс және ол фосфордың жоғалуына әкеп соқтыруымен қатар, тауарлық өнімнің сапасының төмендеуіне алып келеді деп есептейді. Шламдарды залалсыздандыру және қайта өңдеу үшін арнайы қондырғылар құрылысы мен қосымша күрделі және эксплуатациялық шығындарды қажет етеді. Статистикалық деректерді талдауда фосфорды өндірісте алу кезінде, шлам мөлшері тұрақты емес екенін көрсетеді. Бұл бірқатар себептерге байланысты болып келеді.

Арнайы зерттеулер [76] шлам құрылымында химиялық байланыстардың жоқтығын көрсетті. Шлам екі фазалы дисперсті жүйе болып табылады яғни,

жоғары фазааралық керілу ( $4,5/5,0 \cdot 10^{-2}$  Н/м) және лиофобтық жүйе. Фазаралық керіліс  $0,1-1 \text{ эрг} \cdot \text{см}^{-2}$  және фазаның өздігінен коллоидтық ерітіндісі бар лиофильдіден айырмашылығы эмульсия дисперсиясы оның қалыптасу мен тұрақтандыру шарттарымен емес, фазаның молекулалық табиғатымен анықталады.

Леофобты жүйелер тұрақсыз – олардың дисперстігі салыстырмалы түрде үлкен емес және тұрақтандыру шарттарымен анықталады. Жеткілікті жоғары дисперсті леофобтық жүйелерді дисперсия арқылы емес, конденсация яғни - дисперсті фазаны қалыптастыру арқылы алады, пайда болып жатқан бөлшектердің артуы сіңіру қабаттарымен тұрақтанған ұрық сатысы кезінде тежелген. Фазалардың бөліну шекарасында сіңіру кезінде механикалық-энергетикалық тосқауыл жасауға қабілетті эмульсия тұрақтандырғыштары, сипатты құрылымға ие: біріншіден, олардың молекуласы (масса) жеткілікті болып табылады; екіншіден, олар бір уақытта бөлімнің бетіне бағытталған полярсыз және полярлық топтарды құрайды [77]. Полярсыз (гидрофобты) топтар полярсыз фазада, полярлық (гидрофильді) суда ериді. Тұрақтандырғыштың сіңіруі кезінде фазаралық керілу төмендегенімен, елеулі рөл атқармайды және өте белсенді эмульгаторлар нашар беттік-белсенді болуы мүмкін.

Қорғаныс іс-қимыл тетігі бар қорғаныс тұрақтандыру қабаттарының бірнеше түрлері бар, бірақ олардың бәрі леофоб беттерінің лиофилизациясына алып келеді. Леофилизацией тұрақтандырғыштың леофоб топтардың шекара қабатында еріту есебінен жүзеге асырылса, ал леофобтық суға қосылады; ол өзінің құрылымы мен механикалық беріктігі бар, қорғаныс сіңірулік-сольваттық қабығын түзеді. Ол мұндай кедергінің болуы сыртқы шекарада беттік энергия шағын кезде ғана тұрақтандыру үшін жеткілікті болып табылатынын атап өткен жөн; егер құрылымдалған бірақ леофильді топтары жоқ тек леофобты қабаты болса, мысалы, күкірт бөлшектерімен түзілген, онда сыртқы беттік қабаттардың тұтасу есебінен қайталама флокуляциялау орын алады.

Фосфор тамшыларының бетін эмульсияда, фосфорды суда - фосфор шламында лиофилизациялау – шламның құрамы бойынша органикалық қосылыстардың және қатты минералды бөлшектермен жүзеге асырылады [78]. Эмульсия тұрақтандырғыштары ретінде, органикалық қосылыстар қатты минералды бөлшектерге қарағанда аса күшті әсерге ие. Тұрақтандыру қабаты жоғары тұтқыр немесе серпімді төзімді болмағандықтан оның үзілу кезінде оңай қалпына келу керек екенін есте ұстаған жөн. Сондықтан пластина - тұтқыр сіңірулік қабықшалар қатты дененің берік, бірақ нәзік қабықшаларымен салыстырғанда, неғұрлым тұрақты эмульсиялармен қамтамасыз етеді [79].

1.1 кестеде Қазфосфат ЖЖФЗ ЖШС шламдарының екі түрлі үлгілерінің (I және II) құрамы (% -бен) қарапайым фосфорды бөлгеннен кейінгі қалдықта органикалық  $C_{\text{орг}}$  және аморфты  $C_{\text{ам}}$  көміртегінің анықталғаны көрсетіледі.

Кесте 1.1 - Жаңа-Жамбыл фосфор зауыты шламының екі түрлі үлгісі

№	P <sub>4</sub>	қалдық	C <sub>орг</sub>	C <sub>ам</sub>
I	71,22	27,93	0,54	0,31
II	75,8 2	21,62	1,74	0,82

Шынында да, барлық «тұнбайтын» шламдар органикалық заттардың (5% астам) жоғары құрамымен сипатталады. Екінші жағынан, мысалы, фосфорды агломерациялық әдісімен алғашқы өңдеу сатысынан өткізіп, бастапқы шикізатты қайта өңдеу арқылы алатын Жаңа - Жамбыл фосфор зауыты оңай тұнатын шламдары, басқа шламдармен салыстырғанда органикалық заттардың төмен мөлшерін құрайды. Фосфориттер мен фосфор шламының органикалық заттарын зерттеулер оның негізін көміртегі атом саны 14-17 болатын, беттік-белсенді заттарға тән типтік гидрофобтар-алкилдары бар тармақталған көміртектен құрайтынын көрсетті.

Бұл судың емес, фосфор фазасындағы органикалық қосылыстардың көбірек ыдырау фактісімен расталады. Гидрофильді топтар қандай екені әлі анық емес. Жалпы алғанда фосфор өндірісі үрдісінде органикалық қосылыстардың әрекеті зерттелген және шихтада пеш газының бірдей деңгейде шаңдануы және шаңның тұрақты құрамы кезіндегі шлам мөлшерінің C<sub>орг</sub> құрамына тәуелділігі көрсетіледі. Шамасы жоғарыда аталған себептерден туындаған тұрақтандыру үрдісін жою үшін ең түбегейлі шара, шикізатты термиялық дайындау және су фазасында ерітілген зат шоғырының функциясы болып табылатын сіңіру санын барынша азайту қажет. Алайда, бұл ұйғарымды жоғары негіздеу үшін, сіңірулік өлшеумен сіңіру қабатындағы молекуланың алып жатқан ауданын, майдаланған фосфор мөлшерін салыстыру арқылы анықтауға болады [80-83]. Ол сондай-ақ күйдіру және түрлі құрамдағы шикізатты шоғырландыру және органикалық заттарды қайта бөлу мен өзгеруін зерттеу бойынша ізденістерді жүргізу қажет етіледі. Тұрақтандырғыштар сияқты, қатты минералды бөлшектер де әлдеқайда аз зерттелген. Қатты эмульгатордың әрекетінің тағы бір шарты оның сулы (полярлық) фазада суспензия түрінде және фосфордың полярсыз фазасы тамшыларының келуі бойынша бөлшектер оларға біріктіріліп, коалесценциядан қорғау қажет болып табылады.

Фосфордың газ тәрізіден сұйық күйге көшу кезінде, «күрғақ конденсаттық» деп аталатын кезде шламның болмауы, қатты заттардың лиофобтық топтары өздері тамшыны өсу кезінде ұстап қалу үшін әлсіз [84] болатынымен түсіндіріледі. Сонымен қатар, су фазасының қатысуынсыз эмульгатор, тамшылардың лиофилизациясы бар органикалық заттар есебінен фосфор қабатында қара түстес қабат түзілуі мүмкін, оған гидрофобтармен салыстырғанда аса қуатты қатты тұрақтандырғыштардың гидрофильді бөлігі тартылады; сыртқы бөлігінде қайталама флокуляция жүреді. Жібітудің шеткі бұрышын сандық шамамен анықтау, нақты шламның минералды бөлігі толығымен қатты эмульгаторға қойылатын талаптарды  $0 < \cos \theta < +1$

канағаттандыратынын [85, 86] көрсетеді. Оның дисперстігі жеткілікті жоғары деңгейде болады. Алайда, әлі күнге дейін шламның минералды бөлігінің гидрофильді және гидрофобты топтарын анықтау бойынша зерттеулер жоқ десек болады. Сонымен қатар, тұрақтандырғыштар ретінде қолданылатын минералды бөлшектердің шикізаттан миграция жолымен алыну жолы терең зерттеуді қажет етеді.

Соңғы жылдары, зерттеушілердің [87-89] ықпалымен фосфор конденсациясы кезінде шламды түзу тетігі туралы белгілі бір пікір тұжырымдалған. Өнеркәсіптік пеш агрегаттарын зерттеу кезінде алынған зертханалық тәжірибелер мен деректердің нәтижелері бойынша, түзілетін шламдар мөлшерімен конденсациялау жүйесіне түсетін органикалық заттар саны және фосфорқұрамдас газдағы шаңның қатынасы анықталған. Алайда, онда шлам эмульсиясының түзілу тетігі аса толық қарастырылмаған.

### **1.3 Фосфор шламының фосфордың суда тұрақтандырылған эмульсия ретіндегі сипаттамасы.**

Қазіргі заманғы тұжырымдамаларға сәйкес, фосфор шламы бұл фосфордың жоғары белсенді лақтаушы заттармен тұрақтандырылған, суда қиын бұзылатын эмульсия болып табылады. Фосфорқұрамдас шламнан сары фосфор өндіру әдістерін әзірлеу үшін, шламның эмульсия сияқты сипаттамалары қажет: Фосфор тамшыларының шламдағы дисперстігі, оларды тұндырған кезде шламның құрылымы мен қасиеттерінің өзгеруіне байланысты болады.

Фосфор шламдарының дисперстік сипаттамасы жұмыстарда келтірілген. Микроскоп астында шламдық эмульсияның әрбірі жеке қабықпен қоршалған немесе конгломераттарға біріктірілген [90] фосфордың түрлі мөлшердегі тамшылары ретінде көрінеді. Жүйені дисперсті талдау кезінде жаңадан түзілген шламдағы тамшылардың орташа диаметрі 40 мкм, ал максимум мөлшері 100 мкм құрайтыны анықталды. Көлемі бойынша фосфор тамшыларының санын қисық бөлу, ағынды суды бастапқы сәулелендіруден шламда фосфор тамшысының диаметрі 2,5-12,5 мкм, фосфор шикізатын тұндырғаннан кейін фосфор шламында 12,5-100,0 мкм құрайды. Тамшы көлемі 100 мкм көп болған шламдар тұрақсыз болады, онда тамшының коалесценциясы және шламда фосфордың бөліну үрдісі жүруі мүмкін. Фосфор конденсациясы кезінде түзілетін шламдағы фосфор тамшыларының көлемі, микроскопиялық зерттеулер негізінде анықталғандай 20-дан 100 мкм – ға дейін, ал түйіршікті шламдағы фосфор тамшыларының орташа көлемі 39,3 мкм болады. Шламның бұл түрін авторлар [91] коагуляция түрдің судағы фосфор тамшылары бетінің минералды бөлшектерін брондау арқылы тұрақтандырылған фосфордың шоғырланған эмульсиясына жатқызуды ұсынады. Шламда диаметрі 100 мкм болатын фосфор тамшысы мүлде жоқ. Бұл көлем эмульсияның агрегаттық тұрақтылығының шегі болып табылады, себебі беткі қабатын ұстап тұратын сыналаушы қысымның теріс күштері негізінен Ван-Дер-Вальстік [92, 93] күштермен қалыптасады. Жоғарыда

көрсетілгендей және қазіргі заманғы тұжырымдамаларға сәйкес, фосфор шламы ұсақ дисперсті қатты бөлшектермен тұрақтандырылған судағы фосфор эмульсиясы болып табылады.

Зерттеулер негізінде авторлар [94-96] фосфор шламының агрегаттық тұрақтылығын сулы ортаның рН мен құрамына байланысты қатты заттар және фосфордың электркинетикалық потенциалдарының электрбеттік қасиеттерімен байланыстырады. Дерягин, Ландау, Форвейл, Овербек теорияларына [97-100] сәйкес коагуляция үрдісі тартылудың Ван-Дер-Вальстық күшінің және бөлшектердің арасындағы электрстатистикалық тебілістің біріккен әрекетінің нәтижесі деп қарастырылады.

Ребиндер бойынша [101, 102], фосфор-су жүйесі фазалардың арасындағы әлсіз молекулалық өзара әрекеттесетін типтік лиофобтық жүйе болып табылады. Дисперстелген тамшының фосфор суында болмауы сумен тығыздығы әртүрлі болуына байланысты өзара араласып, түбіне түседі. Леофобтық жүйелер өздері тұрақсыз болып келеді, олардың дисперстігі салыстырмалы түрде көп емес және тұрақтандырудың қатаң шарттарымен анықталады. Жұмыста шламдардың оларды тұндыру кезіндегі құрылымы мен қасиеттеріндегі өзгерістері зерттелді. Конденсация ваннасынан, фосфор сақтау орнынан алынған шлам тұндыру үрдісінде суда фазаларды бөлу шекарасындағы құрылымдық-механикалық кедергісі бар фосфордың шоғырлы эмульсиясы қасиеттеріне ие болатындығы көрсетілді.

Авторлардың ойынша [103], құрылымдық-механикалық кедергісі аз еритін фосфат қосылыстарының сіңіруі және жер фосфор тамшылардың бетін брондау нәтижесінде қалыптасады. Зерттеушілер фосфордың гидратталған оксиді және моногидраттың монокальций фосфорын, белсенді қосылыстарын фосфордың сіңіруші деп, ал фазааралық қабаттарда фосфорға аз химиялық ұқсастығы бар және фосфор оксидтері мен моногидраттың монокальций фосфорын, өзара әрекеттесу арқылы тамшыларды брондауға қатысатын қоспаларды бөлуші деп санайды. Алайда, фосфордың кез-келген оксидтері моногидраттың монокальций фосфоры сияқты гидратталады, ал фосфор шламының тұндыру кезінде тұрақтануы керісінше тез өседі. Фосфор шикізаты тұндырумен сәйкес тамшылардың коалесценция үрдісімен және фосфор қабатынан минералды бөлшектерді ығыстыру арқылы жалғасады. Шламда түзілген құрылымдық-механикалық кедергісінің беріктігі фосфор қатынасына байланысты болады. Мұнда минералды қоспалар қатты тұрақтандырғыштың өсімімен артса, фазаралық қабаттардың қалыңдығы 1,8-ден 8,2-ге мкм дейін артады [104].

Зерттеулер [105] нәтижесінде фосфор шламдарын тұндыру үрдісінде фосфор эмульсияның үлесті бетінің қысқаруы фаза қалыңдығының өсуіне және фосфор тамшыларының бетін қатты қосындылармен брондауға септігін тигізеді. Ол тұрақтандырудың өсуіне алып келеді. Шламның электрбеттерімен және минералды бөлігінің сіңіру қасиеттерімен фосфор шламдарының қабат - қабат болуының өзара тиімділігін авторлар [106-108] зерттеген. Олар қатпарланбайтын шламдар, шламның минералды бөлігінің су

фазасы және сіңіру потенциалдың жоғары (+300 мВ) мәні бар бөлшектердің алғашқы байланысқа түскен сәтінде электркинетикалық потенциалдың теріс мәндерімен сипатталатыны анықталған. Алайда, фосфордың шламдық эмульсиясын тұрақтандырудың басқа факторларын да жоққа шығармайды, себебі жұмыста шламның минералды бөлшектерінің қатты бөлшектерінің электр беттік қасиеттерін зерттеу фосфордан бөлек өткізілді. Фосфор шламдарына қатысты қатты бөлшектердің тұрақтандыру әсерін бірқатар зерттеушілер [109] зерттеген.

Осы ғылыми жұмыста, шламның минералды бөлігі қатты эмульгаторларға қойылатын талаптарды толығымен қанағаттандыратыны көрсетілген. Шламның құрамын зерттей келе, оның үш компонентін ерекшелеп көрсетеді: фосфор, минералды бөлігі және су. Шламды талдаудың статистикалық өңдеу нәтижесінде ол коагуляциялық типтегі шоғырлы эмульсия боп, ал минералды қоспалар фосфор тамшыларының бетінде сіңірілген және сулы ортада бөлінген фазалар болып табылады. Шламның минералды бөлшегінің кең ауытқы шегі бар ауқымды құрамы келтірілген:  $\text{SiO}_2$  15-тен 57%-ға дейін ауытқуы;  $\text{P}_2\text{O}_5$  12-ден 55%-ға дейін; сілтілер 1,5-тен 9,0%-ға дейін;  $\text{CaO}$  – 0-ден 17%-ға дейін; микроэлементтер құрамы көп ауытқуға ұшыраған [110]. Минералды бөлшектердің негізгі құрамын кальций, алюминий, калий және магний силикаттары мен фосфаттары құрайды. Эмульсия тұрақтандырғыштар ретінде бетте сіңіруге қабілетті органикалық заттарды қарастырады: тамшылар оның лиофилизациясы мен қатты минералды бөлшектер болып саналады. Сонымен бірге, органикалық заттар неғұрлым берік, бірақ қатты бөлшектердің сынғыш қабықтарымен салыстырғанда көбірек берік пластик-тұтқыр сіңірулік қабықтар түзеді [111].

Зерттеулерде шламдық қабаттағы органикалық заттардың салыстырмалы жоғары құрамалары анықталған. Фосфордағы органикалық заттардың массалық құрамы 0,3-0,4% -ды құрады, ал шлам қабаты 20% -ға жетті. Арнайы зерттеулер фосфордың органикалық қоспалары фазааралық керілісті төмендететін беттік-белсенді қасиеттерге ие екенін көрсетті [112]. Фосфорит және фосфор шламының органикалық заттарының құрамы мен қасиеттерін зерттеу оның негізін көміртегі атом саны 15-17% болатын тізбекті көмірсутектер құрайды, яғни беттік-белсенді заттарға тән типтік гидрофобты алкилдер, фосфор фазасында органикалық заттардың басымырақ еру фактісімен дәлелденеді [113].

Осы жұмыста, фосфор шламдарын тұрақтандыру тетігі түсіндіріледі. Онда фосфор тамшысының лиофобты бетін лиофобилизация шекаралық қабатта тұрақтандырғыштың лиофобты топтарын бекіту есебінен (ұсақ дисперсті қатты бөлшектер) жүзеге асырылады, ал лиофильді топтар құрылымы мен механикалық беріктікке ие, қорғаныш сіңіру-сольваттық қабат түзе отырып, суға тартылады. Пеш газының органикалық түзінділерінің шлам эмульсиясына ПАВ тұрақтандыру әрекетінің механизмі келесі жолмен көрсетілген. Органикалық заттар қатты эмульгатор бөлшектерінде беттік сіңіруінің өзгертілуі жүзеге асырылып, кейін оны

гидрофобизациялайды, ал қатты заттар тор беттік иондарымен ПАВ-тың қайтымсыз әсері эмульсияның аса берік тұрақтандыру эффектісін туындатады [114-116].

Жұмыс барысында фосфор органикалық қоспаларда фазааралық керілісті төмендетіп және сіңіру жұмысын дамыта отырып, фосфор-су бөлу шекарасында сіңірілетіні көрсетілген. Фосфор конденсациясының өнімдері органикалық құрамының ПАВ шламдардағы фосфордың дисперсиясы және олардың тұрақтылығын арттыру үшін жауапты болуы мүмкін. Конденсациялық судың тұз құрамының шлам эмульсиясын қалыптастыруы және тұрақтандыруға әсері әдеби зерттеулер барысында анықталған, онда электрондар іс-жүзінде фосфор шламының тұрақтылығына әсер етпейді деп көрсетілген. Алайда, минералды қоспаларда дисперстік ортаның болуы және электрондар құрамының ұлғаюы, фосфор конденсацияда кезінде судағы фазааралық керіліс шамасының құлауында байқалады. Ал, конденсациялық ерітіндіде фазааралық шекарада минералды бөлшектерді бекітудің максималды күші дистилденген сумен салыстырғанда 1,5 есеге артады [117-120]. Фосфорды сулы ортада қатты бөлшектермен жібітудің шеткі бұрышын өлшеу нәтижесі бойынша фосфордың және қатты минералды бөлшектердің шламда фазааралық өзара әрекеттесуі елеулі емес және ол сулы ортаның рН тәуелді екенін көрсетеді. Қышқыл ортада (рН = 3,1) фосфорда қатты заттардың дисперстігі мен әрекеттесуі су ерітіндісімен өзара әрекетін арттырады және қатты бөлшектер фосфорда тұнады. Бірақ онда қиын бөлінетін жүйе құралады. Бейтарап ортада қатты бөлшектерді су шайып жібереді.

Зерттеулер бойынша [121] шламдардың ыдырау беріктігін фосфор және кішкентай минералды және көміртекті бөлшектердің арасындағы бірігу күшінің сіңірілуі есебінен агрегат түзіндісімен, бастапқы құрылымдардың қалыптасуына сілтілік металлдың конденсатталған фосфаттар ықпал ететін, шөгудің үрдісінде берік кеңістікті торлы жақтау бөлшектерінен қалыптасқан түзінділермен байланыстырады [122]. Осылайша, фосфор шламдарының суда фосфор эмульсиясы ретінде тұрақтандыру механизмі аз зерттелген, ал тұрақтандыру механизмі туралы түсінік қарама-қайшы болып отыр. Фосфорқұрамдас шламын өңдеу әдісі туралы әдебиеттердегі мәліметтер талдау нәтижесіне қарағанда тауарлық сары фосфор өндірісінің барлық технологиялық талаптарына сәйкес келетін әмбебап әдістің жоқ екенін байқауға болады.

#### **1.4 Фосфор өндірісінің техногенді қалдықтарының қоршаған ортаға әсері мен экологиялық жағдаятын бағалау**

Қарқынды техногенді әсер етудің нәтижесінде Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облысы аумақтарында орналасқан фосфор өндірушілері мекемелердің ауданында қазіргі таңда экологиялық ахуал нашар күйде екені белгілі. Экологиялық мәселелердің ішінде аса маңыздысына табиғи ресурстардың ластануы болып табылады.

Фосфор өндірісі мекемелерінің дамуы газдан бөлінетін зиянды қалдықтардың артуына әкеп соқтырса, бұл өз кезегінде аймақтардағы ауаның ластануы мен экологиялық жағдаяттың нашарлауына себеп болды [123]. Шымкент және Тараз қалаларында ауа қабаттарының ластанулары (шлам жинағыш аймағында) фосфор өндірісінің зиянды қалдықтары тұратын барлық бақыланушы қоспалардың гигиеналық қалыбынан асып кеткен. Қазақстан Республикасының оңтүстігіндегі фосфор өндірісінің зиянды қалдықтардың кері әсері, сол аймақта мекен етуші халықтың денсаулықтарына кері әсер етуде. Төмендегі суреттерде фосфор өндіретін Қазфосфат және Қайнар ЖШС жинақталған шламдардың қор орындары көрсетілген.



Сурет 1.1 - Қазфосфаттың қоржинағышындағы шламдар



Сурет 1.2 - Қайнар ЖШС жинақталған шламдардың қор орындары



Зиянды заттардың ішінде аса кері әсерге ие фторидтер мен фосфиндердің қоршаған ортаға әсері алаңдатуда. Қазіргі таңда ауа бассейнін қорғау бойынша іс-шаралар тиімсіз және ол фосфор өндірістері орналасқан аймақтардағы атмосфералық ауаның нормативті тазалығын қамтамасыз етпейді. Авторлардың [124, 125] мәліметі бойынша минералды тыңайтқыштар өндірістерінің шоғырланған аймақтарында қоршаған ортаның тозуы байқалады, мұндай жағдай Қазақстанның оңтүстігінде жиі кездеседі. Аталмыш аймақтарда қалыптасқан экологиялық жағдайлар өте нашар сипатқа ие. Фосфор өндірісі саласының мекемелері Жамбыл облысындағы экологиялық мәселелердің негізі болып табылады.

Қазіргі таңда аталмыш мекемеде қолданысқа енгізілген сары фосфор, минералды тыңайтқыштар, фосфор қышқылы, натрий триполифосфаты, фторсыз фосфаттар, синтетикалық жуғыш заттар және басқа да бейорганикалық заттар өндіріледі. Қоршаған орта атмосферасына осы өндіріс орындарынан фосфор, күкірт, фтор, бейорганикалық типтегі шаң-тозаңдар түседі. Тараз қаласының атмосферасына түсетін негізгі зиянды заттар мен қосылыстардың жалпы зиянды қалдықтардың соңғы жылғы статистикасының мәліметі 1.2 - кестеде көрсетілген. Тараз қаласындағы фосфор өндірісі мекемелерінен бөлінуші ангидридтер, фторлы қосылыстар, фосфорлы сутек және аммиакпен атмосферасын ластауда. Сонымен қатар, Тараз қаласындағы жалпы зиянды қалдықтардың 70% құрайтын – бейорганикалық сипаттағы шаң-тозаңдардың да үлесі едәуір көп.

Кесте 1.2 - атмосфераға түсетін жалпы зиянды заттар мен қосылыстардың үлесі

Ластаушы заттар	Мекемелер бойынша жалпы зиянды қалдықтар үлесі	
	«Қайнар» ЖШС	«Қазфосфат» ЖШС
Фосфорлы ангидрид	–	52,5
Фосфорлы сутек	–	68,7
Фторлы қосылыстар	31,2	21,4
Күкірт ангидридi	4,3	5,6
Бейорганикалық сипаттағы шаң-тозаңдар	5,2	39,3
Аммиак	72,4	4,2

Фосфор өндірісі мекемелерінің атмосфераны ластаушы зиянды заттардың түрлерін анықтау барысында, фторлы қосылыстардың зиянды қалдықтары – 1355 мың т/жыл, фосфорлы сутек – 769,8 мың т/жыл, фосфорлы ангидрид – 426,5 мың т/жыл, бейорганикалық сипаттағы шаң-тозаңдар – 752,7 мың т/жыл [126] екендігін көрсетті.

Ауа бассейнінің зиянды заттармен ластану мәселесіне байланысты негізгі кері әсер салдарының біріне атмосфералық ластанулардың адам денсаулығы зияндығын жатқызуға болады. Шетелдік патология институты көп жылдардан бері жүргізілген зерттеулерге сай, фосфорлы өндірістер цехы аймағындағы ауа ортасындағы зиянды заттардың шоғырының жоғары мөлшерде болуы, кәсіби аурулардың да соңғы жылдары көбейгендігін көрсетеді. Оның аса бір жоғары деңгейлері пеш цехтарында байқалады, себебі аталмыш цех жұмысшылары фосфор, фторлы сутек, фосфорлы ангидрид, фосфин газдарына қаныққан ауаны жұту арқылы қатерлі ауруларға жиі ұшырайды. Көпшілік жүргізілген зерттеулерге қарамастан, ортаның ластану деңгейі мен халық денсаулығының жай-күйі арасындағы сандық арақатынас әлі анықталмаған, алайда ол туралы мәліметтер баршылық деңгейде. Атмосфералық ластанулардың өсімдіктерге әсері жасыл егіндердің өнімділігі мен ауылшаруашылығы дақылдарының жемісті аз салуымен білдіріледі. Оның ішінде, өсімдіктерде фтордың жиналуы зиянды эффектке ие болады. Мекемелерге жақын маңдағы ауаның фтормен ластануына сезімтал өсімдіктердің жапырақтарындағы некрозда хлорофил деңгейінің төмендігі және керісінше фтор мөлшерінің едәуір артқандығын көрсетеді. Химиялық талдау нәтижелері көрсеткендей, өсімдіктердің әрбір мүшесінде фтордың дифференциалды жинақталуы байқалады. Сонымен бірге, ол нәтижелер фтор шоғырының ең алдымен жасыл мүшелерде көп жинақталатындығын да көрсетеді. Бұл өз кезегінде өсімдік тағамдарымен адам және жануар ағзасына келіп түсетін фтордың мөлшері туралы аса маңызға ие [127]. Ауаны фосфорқұрамдас заттармен ластанушы негізгі көздері фосфор өндірісінің цехтары болып табылады.

Сондықтан, мекемелер мен аймақтардағы экологиялық жағдаятты жақсарту үшін атмосфераға түсетін зиянды қалдықтардың мөлшерін сатылай және кешенді түрде азайтатын іс-шараларды жүзеге асыру қажет. Олар шикізаттың және екіншілей қуат ресурстарын кешенді түрде қолдануға негізделуі қажет. Бөлінуші технологиялық газдардың кешенді және толықтай тазартуын қамтамасыз ететін технологияларды қолдану қажет. Дегенмен, соңғы жылдары сары фосфор және оның негізіндегі өнімдерді өндірудің көлемі айтарлықтай төмендегені рас, аталмыш саладағы жұмыстар дамудың барлық деңгейлерінде өндіріс қуаттарын қолданудың төмен деңгейімен сипатталады, бірақ Қазақстанның оңтүстігіндегі қоршаған орта мен экологиялық жағдайды жақсарту мәселесі бүгінге дейін өзекті болып отыр.

### **1 бөлім бойынша қорытындылар**

Ғылыми-техникалық әдебиеттегі деректердің жиынтығы келесі қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

- әдеби деректерді талдауда «кедей» фосфорқұрамдас шламдарды өндіріске тарту бойынша тәжірибелік деректердің іс-жүзінде жоқ екенін көрсетті.

- фосфор өндірісі кезінде түзілетін техногенді қалдықтарды кешенді пайдалану технологиясы жеткіліксіз әзірленген.

- тәжірибелік деректердің көптігіне қарамастан, бүгінгі күнге дейін фосфор өндірісінде өндірілетін фосфор шламдарын қайта өңделуі айқын біржақты ғылыми көзқарасты қалыптастырмаған.

- отандық зауыттардағы фосфор өндірісінің шламдарын тазартудың белгілі тәсілдері, әмбебап емес, көп мөлшерде капитал инвестицияларын салумен сипатталады және іске асыру үшін барысында болашағы жоқтығын көрсетеді.

- шетелде және біздің елімізде техногенді қалдықтарды кәдеге жарату, фосфор өндірісінің фосфор шламын тазалау бойынша жинақталған тәжірибесін талдау, оның келешегіне ғана емес, сондай-ақ оны жетілдіру қажеттілігіне және кейбір жағдайларда техногендік қалдықтарды пайдаланудың жаңа жолдарын жасау керектігін дәлелдейді. Фосфордың техногендік қалдықтарын өндірудің келешегі бар бағыттарының бірі фосфор шламдарынан фосфорды бөліп алуға, шламнан минералды тыңайтқыш алу үшін және қоспаларды тазартқаннан кейін технологиялық газдарды отын ретінде пайдалануға мүмкіндік беретін кешенді технологияны пайдалану болып табылады.

- фосфор шламын суда жоғары белсенді ластаулармен тұрақтандырылған фосфор эмульсиясы ретінде қарастырғанда, шламдарды оның құрылымын бұзуда сұйық фазалық әдіспен өңдеу саласындағы бағытты атап өтуге болады. Сондықтан шламнан жоғары сапалы фосфор алудың жаңа әдістерін табуға бағытталған, жоғары дамыған беті бар, қатты, кеуекті сорбенттер, соның ішінде алюмосиликаттар негізіндегі табиғи сорбенттерді зерттеулерге үлкен қызығушылық тудыруда.

## 2 ЗЕРТТЕУ НЫСАНДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

### 2.1 Зерттеу нысаны

Ғылыми жұмыс барысында зерттеу нысанына ретінде «Қайнар» ЖШС және «Қазфосфат» Жаңа-Жамбыл фосфор зауыты ЖШС өндіріс орындарындағы фосфор шламдары мен жергілікті Дарбаза кен орнының бентонитті саздары, Құлантау вермикулиті және Ленгірдің қиын балқитын саз балшықтары қолданылды.

**Фосфор шламы** – ауыспалы құрамға ие тұрақты, жоғары белсенді және күрделі бұзылушы ластанған эмульсия.

**Бентонит сазы** — құрамында монтмориллонит  $Al_2O_3 \cdot 4(SiO_2) \cdot H_2O$  тобы болатын жоғары дисперсті балшықты жыныстар.

**Вермикулит** – (лат. – шылаушын) араласқабатты - ылғалдылығы жоғары силикаттар класының гидрослюдалар тобындағы минералды шикізат.

**Ленгірдің қиын балқитын саз - балшығы** - сұр, тығыздалған саздар, каолинит-гидрослюдті, қуаты 5 - 20 см көмір қабаттарынан тұратын, кварц және хлор қоспасы бар саздар.

### 2.2 Зерттеу әдістері

#### 2.2.1 Талдаудың физика-химиялық аспаптық әдістері.

Электронды микроскопиялық талдау. Микроқұрылымдық және элементті-салмақтық зерттеулер РЭМ (JSM6490 LV маркалы JEOI растрлы электронды микроскопы) заманауи құрылғысында жүргізілді [128, 129]. STRVERS (Дания) үлгісі дайындау жүйесі, сондай-ақ MIRA LM сериясындағы Schottky катодты сканерден өткізілген электрондық микроскопта 4-тен 1000 000 есеге дейін артуымен 5-тен 300 000-ға дейін ұлғайтылады. Төмендегі 2.1 - суретте электронды микроскоптар көрсетілген

а)



б)



а - JSM-6490LV электрондық сканерлеу микроскопы; б - MIRA LM сериясындағы Schottky катодты электронды микроскопты сканерден өткізгіш

Сурет 2.1 - Электронды микроскоптар

Фосфор шламы және алюмосиликатты минералдардың ИК - спектралды талдауы 2.2 суреттегі Pike Technologies фирмасының Miracle толық ішкі бейнесі бұзылған приставкалы Shimadzu IR Prestige - 21 ИК - Фурье спектрометрінде іске асырылды.



Сурет 2.2 - SPECORD 75 IR спектрофотометрі

Рентген - фазалық талдау 2.3 суретте көрсетілген ДРОН-3 қондырғысында, рентгеннограммалық түсіндірмелер ASTM картотекасы

және Михеевтың рентгенограммалық анықтау жүйесі бойынша жүргізілді [130].



Сурет 2.3 – ДРОН - 3 қондырғысы

Химиялық трансформациядан туындайтын термиялық әсерлер көбінесе зат массасының өзгеруімен жүретіндіктен, шыңдардың пішінін қыздыру жылдамдығы мен пайдаланылатын материалдың [131] мөлшерімен анықталады. Зерттеулер 2.4 суреттегі МЭМ дериватографы бойынша анықталды.



Сурет 2.4 – МЭМ фирмасының дериватографы

Жұмыста физика - химиялық талдауларды жүргізудің заманауи әдістері қолданылды [132]. Тәжірибе нәтижелерінің сенімділігі жалпылама

мойындалған зерттеу әдістерімен қамтамасыз етілді. Ғылыми зерттеулерді жүргізу барысында қазіргі заман талабындағы техника мен технологияның талаптарына жауап беретін тәжірибелік қондырғылардың жиынтығы қолданылды.


### **2.3 Фосфор шламының құрамын және құрылымын талдау.**

Сары фосфор өндіру үрдісінде тазалығы түрлі деңгейдегі өнімдер пайда болады. Негізгі өнім техникалық сары фосфор болып табылады. Ол МЕСТ 8986-59 сәйкес келіп, негізгі заттың кем дегенде 99,7% құрауы қажет. Фосфор өндіретін кәсіпорындарда осы аталған өнімді «шикізат», ал ластанған өнімді «фосфор шламы» деп атайды. Фосфор шламының құрамындағы фосфордың көлеміне байланысты, олар шартты түрде «бай» және «кедей» деп екіге бөлінеді. Құрамында 30% - ға дейін фосфоры бар шлам «бай» шлам деп аталады. Онда таза фосфорға қарағанда, фосфор шламның тығыздығы  $1200 \text{ кг/м}^3$  құрайды. Сары фосфорды өндіруге алынған шикізаттарды 333-353 К температурада қыздырған кезде фазалардың бөлінісі пайда болады. Өндірілген таза фосфордың тығыздығы  $1720 \text{ кг/м}^3$  болғандықтан, ол төменгі бөлігінде қалады да, ал шлам жеңілдірек болғандықтан жоғарыға [133-135] шығады. Шлам құрамында су кірмелердің болуына байланысты төмен тығыздыққа ие. Сары фосфорды өндіру кезінде шар тәрізді, көлемі 20 мкм болатын, құмға ұқсас пішінсіз әр түрлі түйіршіктер пайда болады, оларды «түйіршік» деп атайды. Мұндай шламдар әдетте ағынды суларда немесе суларды жылыту кезінде түзіледі. Мұндай шламдардағы су фазасының құрамы 50%-ға жетеді. «Бай» шламдарды балқыту температурасы 323-343 К құрайды, ал «нашар» шламдар қыздырған кезде тек жұмсарады. Бай шламдардың тұтқырлығы 321 К кезінде  $1,64 \cdot 10^{-3} \text{ (н} \cdot \text{сек)/м}^2$ , 333 К кезінде  $1,45 \cdot 10^{-3}$ , 353 К кезінде  $1,21 \cdot 10^{-3}$  тең болғандықтан фосфор тұтқырлығына жақын болып табылады. Нашар шламдар тек сумен қоспада ғана құбырлар арқылы айдалады. Шлам тығыздығы бөлме температурасы кезінде (1,45-1,75)  $10^{-3} \text{ кг/м}^3$  өзгеріп отырады [136]. Араласқан  $\text{HNO}_3$  немесе  $\text{K}_2\text{Cr}_2\text{O}_7 + \text{H}_2\text{O}$  әсер еткенде шламнан таза сары фосфор және ерімейтін қалдық бөлініп шығады да, ондағы фосфордың бір бөлігі  $\text{H}_3\text{PO}_4$  дейін тотығады.  $\text{CS}_2$  немесе  $\text{C}_6\text{H}_6$  әрекет барысында шламнан фосфор ерітінділері, көміртекті заттар және минералды шаңы бар қалдықтар түзіледі. Ерімейтін қалдық негізінен кремнеземді қамтиды. Қыздыру кезінде шығын негізінен көміртек болып табылады. Дамыған меншікті беткі қабаты бар  $\text{SiO}_2$  және көміртектің ұсақ дисперсті бөлшектері белсенді адсорбенттер ретінде белгілі. Фосфор шламдары коллоидтық жүйені (гель) құрайды, ол тұтасудың сіңіру күштері арқылы агрегаттарға (мицеллалар) фосформен берік байланысқан ұсақ минералды және көміртекті бөлшектерден тұрады [137]. Зерттеу жұмысына алынған «Қайнар» ЖШС және «Қазфосфат» (Жаңа-Жамбыл фосфор зауыты) ЖШС шламдарының химиялық құрамы 2.1 кестеде көрсетілген.

Кесте 2.1 - Фосфор шламдарының химиялық құрамы, %

«Қайнар» ЖШС фосфор шламы									
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
P <sub>2</sub> O <sub>5</sub>	CaO	MgO	SiO <sub>2</sub>	Al <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	F	Na <sub>2</sub> O,-K <sub>2</sub> O	Fe <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	C <sub>жал.</sub>	ПП.П.,%
16,32	13,93	3,76	42,75	2,78	9,02	5,21	1,5	-	4,8
«Қазфосфат» ЖЖФЗ ЖШС фосфор шламы									
18,5	16,24	3,92	16,13	3,35	4,19	2,72	2,25	29,3	3,35

2.5 суретте «Қайнар» ЖШС және «Қазфосфат» Жаңа-Жамбыл фосфор зауыты ЖШС өндіріс орындарындағы фосфор шламдарының рентгенограммалары келтірілген.




Сурет 2.5 - «Қайнар» ЖШС және «Қазфосфат» ЖШС фосфор шламдарының рентгенограммалары.


Фосфор шламдарының қылшық фракциясының рентгенфазалық талдаулары кальций гидросиликатына тән  $d = 2,67; 2,405; 1,73\text{Å}$  бар, қарқындылығы жоғары дифракциялық сызықтарды көрсетеді. Ал, кальций карбонаттарына тән дифракция сызықтарының басымдығы  $d = 3,04; 2,28; 1,735\text{Å}$  көрсетеді. Диаметрі кемінде 3 мм болатын фосфор шламының жұқа фракциясының рентгендік дифракциясының үлгілерін де қарқынды кальцит шыңдары  $d = 3,04; 2,28; 1,735\text{Å}$  ( $\text{CaCO}_3$  дифракциялық сызықтары, кварцтың  $d = 3,34; 2,28; 1,81\text{Å}$ .) көрсетеді.  $\alpha\text{-Fe}_2\text{O}_3$  оксидінің қосылыстары  $d = 2,69; 2,51; 1,69\text{Å}$  және темір шыңдарының гидроксидтік қосылыстары  $d = 4,60; 2,82; 2,40\text{Å}$  тең. Алюминий қосылыстарында  $d = 7,14; 3,57; 2,48; 2,33; 6,2;$



1,85Å бастап каолинит пен бехиттың дифракциялық сызықтарымен сипатталады. 5-7 мм-ден астам үлкен фракциялы фосфор шламының рентгенфазалық талдаулары дифракциясының қарқынды кристаллит сызықтарының үлгілері  $d = 2,48; 2,84; 2,28\text{Å}$  дейін және  $\beta$ -кварцта  $d = 3,02; 3,35; 3,88\text{Å}$  көрсетеді. 2.6-2.7 суреттерде «Қайнар» ЖШС және «Қазфосфат» Жаңа-Жамбыл фосфор зауыты ЖШС өндіріс орындарындағы фосфор шламдарының микроқұрылымдары келтірілген.



Сурет 2.6 – «Қайнар» ЖШС фосфор шламының микроқұрылымы




Сурет 2.7 – «Қазфосфат» (ЖЖФЗ) ЖШС фосфор шламының микроқұрылымы

2.6 суретте «Қайнар» ЖШС фосфор шламының микроқұрылымы және элементтік құрамы көрсетілген. Талданған бөлік кристалл мөлшері 60-80 мкм ірі сынық алтыбұрышты минералдар  $2\text{CaO}\cdot\text{SiO}_2$  және көлемі 20 - 40 мкм ашық сопақ минералдар тән  $\text{CaO}\cdot\text{Al}_2\text{O}_3$  анық көрсетеді. Зерттеліп отырған шламдық үлгіде кальций фосфатының гидратты қосылыстарының болуы минералдардың пленкалы және құрастырылмаған құрылымымен сипатталады. Үлгінің микроқұрылымының жалпы салмағында кальций силикаттар мен алюминаты 60-65% құрайды. Кальций, кальций ферриті және диопсидтің шамалы құрамы 10-13% -дан аспайды. Кальций фосфаты және фторидінің массалық құрамы 16-22% құрайды.


Берілген мәліметтерден көргеніміздей, талданатын үлгілердің жалпы микроқұрылымы  $2\text{CaO}\cdot\text{SiO}_2$  сынықты алтыбұрышты кристалдардың бұрыс пішіні және  $\text{CaO}\cdot\text{SiO}_2$  воллостаниттің дөңгелекті ұсақ түйіршіктер түрінде кальцийдің ірі минералдар силикаттардың қосындыларымен сипатталады.

2.7 суретте «Қазфосфат» ЖШС (ЖЖФЗ) фосфор шламдарының талданатын үлгісінің микроқұрылымы бетте элементтік құрамға және 1 спектр шкаласы бойынша дифракциялық максимумға сәйкес келеді.  $\text{CaO}\cdot\text{Al}_2\text{O}_3$  минералдарының [138] сопақша пішіндері, калий алюмосиликатты қосылыстар байқалады, олар түйіршіктер 6-10 мкм көлемді кестелік құрылымдар, түссіз изометриялық, минералдардың бірқатар қосындыларымен сипатталады. Мөлдір сұр және жиектік түзілістер минералдарға тән: кальций фосфаты  $3\text{CaO}\cdot\text{P}_2\text{O}_5$  және кальций фториді  $\text{CaF}_2$ . Фазааралық кеңістік бұрыс пішінді және призмалы қара кестелер түріндегі көміртегінің болуымен сипатталады.

2.8 – 2.9 суреттерде «Қайнар» ЖШС және «Қазфосфат» Жаңа-Жамбыл фосфор зауыты ЖШС өндіріс орындарындағы фосфор шламдарының ИК-спектрлері келтірілген.



Сурет 2.8 - «Қайнар» ЖШС фосфор шламының ИК-спектр талдауы



Сурет 2.9 - «Қазфосфат» (ЖЖФЗ) ЖШС фосфор шламының ИК-спектр талдауы

Фосфор шламдарының ИК-спектрлерінде анықталғандай, 725-800 см<sup>-1</sup> кезінде кремний оттегілік (Si-O-Si) байланыстары сіңіру жолақтарымен сипатталады, 520 см<sup>-1</sup> кезінде максимум жолағы SiO<sub>2</sub> силикат қосылыстар сәйкес келеді. 890-940 см<sup>-1</sup> кезінде сіңіру SiO<sub>2</sub> байланыстары бар қосылыстарға тән және Al<sub>2</sub>O<sub>3</sub>, ал жолақтың 900-1000 см<sup>-1</sup> аясында сіңіру Al-O-Si топтарының ауытқуынан туындаған. Сіңіру ИК-520-566 см<sup>-1</sup>; 600-603 см<sup>-1</sup> үшқальций фосфатының бар екенін көрсетеді. Осыған орай, жоғарыда көрсетілген фосфор өндірістеріндегі фосфор қалдықтарын кәдеге жарату үшін, жергілікті кенорындарынан алынған алюмосиликатты минералды шикізаттардан сорбенттер жасақтап, сіңіру арқылы фосфор шламынан таза фосфорды бөліп алу, осы ғылыми жұмыстың негізгі мақсаты болып отыр.


**2.4 Бентонитті саздар** - негізінен смектитті минералдардан тұратын шикізат. Негізінен бентонит сазы кеуектеле және қабаттаса орналасқан бөлшектерден және гидратталған алюминий силикатынан тұратын коллоидтық саз балшық, лак-бояу және басқа да материалдарға белгілі бір құрылым беретін толықтырғыш ретінде және отқа төзімді заттардың құрам бөлігі ретінде пайдаланылады [139]. Смектиттер тобына бірнеше минералдар кіреді: монтмориллонит, бейделлит, нонтронит және басқа да аз таралғандар. Барлық смектиттердің кристалдық торы бірнеше қабаттан тұрады. Қарапайым ұяшық 3 қабаттан тұрады: шеткі, жоғарғы және төменгі қабаттары. Сонымен қатар, Al, SiO<sub>4</sub> тетраэдрларынан тұратындықтан тетраэдрлік деп де аталады. Тетраэдр қабаттарының арасында октаэдрлік деп аталатын октаэдрлерден Al және Fe тұратын қабаттары орналасқан. Үш қабатты пакет теріс зарядқа ие. Олар үш валентті элементтерді (Al, Fe) октаэдрлік қабатта эквивалентті элементтерге (Mg, Fe) немесе төрт валентті Si тетраэдрлік қабатта үш валентті Al ауыстыруға бейім келеді [140-143].

Пакеттің теріс заряды октаэдрлік және тетраэдрлік қабаттарда да ауыстыру реакцияларына байланысты болуы мүмкін. Теріс зарядтың арқасында пакет бетінде оң бір, екі және үш валентті катиондары орналастырылады. Бұл негізінен, Na, K, Ca, Mg және Fe болып табылады. Сумен өзара әрекеттесу нәтижесінде осы катиондар айналасында гидратты қабаттар қалыптасып, пакет агрегаты ісінеді. Айтарлықтай аз гидратталған қабілетке сілтілік жер металдарының: кальций және магний иондары ие. Сметтиттердің көрсетілген ерекшелігі көлемі 2 - 20 есе үлкейіп ісінуі оларды өнеркәсіпте пайдалану үшін өте маңызды қасиеті болып табылады. Сметтиттер арасында ең жоғары ісіну қасиетіне монтмориллонит ие, онда негізгі алмасу катионы Na болып табылады. Бұл бентониттер сілтілік бентонит деп аталады. Алмасу катиондары арасында Ca басым бентониттер «кальцийлі» деп аталды. Бентонит және бентонит тектес саздардың қоспалары ретінде араласқоспалы минералдар, гидросолюд, каолинит, галлуазит, кейде палыгорскит, цеолит және тағы басқалары кездеседі. Сонымен қатар бентонит сазы кварц, каолинит, гидросолюд, биотит, гипс, цеолит, пирит, темір оксидтері мен басқа минералдардың айтарлықтай немесе одан кем қоспасы бар монтмориллонит тобының сазды минералдарынан тұратын көкшіл-жасыл, сұр, сары немесе қоңыр түсті балауыз сипатты ұсақ дисперсті тұқымды.

Бентонитті саздар жанартау лавасы мен күлі ыдырау нәтижесінде теңіз суындағы жанартау күлдері, туфтар мен лаваларында немесе жерге желдетілу кезінде химиялық ыдырау нәтижесінде қалыптасады. Қолданыс тілінде жиі «бентонит» деп аталатын бентонит сазы – бұл саздың ерекше бір түрі болып табылады, оның құрамына монтмориллонит тобына жататын минералдардың 70 пайызы құрайды. [144-147]. Бентониттердің отқа төзімділігі 1350 - 1430°C, бірігу температурасы 900 - 950°C. 60 - 70%-дық монтмориллонит құрамды саздарды бентонит тектес деп атауға болады. Кейбір бентониттерде магний, кальцийге қатысты үстем орын алады. Ең көп кальций-магний (сілтілік) түрлері таралған. Кальций және кальций-магний бентониттерін оларды натрий тұздарының ерітінділерімен өңдеу жолымен натрий санатына аударуға болады. Бұл натрий бентониттері белсендірілген, ал ион алмасу үрдісі белсендіру деп аталады.

**Монтмориллонит** - бентонитті саздың негізгі саз минералы - қабатша су алюминий силикаты; ол табиғатта бұрыс формалы қабыршақтардың үйіндісі ретінде кездеседі. Моос бойынша қаттылығы 1-ден кем емес; салыстырмалы салмағы 2,50-2,76 г / см<sup>3</sup>; көлемдік салмағы 0,93-1,96 г/см<sup>3</sup>; гидрофильді, сумен өте тұрақты суспензия және тұтқыр қамыр тәрізді масса құрайды, суда кейде 10-20 есе артқан көлемге дейін ісінеді. Монтмориллониттің келесі қасиеттерінің арқасында бентонит дисперсиялық сипаттамаға тән; суда қатты ісінуі; суды сіңіруі; жабысқақтығы және жоғары байланыстырушы қасиеті; жоғары пластика, сіңіргіш қабілеті және жақсы ағартқыш қасиеттеріне ие [148-150]. Монтмориллонитте Ca-ден басқа айтарлықтай мөлшерде Mg болуы мүмкін. Монтмориллонит өз кезегінде,

жоғары қабатты алюмосиликат тобының бір бөлігі болып табылады, оның құрамының деңгейіне материалдың қолданылу аясының әр алуандылығына септігін тигізетін бентонит сазының ең құнды қасиеті – оның жоғары гидрофильділігі тәуелді [151, 152]. Төмендегі 2.10 – 2.11 суреттерде Дарбаза бентонит сазының кен орны мен зерттеу жұмысына қолданылған табиғи бейнесі көрсетілген.



Сурет 2.10 - Дарбаза бентонитінің кен орны




Сурет 2.11 – Бентонит сазы

Бентонит сазы сумен байланыста ісінетін сазды минерал болып табылады. Оның құрамында химиялық заттардың артық болуына қарай оның түсі сары, қоңыр, сұр, жасыл немесе көк болуы мүмкін. Бентонит сазының сипаттамасы мынадай: созылмалдылығы – сумен өзара әрекеттесе отырып, саз шамалы қысым ықпалынан кез-келген пішін қабылдай алатын массаға айналады; ісіну – сумен араласа отырып, оның көлемі ұлғаяды; сіңіру қасиеттері – қоршаған ортадан бөлшектерді, молекулаларды, иондарды жұтып және оларды бетінде ұстап қалу; отқа төзімділігі – өте жоғары температурада балқып кетпейді; бірігуі – күйдіру кезінде тас тәрізді затқа айналады [153].

Осы ғылыми жұмыс барысында қолданылған жергілікті Дарбаза кен орнынан алынған бентонит сазының химиялық құрамы төмендегі 2.2 кестеде және рентгенограммасы 2.12 суретте көрсетілген.

Кесте 2. 2 - Дарбаза кен орнынан алынған бентониттің химиялық құрамы


Дарбаза бентонитінің компоненттер құрамы, %									
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
SiO <sub>2</sub>	Al <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	TiO <sub>2</sub>	Fe <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	MgO	CaO	K <sub>2</sub> O	Na <sub>2</sub> O	P <sub>2</sub> O <sub>5</sub>	ппп
60,51	16,06	1,95	6,43	3,03	1,27	1,2	2,41	0,12	6,92



Сурет 2.12 - Дарбаза бентонитінің рентгенограммасы

Дарбаза сазының рентгенфазасындағы талдауы саздың негізгі сипаттамалық фазалары  $d = 3,6523$  және калийдің дала шпаттарымен  $d = 2,6757$  болатын кальцийлі шпаттарын көрсетті: 2,502; 2,1925; 1,8309; 1,6777Е. Al<sub>2</sub>O<sub>3</sub> 3H<sub>2</sub>O қосылымен ал,  $d=1,4001$ Е дифракционды сызықтармен сипатталады. Бентонит сазының рентгенограммасы барған сайын қарқын

алып, дифракциялық максималды фазада каолинит (К) с d тең 2,5648; 2,7726; 2,9722; 3,3170, монтмориллонит (М) 6,30; 2,62; 1,67 және полигорскит (П) с d тең 3,9279; 4,2102 екенін көрсетеді. Дарбаза кен орнынан алынған бентонит сазының микроқұрылымы мен ИК - спектр нәтижелері 2.13, 2.14- суреттерде келтірілген.



Сурет 2.13 - Дарбаза бентониттің микроқұрылымы.

Дарбаза кен орнының бентонит балшықтан жасалған үлгісінің микроқұрылымында қылшық агрегаттардың монтмориллонит тобының пайдалы қазбалары басым және  $\text{SiO}_2$ :  $\text{R}_2\text{O}_3$  қатынасы 8-10 дейін жетеді.

Микроқұрылымдық талдау нәтижесі бойынша бентонит сазының оксидтері нысанында элементтердің салмақ 60% пайыз екенін, негізгі тотықтарын ұлғайтып, ұштастыра көрсетті:  $\text{SiO}_2$  34,84-41,73;  $\text{Al}_2\text{O}_3$  12,14-16,06;  $\text{Fe}_2\text{O}_3$  8,82-11,85;  $\text{MgO}$  1,9-2,72;  $\text{Na}_2\text{O}$  1,21-1,89;  $\text{K}_2\text{O}$  2,86-3,68. Бұл талдауда қосындылар далалық шпат монтмориллонитқа тән сопақша минералдар болуымен сипатталады.



Сурет 2.14 - Дарбаза бентонитінің ИК-спектрлік көрінісі.

Дарбаза бентонитінің сіңіру спектрлері  $1400\text{ см}^{-1}$  және  $1570\text{ см}^{-1}$  аумағындағы толқын ұзындықтарымен сипатталады.  $430\text{-}500\text{ см}^{-1}$  аумағындағы әлсіз интенсивті сіңіру сызықтары Si-O-Fe деформациялық тербелуін сипаттайды.  $930\text{-}1010\text{ см}^{-1}$  аумағындағы толқын ұзындықтарының тербелуі Si-O валенттік байланысына тән.  $1320\text{-}1400\text{ см}^{-1}$  аумағындағы интенсивті сіңіру спектрлері – OH тобының дифракциялы тербелісіне тән.  $3050\text{-}3230\text{ см}^{-1}$  аумағында толқын ұзындықтарының тербелісі H-OAl, H-OFe<sup>+3</sup> топтарының сіңіру спектрлерін сипаттайды. 2.15 суретте бентонит сазының қисық ДТА-сы келтірілген.



Сурет 2.15 - Бентонит сазының ДТА нәтижесі.



Бентонитті балшықтың қисық ДТА-сы 200-1200<sup>0</sup>С-та беттік және кристаллогидратты ылғалды жоюдың екі сатылы эндоэффектімен сипатталады. 200-1200<sup>0</sup>С шамасында магний және кальцийі бар минералдардың декарбонизация үрдістерін сипаттайтын орта қарқындылықты 2 эндоэффект сипаттайды.

**Бентониттердің механикалық қасиеттері.** Бентониттердің химиялық және құрылымдық-механикалық қасиеттері, құрылымының ерекшеліктері, кристалды құрылымын жүйелеу дәрежесіне, қабаттағы орын ауыстырылған катиондар санына, қабат аралық сипатына байланысты. Бентонит сазының өте маңыздылығы диспергация барысында аяқталмаған құрылымдық элементтердің пайда болу мүмкін, оларды нанобөлшектер немесе өзіндік плейтлет ретінде қарастыруға болады. Қарапайым плейтлеттердің ені мен ұзындығы бірнеше ондықтан бірнеше жүздік және қалыңдығы 1-ден 1,5 дейін Нм өлшемдері бар [154]. Дарбаза бентонит саздарының құрылымдық-механикалық қасиеттерін зерттеу барысында тұрақты кезінде құрамында 38% астам шоғыр араласқан суспензия болатынын көрсетті. Суспензия шағын серпімді шартты-сәттік деформацияны дамытып, деформацияның шартты модулінің ең жоғары көлемімен сипатталады. Электролиттерді аз мөлшерде қосқан кезде (NaCl, CaCl<sub>2</sub>) суспензиялар өзінің тұрақтылығын жоғалтады. NaOH өңдеу кезінде олар өздігінен диспергациялану нәтижесінде шартты ірі серпімді деформация дамуымен сипатталады. NaOH әсерімен кристалдардың айналасында гидратты қабықшаның өсуі жүйенің серпімді деформациясының артуымен және су бергіштіктің бір мезгілде төмендеуімен бірге құрылымын пластикалық беріктігінің бірден азаюымен қатар жүреді [155-156]. Дарбаза кен орнындағы бентониттердің минералдық құрамындағы жыныс түзуші монтмориллониттің құрылымдық және кристалды химиялық ерекшеліктеріндегі айырмашылықтар түрлі генетикалық типтегі бентониттердің физикалық қасиеттерінде айырмашылықтар тудырады.

**2.5 Вермикулит шикізаты** - белгілі бір сипаты бар гидрослюд тобына жататын минералды шикізат. Оның құнды қабілеті күйдіру кезінде өзінің көлемінен 15 есе ұлғаяды. Салқындату үрдісінен кейін ісінген слюда жапырақтары арасындағы ауаның өте жұқа қабатымен көлемін сақтайды. Химиялық құрамы тұрақсыз, триоктаэдра тобына жататын құрылымдық ұясы бар магнезий – темірлі слюдаға ұқсас алюмосиликатты минерал.

Химиялық формуласы:  $(Mg^{+2}, Fe^{+2}, Fe^{+3})_3 [(Al, Si)_4 O_{10}] \cdot (OH)_2 \cdot 4H_2O$ .

Қыздырғанда шылаушын тәрізді иіліп, 15 — 25 есеге дейін ісінеді. Биотит бойынша псевдоморфозаға жатады. Түсі — қоңыр, қоладай сары, жылтырлығы шыны тектес, қаттылығы — 1 - 1,5 жіктілігі өте жетілген, меншікті салмағы — 2,4 - 2,7 күйдіргенде өте жеңілденіп, ісінеді де суға батпайды. Вермикулит тереңдігі – 40 - 90м алынады [157,158].

Төмендегі 2.16 - 2.17 суреттерде Құлантау вермикулитінің кен орны мен табиғи бейнесі көрсетілген.



Сурет 2.16 - Құлантау вермикулитінің кен орны



Сурет 2.17 - Құлантау вермикулиті.


Вермикулит негізінен биотитті және флогопитті жыныстардың төмен температурада гидротермалық өзгеруінен түзіледі, кейде биотиттердің (моруынан) үгітілуінен қалыптасады. Вермикулит күйдірілген күйде жылу, дыбыс өткізбейтін материал ретінде тұсқағаз өндірісінде қолданылады [159].

ТМД елдері бойынша ең ірі, әрі келешегі бар болып саналатын Оңтүстік Қазақстан облысындағы Құлантау кен орнынан алынған табиғи вермикулит ғылыми жұмыстың зерттеу нысаны болып табылады. Қазақстанда вермикулиттің 10 кенорны анықталып, олардың 6 барланған. Ол сілтілік және габброидты сілтілік ортада жыныстардың үгітілу нәтижесінде түзіледі [160]. Құлантау массивіндегі жыныстардың минералды құрамына – вермикулит, флоготип, биотит, екінші дәрежелі – шпинель, пироксен, амфибол, мүйізді мырышты қоспалары кіреді. Вермикулиттің ісінуі - қыздыру кезіндегі су буының парциалды қысымның перпендикулярлы бағытына байланысты болады [161]. Фосфор шламдарынан фосфорды бөліп алуда сіңіру жолымен вермикулиттерді пайдалану мүмкіндігін зерттеу үшін Құлантау кен орнынан алынған сынаманың химиялық құрамы 2.3 кестеде және рентгенграммасы 2.18 суретте келтірілген.

Кесте 2.3 - Құлантау кен орнынан алынған вермикулиттің химиялық құрамы


Құлантау вермикулиттің компоненттер құрамы, %									
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
SiO <sub>2</sub>	Al <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	TiO <sub>2</sub>	Fe <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	MgO	CaO	K <sub>2</sub> O	Na <sub>2</sub> O	P <sub>2</sub> O <sub>5</sub>	пп
37,65	13,2	3,42	14,72	15,31	1,81	5,16	0,41	-	8,22

2.3 кестеден Құлантау кен орындарындағы вермикулиттің негізгі компоненттерінің құрамы бойынша бір-біріне өте жақын екенін көруге болады. Бірегей қасиеттері бар вермикулит фосфорқұрамдас шламдардан фосфорды бөліп алу кезінде минералдық және органикалық қоспаларды сіңіру үшін сорбент ретінде қолданылады.




Сурет 2.18 - Құлантау вермикулитінің рентгенограммасы

Вермикулит рентгенограммасының дифракциялық максимумы каолинит, гидрагиллит және монтмориллонит жалпы құрамымен сипатталады. Бұған монтмориллониттің (М) - 3,6449; 1,5215; 2,6741; каолиниттің (К) - 2,5686; 2,4866; 2,1809; 2,0918; гидрагиллиттің (Г) – 1,8169; 1,6754; 1,6037; 1,4573; 1,433; 1,2975 максимумдарының дифракциялық мәні дәлел бола алады. Құлантау кенорнының вермикулит шикізатының микроқұрылымы мен ИК-спектрі және ДТА нәтижелері төмендегі 2.19 – 2.21 суреттерде келтірілген.



Сурет 2.19 - Құлантау вермикулитінің микроқұрылымы.

Вермикулит микроқұрылымын талдауы жоғары мазмұнмен сипатталады яғни, кремний 22,95 - 27,58, алюминий 7,85 – 10,26, калий 1,84 – 2,45, темір 5,21 - 7,22, натрий 0,60 - 1,17. Сілтілі жер металдарының мөлшері 0,62 - 1,74% диапазонында орналасқан.



Сурет 2.20 - Құлантау вермикулитінің ИК-спектрі

Құлантау вермикулиттеріне  $700-1500\text{см}^{-1}$  сіңіру аумағы спектрінің интенсивті толқындардың ұзындығы тән. Әлсіз интенсивті  $600-650\text{см}^{-1}$  және  $70-850\text{см}^{-1}$  аумағындағы сіңіру спектрлері  $\alpha$  және  $\beta$  модификациялы  $\text{Al-O}$  қосылыстарын сипаттаса, орташа интенсивті толқындар  $830-850\text{см}^{-1}$  алюмокальцийлі қосылыстың  $\text{Ca-Al-O}$  байланыстарын сипаттайды.  $980-1010\text{см}^{-1}$  аумағындағы интенсивті сіңіру спектрлері  $\text{Si-O}$  валенттік байланысы бар қосылыстарды, ал  $1380\text{см}^{-1}$  аумағы –  $\text{OH}$  тобының валенттілігін көрсетеді.

$3180-3250\text{см}^{-1}$  және  $3500-3730\text{см}^{-1}$  аумағындағы сіңіру спектрлері  $\text{O-}$  тобындағы магнийдің ( $\text{Mg}^{+2}$ ) және ( $\text{Fe}^{+2}$ ,  $\text{Fe}^{+3}$ ) темірдің гидратты қосылыстарын сипаттайды. Кен орындарында вермикулитті байыту келесі технологиялық жүйеде жүргізіледі: бастапқы тұқым - ұсақтау - бос жыныстарды жою – құрғату- ірілеу сорттарына қарай классификациялау - дөрекі вермикулит шоғыры - тұтынушыларға тасымалдау [162,163].



Сурет 2.21 - Құлантау вермикулитінің ДТА нәтижесі.

Вермикулит шикізаты сыртқы беті қапталған далалық шпат және амфиболдар мен слюдадан тұратын борпылдақ шөгінділер болып табылады. Вермикулит сынамаларының қисық ДТА - сы минералдар дегидратациясы мен декарбонизациясының тиісті эндоэффектісі кезінде газ тәрізді өнімдер алуда сипатты өзгерістерге ие болады.

**2.6 Ленгірдің қиын балқитын саз - балшығы - шегендеу қуаты 0,5 - 103,9 м болатын құмтас және төрттік саздақтар, сирек темірленген саздар болып саналады. Химиялық құрамы бойынша саздар біртекті және бояғыш оксидтерінің жоғары мазмұны бар жартылай қышқыл түріне жатады. Жоғары дисперсті, отқа төзімді, біршама пластикалық саздар (желімділігінің саны 8,9 - 22,7). Қайнау температурасы  $1050 - 1100^{\circ}\text{C}$ , отқа төзімділігі  $1360 - 1580^{\circ}\text{C}$ , кептіруге сезімталдық коэффициенті 0,8 ауада шөгуі 5,8 - 11,0 %, қысу**

кезінде төзімділік шегі  $700 - 1635 \text{ кг/см}^2$ . Олар дренажды аязға төзімді құбырлар және қарапайым құбырларды, сондай-ақ, ішкі қаптау үшін плиткалар өндіру үшін жарамды. Жарықтандыру ретінде ашық түсті реңк алу үшін шихта құрамына 20 % Алексеев-каолин қосады. Сонымен қатар, саздарды фосфоритті ұсақ-түйектерді доғалдау үшін [164] пайдаланады (ұсақтау кезінде түйіршіктердің төзімділігі, кг/шт шикі 2,8 - 4,8 қыздырылған 67-123). Төмендегі 2.22 - 2.23 суреттерде Ленгірдің қиын балқитын саз - балшығының кен орны мен табиғи бейнесі көрсетілген.



Сурет 2.22 - Ленгірдің қиын балқитын саз - балшығының кен орны




Сурет 2.23 - Ленгірдің қиын балқитын саз-балшығы

Ленгір кен орындарының сазды таужыныстары географиялық орналасулары бойынша сазды түзуші минералдар мен қосалқы заттардың әртүрлі механикалық қоспалар түрінде сипатталады. Ленгір ауданындағы мономинералды коалинді саздар солтүстік және шығыс бөлігінде кездеседі, ал кварц минералды секілді қоспасы бар балшықтарды оңтүстік және батыстың кейбір бөліктерінен табуға болады [165]. Жергілікті жердің орталық бөлігінде коалинді сазды кендер кең тараған. Сіңірулік қасиеттерін зерттеу үшін Ленгір ауданының солтүстік, шығыс, оңтүстік және батыс бөліктерінен саздардың сынамалары алынды. Каолиниттерден тұратын саздар зат негізінде 5-10 м тереңдікте орналасады, ал саздардағы кейбір қасиеттердің болуы ондағы қоспа заттарының құрамымен анықталады [166]. Ленгір кен орнынан алынған қиын балқитын саз-балшықтың химиялық құрамы төменде 2.4 - кестеде және рентгенограммасы 2.24 - суретте сипатталған.

Кесте 2.4 - Ленгір кен орнынан алынған қиын балқитын саз-балшықтың химиялық құрамы

Ленгірдің қиын балқитын саз-балшығының компоненттер құрамы, %									
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
SiO <sub>2</sub>	Al <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	TiO <sub>2</sub>	Fe <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	MgO	CaO	K <sub>2</sub> O	Na <sub>2</sub> O	P <sub>2</sub> O <sub>5</sub>	ппп
58,29	20,76	2,17	4,16	1,59	0,52	1,16	1,40	1,29	8,56




Сурет 2.24 - Ленгірдің қиын балқитын саз-балшығының рентгенограммасы

Ленгір сазының рентгенфазалық талдауы көрсеткендей, сазға тән негізгі фазаларға  $d = 1,5947, 1,6622\text{\AA}$  кальцийлік далалық шпаттар мен  $d = 1,8377; 1,9875; 2,1109; 2,2202; 2,2702\text{\AA}$  калийлік далалық шпаттар жатады. Al<sub>2</sub>O<sub>3</sub>


·3H<sub>2</sub>O қоспасына d=2,9913; 3,08; 4,3102; 7,039Å аралығындағы дифракциялық сызықтар бейнеленген.

2.25 - 2.27 суреттерде Ленгiрдiң қиын балқитын саз балшығының микроқұрылымы, ИК-спектрі және ДТА нәтижелері келтірілген.



Сурет 2. 25 - Ленгiрдiң қиын балқитын саз балшығының микроқұрылымы

Ленгiр кен орнындағы саздың микроқұрылымында иілген кестелер мен құрт тәрізді агрегаттардың формалары іспеттес каолиниттік ірі кристалды минералдарының едәуір санымен сипатталады. Аралық фаза ретінде бұрыс формалы ұзын призма тәріздес ашық-жасылдан жасыл-қара түске дейінгі мүйіз алдамьш минералдары болып табылады.



2.26 сурет - Ленгiрдiң қиын балқитын саз балшығының ИК-спектрі



Ленгірдің қиын балқитын саз балшығының ИК-спектрлері 750-980 см<sup>-1</sup> және 2500 - 4200 см<sup>-1</sup> аумақтағы сіңіру сызықтарының қарқынды шыңдарымен сипатталады. 560 - 810 см<sup>-1</sup> сіңіру аумағындағы толқындардың ұзындығы RC ≡ СН байланыс түрлері бар органикалық қосылыстарға, ал 1570 - 1650 см<sup>-1</sup> C = C байланыс түрлері бар қосылыстарға тән. 1100 - 1450 см<sup>-1</sup> сіңіру аумағындағы қарқынды шыңдар Si-O-Al байланыс түрлеріндегі қосылыстарға сай келеді. Сонымен қатар, 3000 - 3500 см<sup>-1</sup> сіңіру аумағында ОН тобының валенттік ауытқулары байқалады. 1050 - 1200 см<sup>-1</sup> аумағындағы дифракциялық толқындар Si-O-C, Si-O-Si байланыс түрлеріндегі кремнеорганикалық қосылыстарды көрсетеді.



2.27 сурет - Ленгірдің қиын балқитын саз балшығының ДТА нәтижесі

175-2300С Ленгірдің қиын балқитын саз балшығының ДТА қисығы эндоэффекті беттік жою және кристаллогидратты ылғалды болып келетін екі сатылы екенін сипаттайды. 790-830<sup>0</sup>С облыста 2 эндоэффекттің қарқындылығы орташа болып, декарбонизациялық үрдісі кезінде құрамында магний және кальций минералдары байқалады. Қазіргі уақытта құрамында қиын балқитын сазды кендер бар сазды минералдардың 10 астам түрі белгілі.

**Ленгір сазының минералогиялық құрамы** - кальцийлік және калийлік далалық шпаттармен, сонымен бірге гидроалюминатты қоспалармен сипатталады. Қиын балқитын жыныстардың химиялық құрамы оның минералдық құрамына, ондағы қоспалардың саны мен құрамына байланысты. Зерттеулер көрсеткендей, сазды жыныстарда химиялық талдаумен анықталатын негізгі құрамдастардың құрамы аса жоғары аралықтарды қамтиды: SiO<sub>2</sub>— 48-80 %; Al<sub>2</sub>O<sub>3</sub> — 7—27%; Fe<sub>2</sub>O<sub>3</sub> және FeO — 0,5- 13,5 %; CaO 0,5-20 %; MgO — 0,3-12 %; K<sub>2</sub>O және Na<sub>2</sub>O — 0,5-7,5 [167].

Саздардың дисперстілігі төмендеген сайын құрамы SiO<sub>2</sub> артады. Бұл құбылыс әдетте саздардың құмдануына байланысты болады. Белгілі шекке

дейін дисперстіліктің артуымен  $\text{SiO}_2$  азаяды, ал полуторлы оксидтер  $\text{Al}_2\text{O}_3$  және  $\text{Fe}_2\text{O}_3$  артады. 1 мкм төмен саздың фракцияларында оларды әрімен қарай бөлгенде  $\text{Al}_2\text{O}_3$  және  $\text{SiO}_2$  құрамдары мүлдем өзгермейді, ал  $\text{Fe}_2\text{O}_3$  құрамы артады. Көпшілік жағдайларда дисперстіліктің артуымен  $\text{MgO}$  және  $\text{K}_2\text{O}$  мөлшері артады да, ал  $\text{CaO}$  мөлшері кемиді. Сазды фракциялардың дисперстілігі төмендеген сайын органикалық заттардың мөлшері арта береді [168]. Қиын балқитын саздарды күйдіру температурасын арттырған сайын сілтілік-силикатты балқыманың саны да артады.  $\text{Fe}_2\text{O}_3:\text{R}_2\text{O}$  қатынасына сай бірінші құрамдастың пайдасына орай  $\text{Fe}_2\text{O}_3$  бір бөлігі шыны фазасына өтеді, ал қалған бөлігі термиялық ыдырау өнімі ретіндегі гематитті фазаға, глауконит түрінде түзіледі. Шикізаттағы сазды минералдардың термиялық ыдырау өнімдері өздерінің ұсақ дисперстілігіне байланысты аса жоғары дымқылданғыш сілтілік-силикатты балқымамен түйісудің жоғары меншікті қабатына және аморфты кремнезем балқымаларда тез ерігіштік қабілетіне ие болғанықтан муллитизациялау нәтижесінде бөлінетін аморфты кремнезем балқымада тез еріп, қышқылға тұрақтылыққа берілген кеуектілік кезінде қажетті емес фаза ретінде болатын кристобалиттің жаппай түзілуіне әсер етеді. Қышқылға төзімді материалдар алудың әзірленген технологиясының негізгі параметрлері мынадай: шикізаттың оңтайлы құрамы – қиын балқитын саздар - 70 %, пайдалануда болған қышқылға тұрақтылар – 30 %; саз дәндерінің өлшемі – 0,5 мм және қышқылға төзімділердікі – 2 мм; қышқылға тұрақты қалдықтардың дәндік құрамы фракциялар бойынша: 1–2 мм 20%, 0,5–1 мм 30%; 0,5 мм аз - 50%, ал кірпіштерді күйдірудің максималды температурасы – 1150°C. Оларды күйдіруге кезінде фазалық өзгерістер мен физика-химиялық үрдістердің сипаттамалары, технологиялық құрамы, химиялық және минералдық құрамын зерттеу негіздеріне сай цементтеуші құрамдас ретінде Ленгир кен орнының қиын балқитын каолинитті-гидролюдалы саздары қолданылды. Кен орынның пайдалы қазбасы юра дәуіріне тән алабажақты жоғары дисперсті саздар түрінде жинақталған. Кен орынның қиын балқитын саздарын күйдіргенде түзілетін муллиттер 1100–1150°C температура аралығында ұсақ кристалды бөліністер түрінде пайда болады. Иллит пен глаукониттың кристалдық торларының жойылымы кезінде бөлінетін  $\text{R}_2\text{O}$  оксидтері айтарлықтай төменгі температураларда сілтілік-силикатты балқыма түзеді және онда басқа да құрамдастармен бірге  $\text{Al}_2\text{O}_3$  еруі жүреді [169, 170].

**Гранулометриялық құрамы.** Полиминералды тез балқушы саздардың құрамына кіретін барлық минералдарды біріншілік немесе екіншілік деп жіктеуге болады. Біріншілік минералдарға желденуге ұшыраған аналық кендер құрамына кіретін минералдарды жатқызуға болады: кварц, далалық шпаттар, слюдалар, мүйіз алдамыштар, авгиттер, граниттер, эпидот, турмалин, рутил, циркон, апатит, кальцит, доломит, серпентин, ставролит, титанит, магнетит, бетит, ангидрит, амфиболдар және т.б.; екіншілікке — желденуге үрдісі кезінде, кендердің қайта үйіндену және жаңартылуы салдарынан түзілген минералдар жатады, ең алдымен монтмориллонит, гидролюда,

гидрохлорит, вермикулит, каолинит, сонымен бірге алюминийдің сулы оксидтері, темірдің оксидтері мен гидроксидтері [171] және т.б. кіреді. Саздағы біріншілі минералдар екіншілікке қарағанда химиялық тұрғыдан тұрақты және берік минералдар жатқызылады және олар өлшемі 0,001 мм болатын сазды шикізаттардың аса ірі фракцияларында жинақталады, сонда екіншілік минералдар өте ұсақдисперсті фракциялардың негізін құрайды. Біріншілік және екіншілік минералдардың сәйкестену шекарасы ретінде 1-5 мкм өлшеміндегі фракцияларды атауға болады. Осылайша, кварц пен далалық шпаттар 5-10 мкм жоғары өлшемді фракцияларда кездеседі, ал слюдалар – бөлшектер арасында, ірілері – 1-10 мкм. Екіншілік сазды минералдар да химиялық тұрақтылығы мен физикалық беріктігі бойынша ажыратылады. Саздардың дисперстілігі мен олардың минералогиялық құрамы өте тығыз байланысты құрайды [172].

## **2-бөлім бойынша тұжырым**

Жұмыста физика-химиялық талдауларды жүргізудің заманауи әдістері қолданылды. Тәжірибе нәтижелерінің сенімділігі жалпылама мойындалған зерттеу әдістерімен қамтамасыз етілді. Ғылыми зерттеулерді жүргізу барысында қазіргі заман талабындағы техника мен технологияның талаптарына жауап беретін тәжірибелік қондырғылардың жиынтығы қолданылды.;

- Физика – химиялық зерттеулер нәтижесінде фосфор шламы кальций карбонаты, кварц, темір оксидтері, алюминий оксидтері, каолинит және т.б. минералдардан тұратыны белгілі болды;

- Алюмосиликатты шикізаттар негізінен  $\text{SiO}_2$ ,  $\text{Al}_2\text{O}_3$  құралған және монтмориллонит минералынан тұрады;

- Дарбаза кен орнының бентониті 60% - дан жоғары  $\text{SiO}_2$  құрамымен сипатталады және негізгі минералдар дала шпаты, каолинит, монтмориллонит, полигорскит және т.б. құралғаны анықталды;

- Құлантау вермикулиті – гидрослюдалы минералдарға жатады және флоготит биотит, пироксен, амфибол және т.б. қоспалардың болуымен сипатталады;

- Ленгірдің қиын балқитын саз-балшықтарында негізінен кальцийлік және калийлік дала шпаттары кездеседі;

- Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері фосфор шламнан таза фосфорды бөліп алуға қажетті алюмосиликатты минералдардың аса құнды шикізат көзі екендігін дәлелдеді. Алюмосиликатты сорбенттердің көмегімен одан таза фосфорды бөліп алуға қолдануға болатындығын көрсетеді. Мұндай құнды шикізаттарды жергілікті кен орындарынан яғни, Дарбаза бентониті, Құлантау вермикулиті және Ленгірдің қиын балқитын саз-балшығын алуға болатындығы жұмыс барысында анықталды.

### 3 АЛЮМОСИЛИКАТТЫ СОРБЕНТТЕРДІҢ ФИЗИКА - ХИМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МЕХАНИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН АНЫҚТАУ.

#### 3.1 Сорбенттердің физика - механикалық қасиеттерін талдау.

**Алюмосиликатты минералдардың дисперстілігі.** Түйіршікті метрикалық құрамы бойынша алюмосиликатты минералды саздардың негізгі массасы ұсақ пелитті бөлшектерден тұрады. Олардың орташа өлшенген құрамы, гидротермиялық алюмосиликаттан элювиалды түрге қарай біртіндеп азаяды. Негізінен ұсақ дисперсті саздар гидротермиялық (60,2%), жанартау шөгінділері (52,0%), терригенді және коллоидтық шөгінділер (45,8%), элювиалды алюмосиликатты минералдар (38,2%) болып табылады.

Талдау нәтижелері бойынша алюмосиликатты минералды саздардың тығыздығы орта есеппен 2,50 - 3,45 г/см<sup>3</sup> дейін өзгеріп отыратынын көрсетті. Саздардың орташа тығыздығының ауытқулары 1,58 – 2,02 г/см<sup>3</sup> болса, табиғи ылғалдығы - 1,75 – 2,02 г/см<sup>3</sup>, яғни темірдің 3,0 - 5,7 % дейінгі төзімділігіне байланысты. Алюмосиликатты минералды саздардың орташа тығыздығының өзгеруі оларды жинақтаған бөлшектердің тығыздығына [173] байланысты болады. Оның құрамында органикалық заттар көп болса, соғұрлым олардың тығыздығы кем болады. Олар орташа мәнде орташа кеуекті тау жынысы ретінде сипатталады. Кеуектілік коэффициенттері 0,33 - 0,76 дейінгі аралығында, ал темірдің жоғары құрамы 5,0 дейін ауытқып отырады. Генетикалық тұрғыдағы алюмосиликаттардың кеуектілігі біркелкі емес. Олар тау жынысының түйіршіктелген және минералды құрамының ауытқуын көрсетеді. Ұсақ пелитті бөлшектер көп жерде жыныс түзуші монтмориллонит болғандықтан әрдайым артып отырады да, соған сәйкес кеуектілігі де өзгереді. Гидротермиялық алюмосиликаттардың кеуектілігі орташа 42,5% құрайды. Алюмосиликаттардың гидротермиялық түріндегі тығыздалу барысындағы бастапқы кеуектілігінің мәндері 85,0% болса, ал басқа түрлері 75,6-79,3 % құрайды [174, 175].

**Созылымдылығы.** Жоғары созылымдылық алюмосиликатты минералды саздардың компоненттеріне тән. Алюмосиликаттарда айтарлықтай кварц және оның қосылыстарының болуы созылымдылықты азайтады. Бұл 40%-дан астам кварцқұрамды құмды түйіршіктері бар алюмосиликатты минералды саздардан анық байқалады. Шөгінді алюмосиликаттардың созылымдылығының саны мен төменгі шегінің көрсеткіші бір-біріне өте жақын. Созылымдылықтың төменгі шегі немесе домалату шекарасы ылғалдылыққа сәйкес келеді, ол кезегінде алюмосиликаттардың созылмалы күйінен берік күйіне өтеді. Бұл жағдайда алюмосиликаттардың созылымдылығының төменгі шегі мәні 30,5%. Ал, созылымдылығының төменгі шегі 40,7% болғанда, оларды жанартау көзі ретінде жоғары сапалы алюмосиликаттар көрсеткішіне жатқызады [176].

**Коллоидтылығы.** Жоғары сапалы ісінетін алюмосиликаттардың коллоидтылығы 85%, гидротермиялық 86,2%, жанартау-шөгінділері 98,0%, ал генетикалық түрге жататын ісінбейтін алюмосиликаттар - 40% (теңіз 35%

және құрлықтық 44,5%) құрайды. Шөгінді және элювиалды түрдегі сілтілік жердің алюмосиликаттары орта есеппен 25%-дан аспайтын ісінумен және төмен коллоидтылықпен сипатталады [177]. Алюмосиликатты минералды саздарды растрлі электронды микроскоп көмегімен өлшегенде, каолинит бөлшектерінің мөлшері және жарылу бағытының жазықтығы 1-0,1 мк, ал қалыңдығы 0,01-0,02 мк құрайтыны анықталған. Монтмориллонит кристалдарының жарылу бағытының жазықтығындағы өлшемі айтарлықтай аз, ал қалыңдығы шамамен 0,001 мк көрсетті. Алюмосиликатты минералды саздардың әртүрлі фракциясының минералогиялық құрамын талдау кезінде мынадай қорытынды жасалынды: мөлшері 1·10<sup>-2</sup> - 5·10<sup>-3</sup> мм болатын бөлшектердің арасында әртүрлі қатынаста кварц, слюдалар, дала шпатының аз мөлшерлері бар. Сондай – ақ 5·10<sup>-3</sup>-5·10<sup>-4</sup> мм фракциялар түрлі пропорцияда, толығымен дерлік монтмориллонит тобының түрлі қайталама материалдарымен, гидросолюдті сазды минералдармен, каолинитпен және басқалармен қосылады. Алюмосиликатты саздардың химиялық құрамы температуралық интервалы (50-200°C) ісіну үрдісіне айтарлықтай әсер етеді [178].

**3.1.1 Алюмосиликатты минералдарды саздардың қышқылдық-сілтілілік және текстуралық қасиеттері.** Алюмосиликатты минералды саздардың тұтынушылық құны қыздыру кезінде оның ісініп, көлемдік массасы 0,06-дан 0,15 кг/м<sup>3</sup> дейін жеңіл кеукті материалға айналу қабілетімен негізделген. Ісінген алюмосиликаттардың бірегейлігі сіңіру үрдісінің жеңілдігі мен жоғары ылғалдылық сыйымдылығына байланысты болады. Алюмосиликаттар өз салмағынан 4-5 есе суды сіңіріп өткізе алады. Қыздыру кезінде алюмосиликаттардың ісінуі су буының шығаруымен негізделген, оның қысымы ыдырау жазықтығына перпендикуляр бағытталған. Нәтижесінде су буының күшпен әсер етуі арқасында слюда пластинкалары дамыған кеукті құрылым қалыптастыра отырып жылжиды, сондай-ақ, алюмосиликат бөлшектерінің көлемі 15-20 есеге дейін ұлғаюы мүмкін. Бірегей қасиеттері бар алюмосиликатты минералдар фосфор шламдарынан фосфорды бөліп алу кезінде механикалық және органикалық қоспаларды сіңіру үшін сорбент ретінде қолданылады [179]. Алюмосиликаттардың кеуктілігіне әсер ететін негізгі факторларға оның тығыздық құрылымы, химиялық құрамы, шикізаттың ылғалдылығы, слюда гидратациясының сипаты мен дәрежесі, сонымен қатар гидратталған алюмосиликаттардың орналасу тәртібі мен түйіршіктің мөлшері (температурасы, жылдамдығы мен термоөңдеу уақыты) жатады. Кеуктелген алюмосиликаттардың өңдеу технологиясына шикізатты кеннен өндіру мен байыту, сонымен қатар ұсақтау, қыздыру, елеу базалары жатқызылады. Алюмосиликаттарды басқа елдерде кеңінен қолданғанымен, Қазақстан нарығында шикізат ретінде жаңа материал болып табылады.

Кеуктелген алюмосиликаттарды көптеген аймақтарда қолданады, солардың ішінде:

- Топырақ тұрақтандырғыш ретінде;
- Топырақты макро және микроэлементтермен байыту үшін;
- Жылыжай және ашық топырақта арналған толтырғыш қоспа ретінде;
- Тыңайтқыштарды толтырғыш ретінде.

Осы алюмосиликаттардың сипаттамалары негізінде салыстырмалы түрде вермикулитке тоқталсақ, кеуектелген вермикулит үш түрлі фракцияға бөлінеді: үлкені (5-10 мм), орташасы (0,6-5 мм) және кішісі (< 0,6 мм): Көлемдік массасына қарай 3 түрге бөлінеді: 100, 150 және 200. Кеуектелген вермикулит бірқатар бағалы қасиеттерге ие соның ішінде ең маңыздылары:

- төменгі тығыздық - 60 - 200 кг/м<sup>3</sup> ;
- төмен жылу өткізгіштік коэффициенті 0,048 - 0,06 Вт/м-град (°C);
- отқа төзімділігі жоғары, балқу температурасы ~ 1250°C;
- 0.000014 температурасы кеңеюдің төмен коэффициенті;
- уыттылығы жоқ;
- ұзақтау, шірік емес;
- қолдану температурасы 260 °C-тан + 1200 °C-қа дейін өзгереді.

Вермикулит үшін келесі кристалхимиялық формуласы түзіліп, ұсынылған. Яғни, Бэршарду бойынша  $(\text{H}_2\text{O})_x (\text{Mg}, \text{Ca})_y (\text{Al}, \text{Fe},) (\text{Si}, \text{Al}, \text{Re}) 4\text{O}_{10} (\text{OH})_z$ ; мұндағы - z-3 0,22 - 0,36 дейін ауытқып отырады;

Ал, Грюнеру бойынша:  $22\text{MgO} \cdot 5\text{Al}_2\text{O}_3 \cdot \text{Fe}_2\text{O}_3 \cdot 22\text{SiO}_2 \cdot \text{H}_2\text{O}$  теңдеуімен сипатталады [185, 186]. Вермикулиттің химиялық құрамы айнымалы %: MgO - 14-15; FeO - 1-3; Fe<sub>2</sub>O<sub>3</sub> - 3-17, Al<sub>2</sub>O<sub>3</sub> - 10-17; SiO<sub>2</sub> - 34-42; H<sub>2</sub>O -8-15 бар және мұндай қоспалар ретінде Ti, Ni, Zn, Cu, Na және басқалары да кездеседі. Аралас беттік және аралас қатпарланған вермикулиттердің микрокеуектерінің құрылымын 0,3-1,2 нм мөлшері аралығында қатпарлық беттер ретінде қарастыруға болады. Вермикулиттердің көлемдік катиондық алмасуы 100-150 м-экв/100г аралығында кездеседі, сол себептен олардың алмасу қабілеті өте жоғары саздар болып табылады. Кеуектелген вермикулит салмағының көлемі 75 тен 200 кг/м<sup>3</sup> дейін болады. Ірілігі бойынша кеуектелген вермикулит фракциясы +0,15-5,0 мм сәйкес келеді, бірақ басым бөлігінің (80%) - ірілігі +0,5-5,0 мм. болады. Оның толық деформациялық шегі 20-25%, серпімді - шартты түрінде - 1-ден 3%, ал зереннің морттылық көрсеткіші 2-6% аралығында болады. Кеуектелген вермикулиттің коэффициенті 4,8-11,0 шегінде ауытқиды. Ісіну коэффициентінің көрсеткіші оның гидратация кезіндегі орташа дәрежесіне тәуелді болады [180, 181].

Я.И. Френкельдің [182] іргелі ғылыми-зерттеуі негізінде және бірқатар зерттеулерді жасай отырып, дара ұсақ тесіктердің көлемін кеңейту коэффициентімен диаметрі 3-5 мм болатын алюмосиликатты саздарының түйіршіктерінің ісіну коэффициенттері есептелінді. Ұсақ тесіктерді кеңейту үрдісі аталған жылумен өңделген материалдардың нақты мөлшерінде ісінудің қарапайым актісі ретінде қарастырылды. Осылайша, егер ұсақ тесік саны материалдың бірлігі көлемінде N және әрбір ұсақ тесіктің радиусы r болса, онда ұсақ тесіктердің жалпы көлемі мына формула бойынша анықталады:

$$V_{\text{кеу.}} = 4/3\pi r^3 N \quad (3.1)$$

Ұқсастық бойынша  $K_b$  ісіну коэффициентімен термоөңдеу кезінде бір ұсақ тесікті кеңейту үрдісі коэффициентімен [183] сипатталады:

$$\xi = V_2/V_1 \quad (3.2)$$

мұнда  $V_2$  — ұсақ тесіктің соңғы, ал  $V_1$  — бастапқы көлемі.  $V_2$  және  $V_1$  шынайы кеуектілік арқылы көрсетілсе,  $K_b$  тәуелділігі ретінде алынады:

$$K_b = \xi \Pi_1/\Pi_2; \quad \xi = K_b \Pi_1/\Pi_2 \quad (3.3)$$

мұнда  $\Pi_1$  және  $\Pi_2$  — термоөңдеуге дейін және кейінгі шынайы кеуектіліктер [184]. Ұсақ тесіктің орташа радиусы:

$$r_{\text{ор}} = \sqrt[3]{3\Pi/(4\pi N)} \quad (3.4)$$

теңдеуімен [185] сипатталады. Ал, ұсақ тесіктің сыналып отырған түйіршік бірлігіндегі сандар мына формуламен өрнектеледі:

$$N = 30/(4\pi r_{\text{ор}}^3) \quad (3.5)$$

700-1100<sup>0</sup>С температурада және ұзақтығы 240 минут термоөңдеуден кейінгі химиялық құрамы, қышқыл және сілтілі қосылыстар [186] арақатынасына қарай алюмосиликатты саздардың кеуектілігі және үйінді тығыздығының сипаттамалары төмендегі 3.1 кестеде берілген.

Кесте 3.1 - Кеуектілік және қышқыл-сілтілі құрамы бойынша алюмосиликатты саздардың жіктелуі

Шикізаттар	Қышқыл және негізгі компоненттерінің мазмұны, %							Басты сомасына қышқыл мөлшері	Зертханадағы қоспасыз кеуектіліктің	
	SiO <sub>2</sub>	Al <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	FeO-Fe <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	CaO	MgO	R <sub>2</sub> O	Органикалық заттар		Тығыздық, г/см <sup>3</sup>	Кеуектілік коэфф.
Дарбаза бентониті	53	28	4,6	7,8	3,07	2,9	0,63	9,67	0,32	4,6
Құлантау вермикулиті	51	25	5,9	8,7	4,78	3,8	0,82	8,39	0,55	3,8
Ленгірдің саз-балшығы	48	29	5,91	8,47	3,92	3,83	0,87	8,21	0,43	3,3

3.1 кестеде жергілікті алюмосиликатты минералдардың қышқыл-сілтілі құрамын анықтау кезінде компоненттік мазмұны мен кеуектілік

коэффициенті бойынша Дарбаза бентонит сазы ал, тығыздығы бойынша Құлантау вермикулитінің көрсеткішінің жоғары екендігі дәлелденді.

**3.1.2 Түйіршікті метрикалық құрамдары.** Саздарды құрайтын барлық алюмосиликатты минералдарды бастапқы және қайталама деп бөледі. Бастапқыға желдетуге ұшыраған (үгітілу) жыныстың құрамына кіретін минералдар жатады. Олар кварц, дала шпаты, слюдалар, мүйізді қоспалар, авгиттер, граниттер, эпидот, турмалин, рутил, циркон, апатит, кальцит, доломит, серпентин, ставролит, титанит, магнетит, бетит, ангидрит, амфиболалар және тағы басқалары. Ал, қайталамаға – түрлі жыныстардың желдетілуі, бөлініп шығу және қайтадан жасалу үрдісінде түзілген минералдар, бірінші кезекте монтмориллонит, гидросолюд, гидрохлорит, вермикулит, бентонит, каолинит тобындағы саз түзгіш минералдар, сондай-ақ, алюминийдің су оксиді, темір оксиді және гидроксиді мен басқа да түрлері жатады [187-189]. Саздағы бастапқы минералдар қайталамаға қарағанда аса берік және химиялық құрамы тұрақты болып келеді, ол бастапқы минералдардың негізі мөлшері 0,001 мм астам сазды шикізаттың аса ірі фракциялардың топтасуында байқалады. Ал, қайталама минералдар ең ұсақ дисперсті фракциялардың негізінен құралады. Саздағы бастапқы және қайталама минералдардың топтасу шекарасы ретінде 1-5 мк фракциясын қарастыруға болады. Мысалы, кварц және дала шпаты негізінен 5-10 мк үлкенірек фракцияда топтасады, ал слюдалар - бөлшектер арасында 1-10 мк үлкенірек болады. Қайталама сазды минералдар сондай-ақ, физикалық беріктігі мен химиялық тұрақтылығы жағынан ерекшеленеді. Каолинит, мысалы, монтмориллонитке қарағанда аса берік және химиялық құрамы тұрақты, сондықтан каолиниттің кристалды бөлшектері монтмориллониттің бөлшектеріне қарағанда аз қиыршықтанады. Осыған орай сазда каолинит құрамының өсуі оның дисперстігін азайтады және керісінше монтмориллонит құрамының артуы кезінде саздың дисперстілік дәрежесі қатты ұлғаяды [190]. Бастапқы шикізат ретінде сорбенттерді алюмосиликаттар негізінде бентонит, вермикулит және Ленгір сазы шоғырын алу да ерекше қызығушылық пайда болады.

**3.1.3 Сорбенттердің гранулометриялық құрамын анықтау.** Ол үшін 10 грамм сорбент үлгісі алынып, 250 см<sup>3</sup> стаканға орналастырып үстіне тазартылған су құйылып, шайылады. Содан кейін, 10 см<sup>3</sup> сорбент 10 см<sup>3</sup> цилиндрге толтырылып, көлемі өлшенеді (V). Сорбенттің көлемін өлшеуге дейін, цилиндрдің төменгі жағы сорбент қабаты кішірейгенге дейін қатты бетіне аздап тиіп тұрады. Саңылаулар жиынтығын 2,0; 1,0; 0,5; 0,25 мм болады [191]. Елек сумен бірге суға батырылады да, сорбент астықтары толығымен фракцияланғанша (шамамен 15 минуттай) шайқалады. Алынған экрандық фракциялар дистилденген судың аз ағынымен жуылады, сонымен бірге бір мезгілде сорбентті фракциялардың жиналуын жеңілдету үшін бір бағытта жүргізілді. Әрбір фракция сумен толтырылған 10 см<sup>3</sup> цилиндрге




тасымалданады. Сорбентті ағаш бетіндегі цилиндрдің түбін қысып, фракциялардың ( $V_1, V_2, V_3, V_4$ ) көлемін өлшеу арқылы тығыздалады. Фракцияларды есептеу төмндегі формулаға сәйкес жүзеге асырылады:

$$X = \frac{V_1}{V} \cdot 100 \quad (3.6)$$

мұнда  $V$  - алынған сорбент көлемі,  $\text{см}^3$ ;  $V_1$  - бұл фракцияның көлемі,  $\text{см}^3$ . Сорбенттердің біркелкі емес коэффициенттері  $K$  мына формула бойынша есептелінеді [192]:

$$K = \frac{d_{80}}{d_{10}} \quad (3.7)$$

Төмендегі 3.1 суретте жергілікті кен орындарынан алынған гранулометриялық құрамын анықтауға алынған табиғи алюмосиликаттар көрсетілген.



Сурет 3.1 - Зерттеу жұмысына алынған алюмосиликатты сынамалардың үлгілері: а - Дарбаза бентониті, б - Құлантау кен орнының вермикулиті, в – Ленгірдің қиын балқитын саз-балшығы.

**3.1.4 Сорбенттердің механикалық беріктігін және суға төзімділігін анықтау.** Сорбенттердің механикалық беріктігі фракциялық құрамы өзгерілгеннен кейін, яғни шайқаудан бұрын және одан кейін анықталады. Ол үшін  $10 \text{ см}^3$  сорбент алынып, оның бөлшек құрамын анықтайды. Содан кейін, барлық фракциялар бір-бірімен араластырылып, сыйымдылығы  $25 \text{ см}^3$  болатын цилиндрге орналастырылады да, үстіне  $15 \text{ см}^3$  тазартылған суға құйылады. Сорбент салынған цилиндр дірілдейтін құрылғының орнына бекітіліп, 8 сағат бойы шайқалды. Осыдан кейін цилиндрдегі сорбент көлемі өлшенеді де, сорбент сұйықтықтан бөлініп, оған бөлшек талдаулары жасалады. Фракциялық құрамының өзгеруі сорбенттің механикалық беріктігінің критерийі болып табылады. Механикалық беріктігі ( $D\%$ )

дірілдегенге дейін ( $V_1, \text{см}^3$ ), сорбент көлеміне сіңіргеннен кейін ( $V_2, \text{см}^3$ ) сорбент көлемінің қатынасы ретінде төмендегі формула бойынша анықталады:


$$D = \frac{V_2}{V_1} \cdot 100 \quad (3.9)$$

Сорбенттердің максималды механикалық беріктігі 673К термоөңдеу кезінде қамтамасыз етіледі [193 - 195]. Төмендегі 3.2 - кестеде сынамаға алынған шикізаттардың механикалық беріктігі мен суға төзімділігін анықтау барысында алынған нәтижелер көрсетілген.


Кесте 3.2 - Сынамалардың механикалық беріктігін анықтау барысындағы сипаттамалар

Сынамалар нөмірі, №	Темп. °С	Термоөңдеуге дейінгі түйіршіктердің беріктігі кг/см <sup>2</sup>	Термоөңдеуден кейінгі түйіршіктердің беріктігі кг/см <sup>2</sup>			
			1 сағ.	2 сағ.	3 сағ.	4 сағ.
Дарбаза бентониті	700	15,18	18,25	18,87	20,32	23,60
	900		21,08	22,34	25,66	27,43
	1100		23,58	25,75	28,15	32,47
Құлантау кен орнының вермикулиті	700	0,650	1,058	1,270	1,283	1,317
	900		1,108	1,304	1,406	1,679
	1100		1,220	1,370	1,610	1,845
Ленгірдің қиын балқитын саз - балшығы	700	2,627	2,815	3,314	3,853	4,302
	900		3,212	3,575	4,437	4,785
	1100		3,421	3,723	4,862	5,730


3.2 кестеде сынамалардың механикалық беріктігі анықтау кезінде алынған нәтижелер. Мұнда түйіршіктелген сорбенттердің термоөңдеуге дейін және термоөңдеуден кейінгі беріктіліктері анықталды. Екі үрдістің арасындағы айырмашылық уақыт пен температураның қатынасы барысында анықталды. 3.2 - 3.4 суреттерде сынамалардың механикалық беріктігін анықтау барысындағы, яғни беріктілігі мен суға төзімділігі нәтижесінен алынған көрсеткіштердің графикалық нәтижелері көрсетілген.



Сурет 3.2 - Дарбаза бентонитінің термоөңдеу кезінде температураның уақытқа қатынасы



Сурет 3.3 - Құлантау вермикулитінің термоөңдеу кезінде температураның уақытқа қатынасы




Сурет 3.4 - Ленгірдің қиын балқитын саз - балшығының термоөңдеу кезінде температураның уақытқа қатынасы

3.3 кестеде қолданылып отырған алюмосиликатты минералды шикізаттардың зертханалық талдаулар нәтижесінде алынған суға төзімділігі көрсетілген.

Кесте 3.3 - Сынамалардың суға төзімділігі.

Сынамалар нөмірі, №	Температура, °С	Термоөңдеуден кейінгі түйіршіктердің суға беріктілігі, %			
		1 сағ.	2 сағ.	3 сағ.	4 сағ.
Дарбаза бентониті	700	86	90	92	93
	900	95	95	96	97
	1100	97	98	99	99
Құлантау кен орнының вермикулиті	700	80	83	87	90
	900	89	91	93	95
	1100	91	93	95	96
Ленгірдің қиын балқитын саз балшығы	700	60	62	64	66
	900	67	68	69	71
	1100	73	76	80	85

3.3 кестедегі мәліметтерде зерттеу нәтижелерінің көрсеткіші термоөңдеу температурасының уақытқа қатынасы негізінде қолданылған алюмосиликатты минералдардың ішінде ең суға төзімділігі жоғары бентониттер екені, ал одан кейін вермикулит пен қиын балқитын саз - балшықтар екені анықталды. Төмендегі 3.5 суретте сынамалардың суға төзімділігінің өзгеруі уақытқа байланысты екені бейнеленген.



● - Дарбаза бентониті; ● - Құлантау вермикулиті; ● - Ленгірдің қиын балқитын саз-балшығы.

Сурет 3.5 - Сынамалардың суға төзімділігін анықтау барысында алынған графикалық нәтижелер

Суретте 3.5 көрсетілгендей зерттелген жұмысында қолданылған сынамалардың ішінде Дарбаза бентониті ең жоғары көрсеткішке ие. Ал, Ленгірдің қиын балқитын сазының суға төзімділігі басқаларға қарағанда төмен екендігі анықталды.

**3.1.5 Сорбенттердің тығыздығын анықтау.** Тығыздық – шын және орташа деп бөлінеді. Шын тығыздықты ( $D_{ш}$ )  $v$  –материалдың саңылаусыз, яғни затпен толы кезінде анықтағандықтан “заттың тығыздығы” деп атайды. Орташа тығыздықты ( $D_0$ ) анықтағанда, көлеміне сорбенттер ішіндегі саңылауларда кіреді. Орташа тығыздықты табуда сынаманы үш рет өлшеп, оның көлемін саңылаулармен қоса анықтайды. Сусымалы материалдардың тығыздығын анықтау үшін, олардың көлемін белгілі ыдысқа стандартта көрсетілген биіктікпен толтыру арқылы табады. Ғылыми жұмыс барысында сорбенттердің шын мәніндегі тығыздығы Ле-Шателье көлем өлшегішімен анықталды. Ол үшін 200 г сынама алынып, оны диаметрі 5мм електен өткізілді. Кейінірек тұрақты температурада кептіріп, бөлме температурасында салқындалды. Осыдан кейін әрбірі 75 г болатын 2 бөлігі бөлініп алынады. Кейін Ле-Шателье құралы стандартты нөльдік белгіге дейін материал ұнтағына қатысты инертті сұйықтықпен толтырылады, яғни сумен (керосин немесе спирт болса да болады). Содан соң, сұйықтықтан бос бөлігі (нөльдік белгіден жоғары) сүзгіленген қағаздан жасалған тығынмен жақсылап сүртіліп, кейін көлем өлшегіш су температурасы 20°С болатын әйнек түтікшеге салынды. Сынау жүргізу кезінде көлем өлшегіш суда тұру қажет. Бірақ көлем өлшегіш қозғалмай тұру үшін, штативке мойнының барлық белгіленген бөлігі суда тұратындай етіп штативке бекітілгені дұрыс. Сынама бөлігі аспап құйғышқа сұйық деңгейі аспаптағы бөлімшесі 20 мл болатын белгіге көтерілгенге дейін құйылады. Ал, қалған ұнтақтар қайтып өлшеніледі. Ауаның көпіршіктерін жою үшін, құрылғыны өзінің тік осінен бірнеше рет айналдыру қажет. Аспапқа енбеген сынама қалдығы өлшеніп, барлық өлшемдер 0,01г дәлсіздікпен жүзеге асырылады [196]. Шынайы тығыздықтың екі анықтамасының нәтижелері арасындағы сәйкессіздік 0,02 г/см-ден артық болмауы тиіс. Егер үлкен айырмашылық туындаған жағдайда қайталама үшінші анықтама жүргізіліп, екі жақын мәндердің орташа арифметикалық есептеуін анықтайды. Көлем өлшегіштегі судың соңғы және бастапқы деңгейі арасындағы өзгеріс приборға себілген ұнтақ көлемін көрсетеді. Көлем өлшегішке салынған ұнтақ массасы бірінші және екінші өлшеулер арасындағы өзгешеліктерге тең келеді. Қорытындылай келе, зерттеу жұмыс барысында сынамалардың шын мәніндегі тығыздығы төмендегі формула (өшем бірлігі (кг/м<sup>3</sup>) бойынша анықталды:

$$\rho = \frac{m_2 - m_1}{V} \quad (3.10)$$

мұндағы  $m_2$ —сынауға дейінгі материал ілмегі, кг;  $m_1$  - ілмеден қалған қалдық, кг;  $V$ — материал ілмесімен қысып шығарылған сұйық көлемі (көлем өлшегіштегі ұнтақ көлемі), м<sup>3</sup> [197]. 3.6 суретте - Ле-Шателье құралы бейнеленген.



Сурет 3.6 - Ле-Шателье құралы.

Жоғарыда көрсетілген тәжірибелер түйіршіктердің термоөңдеу нәтижесі бойынша механикалық беріктік пен суға төзімділіктің қажетті көрсеткіштері бар сорбенттер алуын қамтамасыз етеді. Термоөңдеуден алынған нәтижелері 3.4 кестеде көрсетілген.

Кесте 3.4 - Сорбенттердің кеуектілік қабілеттілігінің температураға байланысы

Сынамалар нөмірі, №	Температура, °С	Термоөңдеуге дейінгі түйіршіктердің диаметрі, мм	Термоөңдеуден кейінгі түйіршіктердің диаметрі, мм			
			1 сағ.	2 сағ.	3 сағ.	4 сағ.
Дарбаза бентониті	700	8-11	9-11	9-12	11-12	12-13
	900		10-12	11-13	12-15	14-17
	1100		9-12	11-14	15-17	16-19
Құлантау кен орнының вермикулиті	700	8-11	8-12	11-12	11-13	12-13
	900		9-11	10-12	11-12	12-13
	1100		10-13	12-14	13-16	15-18
Ленгірдің қиын балқитын саз балшығы	700	8-10	10-11	10-13	11-13	10-13
	900		10-12	11-13	12-13	12-14
	1100		10-12	12-13	12-15	14-16

3.4 кестеден түйіршікті сорбенттердің механикалық беріктігі мен суға төзімділігі термоөңдеу температурасына тәуелділігін көрсете отырып, кеуектіліктеріне зерттеулер жүргізілді. Көрсетілген уақыт аралығында түйіршіктердің кеуектілігі артып, көлемін ұлғайтты. Ал, осы уақыт аралығында тағы 1 сағатқа, яғни 5 сағатқа созылған кезде түйіршіктердің көлемі 4 сағаттағы кейіпінде қалды. Бұл термоөңдеудің шектік мөлшері деп

есептелінді. Мұнда механикалық беріктігіне негізінен температуралық режимнің ықпалы әсер ететінін көруге болады. Зерттеу негізінде құрылымы қатты қабатты силикаттардың сіңірулік және басқа физика-химиялық қасиеттерінің құрылымы, дисперстілігімен анықталады, ол өз кезегінде алюмосиликаттың кристаллды тордың құрылымына байланысты болады. Осыған байланысты, алюмосиликаттар микроқуысты сорбентке жатады, салмақты жазықтығын анықтау қиындау болғандықтан алюмосиликаттың гидрофильділігін бағалау үшін, суландыру жылуының берік байланысқан су көлеміне қатынасын пайдаланады. Алюмосиликаттардан алынған түйіршіктелген сорбенттердің үлгілері макро және мезокеуекті болып табылады, сонымен бірге тығыздықтың жоғары мәні мезопораның ары қарай мақсатты даму мүмкіндігін көрсетеді. Зерттелген сорбенттердің порометрикалық көлемі 0,22 - 0,37 см<sup>3</sup>/г аспағандықтан түйіршікті сорбенттерді дайындау үрдісінде мезопорды және техникалық қоспа қосу есебінен жалпы кеуектілікті ұлғайту мүмкіндігі жасалды. Сорбенттерді қолдану әрқашан белгілі бір технологиялық циклда тиімді пайдалануды барынша арттыруға бағытталған.

**3.1.6 Сорбенттердің үйінді тығыздығын анықтау.** 10 см<sup>3</sup> сыйымдылығы бар цилиндрде 5 грамм сорбент сынамалары салынады. Сынамаларды шайқап іріктеп, кейін төмендегі В (г/см<sup>3</sup>) келесі формула бойынша есептейді мұндағы m - саз массасы, г; V - балшықтың көлемі, см<sup>3</sup> [198]:

$$B = \frac{m}{V}, \text{ г/см}^3 \quad (3.8)$$

**3.1.7 Сорбенттердің алмасу сыйымдылығының динамикалық анықтау шарттары.** Сіңіру қабілеттілігінің динамикалық сипаттамаларынан алынған сорбенттің иондары топтарының сандары, арнайы сіңіру барысында ион алмасу реакциясына қатысады. Динамикалық әдістің негізгі маңыздылығы, бағанада орналасқан (сүзгі). Сорбенттердің оралған қабаты, қанықтыру ерітіндісі, сіңіру тепе-теңдігі қалыптасқанша иондарды сіңіреді. Ерітінді бағана арқылы өтеді, ол сіңіру қабатын құрайды, яғни жоғарғы бөлігінде сорбенттің қанықтылығы толықтырылып, содан кейін сіңіру аймағындағы бағананы төмендетеді. Алдыңғы сүзгі қабатты төменгі шекарасына жеткенде, сүзінді де пайда болған және сіңірілген ион «бұзылған жеріне» келеді. Кейінірек қабаттың үстінен жіберілген ерітінді сорбенттің бүкіл бойына таралып, толық қанықтырылады. Сол кезде сіңірілген иондар сүзгідегі және бастапқы ерітіндідегі шоғырына тең болады [199].

**3.1.8 Сорбенттердің беттік меншікті ауданын анықтау.** Алюмосиликатты минералдардан арнайы меншікті беті бар, кеуектелген сорбенттерді алу үшін термоөңдеуден өткен шикізаттар қолданылады. Мұндай алюмосиликаттардың үйілген салмағының көлемі 150-200 кг/м<sup>3</sup>

аспайды. Қыздыру кезіндегі тиімді әдіс 700 - 1100 К температурада муфель пешінде арнайы уақыты белгіленген жағдайда қыздыру болып табылады. Қыздыру сатысында ісінген өнімді алу 51-83%-ды, ол ісінудің көлемді коэффициенті - 2,5 - 8,5 құрайды. Төрмоөңдеуден өткен сорбенттердің көлемі 20 - 30 есе болады [200, 201]. Ісінген алюмосиликаттар ісіну үрдісінде көптеген қосымша тесіктердің арқасында бастапқысына қарағанда аса жоғары меншікті бетке ие болады. Сынамалардың беттік меншікті ауданын шынайы және сусымалы тығыздықтарды анықтап алғаннан кейін, төмендегі 3.7 суретте көрсетілген арнайы ПСХ-К құрылғысының көмегімен анықталды.



Сурет 3.7 - ПСХ-К құрылғысы

Төмендегі 3.5 кестеде алюмосиликаттардың көлемдік, тығыздық және меншікті бетін анықтау кезеңдерінен алынған нәтижелер көрсетілген.

3.5 кесте - Сынамалардың беттік меншікті ауданы мен тығыздығын анықтау барысында алынған нәтижелер

Сынамалар атауы	Бөлшектер көлемдік салмағы, г/см <sup>3</sup>	Бөлшектер орташа мөлшері, мкм	Тығыздық, г/см <sup>3</sup>		Беттің меншікті ауданы, см <sup>2</sup> /г
			Шынайы	Сусымалы	
Дарбаза бентониті	5,67	67,8	1,7	1,2	520
Құлантау вермикулиті	6,67	3	2	0,065– 0,130	10132
Ленгірдің саз балшығы	16,67	8,1	5	1,2- 1,7	1481

Сынамалардың беттік меншікті ауданы мен тығыздығын талдаудан алынған нәтижелердің көрсеткіші бойынша Ленгір сазының көлемдік



салмағы басым болды. Ал, сынама бөлшектерінің орташа мәндері жағынан Дарбаза бентониті, беттік меншікті ауданы бойынша Құлантау вермикулитінің сыйымдылығы жоғары көрсеткішті көрсетті.

Жергілікті кен орындардан алынған алюмосиликатты шикізаттардан алынған сорбенттердің физикалық – химиялық және механикалық қасиеттерінің талдау нәтижелерінің жалпы көрсеткіштері 3.6 кестеде көрсетілген. Ондағы нәтижелердің барысында сорбенттердің сіңіру қасиеттері жоғары екендігін көрсетеді.

Кесте 3.6 - Алюмосиликаттардың жалпы зерттеу кезеңдерінен алынған нәтижелері.

Температура, °С	Сусы малы тығыздық г/см <sup>3</sup>	Шынайы тығыздық г/см <sup>3</sup>	Ле-Шателье бойынша тығыздық г/см <sup>3</sup>		Кеуектердің жалпы көлемі см <sup>3</sup> /г		Механикалық беріктік, %	Суға беріктігі, %	Са + Mg көлемінің сыйымдылығы мг-экв/г
			Су	Бензол	Су	Бензол			
Дарбаза бентониті									
700 <sup>0</sup> С	1,13	1,60	2,73	2,57	0,25	0,21	93	98	0,39
900 <sup>0</sup> С	1,10	1,58	2,70	2,53	0,23	0,21	95	99	0,39
1100 <sup>0</sup> С	1,07	1,56	2,67	2,45	0,22	0,23	97	99	0,40
Құлантау кен орнының вермикулиті									
700 <sup>0</sup> С	0,85	1,84	2,71	2,58	0,28	0,15	98	76	0,49
900 <sup>0</sup> С	0,57	1,57	2,68	2,56	0,25	0,23	95	80	0,49
1100 <sup>0</sup> С	0,33	1,52	2,62	2,49	0,24	0,22	97	85	0,50
Ленгірдің қиын балқитын саз балшығы									
700 <sup>0</sup> С	1,23	1,34	2,79	2,39	0,46	0,36	97	93	0,41
900 <sup>0</sup> С	0,54	1,26	2,75	2,29	0,43	0,38	95	95	0,41
1100 <sup>0</sup> С	0,71	1,25	2,54	2,19	0,40	0,37	93	96	0,41

3.6 кестеде алюмосиликатты минералдардың жалпы зерттеу кезеңдерінен алынған нәтижелері бойынша әр түрлі температурада белгіленген уақыт тәуелділігіне байланысты алынған сорбенттерді салыстырмалы түрде алатын болсақ, барлық көрсеткіштер бойынша бентонит сазының жоғары деңгейде екені анықталды. Алайда, вермикулитпен Ленгірдің қиын балқитын саз-балшығы да оң нәтижесін көрсетті. Физика-химиялық, механикалық зерттеулердің нәтижесінде алынған меншікті беттік ауданы бар, кеуектелген сорбенттер ғылыми жұмыстың негізгі мақсаты болғандықтан, фосфор шламынан фосфорды бөліп алуда жоғары көрсеткіш көрсетуі қажет. Осы ғылыми жұмыс барысында алюмосиликатты минералды шикізаттардан сорбенттерді алу үшін, арнайы термоөңдеуден өткен кеуектелген Дарбаза бентониті, Құлантау вермикулиті және Ленгірдің қиын балқитын саздары қолданылды. Табиғи алюмосиликаттардың негізінде ұнтақ тәріздес майдаланған және түйіршіктелген түрдегі сорбенттер алынды.

### 3.2 Қышқылды белсендіру әдісімен алюмосиликатты сорбенттердің сіңіру қасиеттерін арттыру.

Сорбенттерді белсендіру әдісінің бірнеше түрлері бар. Механикалық-химиялық әдістерге тегістеудің бірнеше түрлерін жатқызады. Химиялық белсендіру сорбенттерді орта қышқылдармен түрлі температурада өңдеу болып табылады. Адсорбенттердің бетін өзгерту әдістеріне, сіңіру-термиялық әдісі мен сорбенттердің беткі металл тұздары арқылы (мысалы  $Al_2SO_3$ ) гидрофобизациялау және түрлендіру әдісін жатқызады. Сілтілі белсендіру әдісі саздың сіңіру сыйымдылығын айтарлықтай көбейтуге, 5-6% сазды заттың шығынын азайтуға мүмкіндік береді. Белсендірудің сіңіру-термиялық әдісі саздарды алдын-ала органикалық катиондармен модификациялайды, кейін оны тесу арқылы органикалық қоспа кокс алады, ол сазды минералдың пакетін оралған жағдайда сақтайды [202].

Сазды минералдарды ыстық қышқылдармен өңдеу, олардың каталикалық және сіңіру қасиеттерінің күрт арттыратыны мәлім. Осыған байланысты ғылыми жұмыс барысында алюмосиликаттарға қышқылдық белсендіру зерттеулері жүргізілді. Қышқылдардың саз минералдарымен өзара әсер етуі туралы сұрақтар анық болмағандықтан, мәселенің теориялық және тәжірибелік қатынасында маңызды шешім қабылдау үшін ары қарай зерттеуді талап етеді. Қышқылды өңдеу кезінде алюмосиликаттардың алмасу катиондарының құрылысы мен сіңіру қасиетінің әсері зерттелінді.

Табиғи алмасу кешенін органикалық немесе органикалық емес катиондарға алмастыру алюмосиликаттың көміртектелген қарағандағы сіңіру қасиетінің елеулі артуына алып келетінін көрсетеді. Берілген тарауда, ыстық күкірт, фосфор және тұз қышқылдарымен өңдеу арқылы алюмосиликаттардың құрылысы мен сіңіру қасиетіне әсер етуі зерттелді. Қышқылмен белсендіру әдісі сорбенттердің кеуектілігін, меншікті беттік ауданын, сіңіру сыйымдылығын арттырады [203, 204]. Алюмосиликаттарды белсендіру кезінде сүзгілеу үрдісін жүргізу үшін 3.8 суретте көрсетілген зертханалық вакуум-сүзгіші қолданылды.




Сурет 3.8 - Зертханалық вакуум-сүзгіш

Ғылыми жұмыста қышқылдармен белсендіру кезінде қолданылатын алюмосиликатты минералды шикізаттардың әр-бірінен 300 г. алып, оларды дистилденген сумен бір қалыпты араластырып 24 сағат тұрақты ауада кептіріледі. Кейін қоймалжың қоспаларды кептіргіш пеште 60 °С - 2 сағат кептіріліп, зертханалық вакуум-сүзгіші арқылы тазартылып алынады.

Кейінірек 65°С жоғары температурада 0,1 М және 0,8 М ыстық күкірт, фосфор және тұз қышқылдарымен (H<sub>2</sub>SO<sub>4</sub>) араластырылып, 2 сағатқа құрғақ ауада қалдырылды. 2 сағатқа кейін қоспаны 3 - 4 қайтара дистилденген сумен тазалап жуып, тағы да 12 сағатқа құрғақ ауада кептірілді.

Осы зерттеулерден алынған химиялық талдау нәтижесінде белсендірілу кезінде магний, темір, алюминия оксидінің елеулі бөлігі еріп, соның арқасында үлгі құрамындағы SiO<sub>2</sub> артқаны дәлелденді. Төмендегі 3.9 суретте сынамалардың қышқылмен араластырылып, құрғақ ауада өздігінен булану үрдісінің жүруі көрсетілген.



а – Дарбаза бентониті, б – Құлантау вермикулиті, в – Ленгірдің қиын балқитын саз - балшығы

Сурет 3.9 - Сынамалардың құрғақ ауада булануы

Дайындалған сынамалар кептіріліп, диаметрі 8 - 11 мм аралығында түйіршіктелініп зертханалық муфель пешінде термоөңдеуден өткізілді. Түйіршіктерді термоөңдеу муфельді пешінде белгіленген температурада уақыт режимі бойынша жүзеге асырылды: Т = 700 - 1100 К кезінде 1 - 4 сағат аралығында.

Соңғыларын 4 сағаттың көлемінде 1100°С температурада, қатты және сұйық фазаның Қ:С = 1:5 қатынасында 25% – дық H<sub>2</sub>SO<sub>4</sub> белсендіріліп Қ:С = 1:10 қатынасында, сондай-ақ басқа ұқсас шарттарда, сорбенттердің құрылысы мен сіңіру қасиетіне 5,10, 15, 20, 25% H<sub>2</sub>SO<sub>4</sub> әсер етуі зерттелінді. 3.10 - 3.12 суреттерде бентонит, вермикулит және Ленгірдің қиын балқитын саз-балшығы сынамаларының белсендіру барысындағы нұсқалары келтірілген.



а



б

Сурет 3.10 - Бентонит нұсқалары а- белсендірілген, б-түйіршіктелген

а

б



а



б

Сурет 3.11 - Вермикулит нұсқалары а- белсендірілген, б-түйіршіктелген



а



б

Сурет 3.12 - Ленгірдің қиын балқитын сазының нұсқалары а- белсендірілген, б-түйіршіктелген

Алюмосиликаттарды ыстық қышқыл ерітінділерімен белсендіру бойынша тәжірибелік деректер негізінде, олардың қышқылды белсендіру үрдісінің кейбір заңдылықтарын атап өтуге болады. Алюмосиликаттарды белсендірілу тиімділігі деректердің кристалды құрылысының ерекшеліктеріне байланысты химиялық талдау, изоморфизм дамуы тән тетраэдриалық және октаэдриалық жағдайында күкірт жән тұз қышқылымен өңдеу кезінде қатты ыдырайтынын көрсетеді [205]. Оған окта – және тетраэдрлар дефекттерінің болуы ықпал етеді. Олар протондардың құрылымға енуін жеңілдетіп, магний оксидінің еруіне ықпал жасайды. Максимальды меншікті бетті сорбенттерді алу үшін оларды ыстық 5-25% қышқылдармен 4 сағат көлемінде өңдеу қажет. Сонда келесі сипаттамадағы адсорбент алынады:  $S_{мен.} = 300-570$  мг/г;  $\zeta_{мезо} = 2,0-2,5$  нм;  $V_s = 0,3-0,55$  см<sup>3</sup>/г. H<sub>2</sub>SO<sub>4</sub> және HCl шоғырының артуы мезопор радиусының 4,0-7,0 нм дейін, ал шекті сіңіру көлемнің 0,4-0,75 см<sup>3</sup>/г дейін ұлғаюына алып келеді, бірақ белсендірілген сорбенттің шамалы беті 200 мг/г дейін азаяды [206-209].

Төмендегі 3.7 кестеде Қ:С=1:5 кезінде 25% H<sub>2</sub>SO<sub>4</sub> алюмосиликаттардың бастапқы және өңделген үлгілерінің химиялық элементтік құрамы көрсетілген.

Кесте 3.7 - Алюмосиликаттардың бастапқы және өңделген үлгілерінің химиялық құрамы

Сынамалар	Дарбаза бенто ниті	Құлантау вермику литі	Ленгір сазы	Дарбаза бенто ниті	Құлантау вермику литі	Ленгір сазы
Компонент тер, %	Бастапқы үлгілер, %			Өңделген үлгілер, %		
Fe <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	6,01	5,97	5,96	6,09	6,53	6,38
FeO	0,88	0,85	0,79	0,65	0,57	0,64
SiO <sub>2</sub>	37,44	37,42	37,43	64,31	65,86	64,29
MgO	23,88	23,79	23,69	4,32	4,87	4,46
Al <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	11,23	11,27	11,35	12,15	12,17	12,11
CaO	2,10	2,15	2,19	0,35	0,84	0,75
H <sub>2</sub> O	10,98	10,95	10,65	8,72	8,63	8,05
K <sub>2</sub> O + Na <sub>2</sub> O	1,18	1,25	1,56	0,18	0,15	0,13
Басқалары	6,30	6,35	6,38	3,23	0,38	3,19

Зерттеулер нәтижесінде алюмосиликаттарды белсендіру SiO<sub>2</sub>-нің 37,42–дан 65,86% – ға салыстырмалы түрде артуымен сипатталады. Бұл көлемде белсендірілген үлгідегі MgO көлемі, басқапты түрімен салыстырғанда 23,88–4,32% дейін төмендеді.

Белсендірілген алюмосиликаттардың шамамен 18–20 бөлігі сіңірулік және конституциялық су болса, онда алюмосиликаттардың белсенділігі таза кремнизиді алуға мүмкіндік береді [210]. Шламды сіңіру кезінде,

алюмосиликат қуыстарының өлшемі өзгеріп тұратын майда қуысты сорбент ретінде қарастыру қажет. Күкірт қышқылымен белсендіру үрдісінде алюмосиликаттардың майда қуысты сіңірулік құрылымы жартылай немесе толығымен жойылып, қуыстарында анағұрлым үлкен адсорбенттер пайда болады.


Қышқылды белсендіру қуыстығы дамыған сорбенттерді жасау үшін, кеңейтетін құрылымдық ұясы бар минералдарды таңдауда маңызды. Қуыстығы дамыған сорбенттерді қалыптастыру кезінде, алюмосиликаттардың бастапқы құрылымының толық немесе жартылай ыдыраған элементтері арасында аморфты фазаның жіңішке қабатының болуы маңызды рөл атқарады. Соңғысы, алюмосиликаттардың үш қабатты пакетінің ретсіз араласуына алып келеді және қуыстардың ашық жүйесін туындатады.

Белсендірудің бірдей шарттарында кеңейтілген құрылымдық ұясы бар алюмосиликаттардың ыдырауында октаэдриалық катиондар  $Fe^{3+}$ , әсіресе  $Mg^{2+}$  торында көп болады.  $Mg-O$  және  $Fe-O$  байланыстары,  $Al-O$  қарағанда әлсіздеу, және сәйкес оксидтер, алюмосиликаттарға күкірт және тұз қышқылы әсер еткенде бірінші кезекте шайылады.

Алюмосиликаттарды 25% күкірт және тұз қышқылымен белсендіру кезінде триоктаэдриалық толық бұзылуы осымен түсіндіріледі [211-213]. Сонымен, зерттеу негізінде құрылымы қатты қабатты алюмосиликаттардың сіңірулік және басқа физика-химиялық қасиеттерінің құрылымы, дисперстілігімен анықталады, ол өз кезегінде алюмосиликаттардың кристалды тордың құрылымына байланысты болады. Осыған байланысты, алюмосиликаттар микроқуысты сорбентке жатады, мұнда салмақты жазықтығын анықтау қиындатылған. Сондықтан алюмосиликаттардың гидрофильділігін бағалау үшін, суландыру жылуының берік байланысқан су көлеміне қатынасын пайдаланады [214].

Қышқылды белсендіру кезінде алмасу катиондарының құрылысы мен сіңіру қасиетіне әсері зерттелді. Ыстық қышқылмен сынамаларды өңдеу олардың салмақты жазықтығы мен ауыспалы қуыс көлемінің артуына алып келеді. Рентген талдау әдісімен алюмосиликаттарды ыстық күкірт және тұз қышқылымен өңдеу кезінде аморфты кремнеземнің пайда болуы дәлелденді.

Алюмосиликаттарды техникалық силикагель алу үшін қолдануға болады. Себебі 20–25% оны қышқылдар ерітіндісімен белсендіру кезінде, оның торы толығымен ыдырап, таза кремнизидің пайда болатыны дәлелденген. Төмендегі 3.13 суретте салыстырмалы түрде алынған сынамалардың белсендіруден кейінгі көрсеткіші бейнеленген.



Д - Дарбаза бентониті; К - Құлантау вермикулиті; Л - Ленгірдің қиын бақитын саз-балшығы.

Сурет 3.13 - Белсендірілгеннен кейінгі сынамалардың 90<sup>0</sup>С – дегі өсу дәрежесі.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде химиялық белсендіру арқылы сорбенттердің сіңіру сыйымдылығы арттырылды, ал аталған белсендіру әдісінің кемшілігіне мынаны жатқызуға болады: сазды заттардың үлкен шығындары (25-35%), сорбенттің механикалық беріктігінің бірден азаюы және қышқыл ағын судың түзілуі [215]. Алюмосиликаттарды белсендіру және модификациялау үшін беттік гидроксильді топтарды алмастыру, түрлі органикалық радикалдарға көлемді алмасу, термиялық және өндеудің басқа да түрі жүргізіледі. Сазды минералдарды ыстық қышқылдармен белсендіру олардың каталитикалық, сіңіру және ағартқыш қасиеттерінің артуына алып келеді.

### 3.3 Алюмосиликатты шикізаттардан алынған сорбенттер үрдісін математикалық модельдеу.

Фосфор шламдарынан фосфорды бөліп алу үшін пайдаланылатын сорбенттерді алудың технологиялық режимін әзірлеу кезінде сорбенттер агрессивті ортада жұмыс істеу үшін олардың қасиеттерінде тұрақты болу керек екендігін ескеру қажет. Сондықтан, ең алдымен олардың механикалық және суға беріктілігі жоғары болу керек. Тергеу үрдісі негізінде күшті және суға төзімді түйіршікті сорбент дайындау үшін жергілікті кен орындарынан алынған, яғни Дарбаза бентониті, Құлантау вермикулиті және Ленгірдің қиын балқитын саз-балшықтары сияқты алюмосиликатты минералдар қолданылды.

Осы минералдардан түйіршікті сорбенттер алу үшін бірнеше сатыдан тұратын сорбенттерді дайындау әдісі жасалынды. Онда бірінші кезеңде шикізаттар кептіріліп, механикалық қоспалардан тазартылды. Кейін шикізаттар байланыстырғыш технологиялық қоспалармен араластырады [216]. Алынған сорбенттердің түйіршіктеріне термоөңдеу жүргізіліп, кептіріледі. Дайын болған түйіршікті сорбенттерге термоөңдеудің температурасы арқылы уақыт көрсеткішіне қарай, механикалық беріктігі мен суға төзімділігін анықтау үшін зерттеулер жүргізіледі. Қарастырылып отқан екі фактор, яғни термоөңдеу температурасы мен сол үрдісті жүргізу уақыты. Сондықтан, бұл деректерді өңдеуде алғашқы әдіс екі факторлық талдау болып табылады. 3.8 кестесіндегі деректерге сүйене отырып, осы әдісті пайдалану мүмкіндігін талқылайық. Демек, бұл бөлшектердің беріктілігіне (түйіршіктер) (белгісі) температураның әсерін (фактор А) және термоөңдеу уақытының (фактор В) әсерін тексеру қажет. Ол үшін екі факторлық дисперсия талдауы жүргізіледі.  $A = 0,05$  жағдайда А және В факторларының әсері туралы гипотезаны және олардың комбинациясының әсерін тексереміз. Мәліметтер 3.8 кестеге көрсетілген.

Кесте 3.8 - А және В коэффициенттерінің мәндері

№	B1	B2	B3	B4
A1	2.815	3.314	3.853	4.302
A2	3.212	3.575	4.437	4.785
A3	3.420	3.723	4.862	5.730

Екі факторлы талдау шарттарына сәйкес В факторының бөлінуі бір қалыпты болу керек. Ықтималдық функциясы Гаусс функцияларының формасында болуы тиіс. Бірақ осы шарт В факторы бөлуде ұсынылған жұмыс кестесінде орындалмаса, математикалық модельдердің тәжірибелік-статистикалық әдістері арқылы математикалық үлгілердің құрылысы қысқаша қарастырылады. Өлшеу нәтижесінде бір өлшемнің екінші деңгейдегі тәуелділігі 3.9 кестеде келтірілген.

Кесте 3.9 - Тәжірибелік тәуелділік

Тәжірибе индексі	1	2	.....	$n$
Кіру параметрі, $x$	$x_1$	$x_2$	.....	$x_n$
Шығу параметрі, $y$	$y_1$	$y_2$	.....	$y_n$

3.9 кестеден аналитикалық түрінде берілген реттеу қателігін бағалайтын эмпирикалық формуланың әдісін табу керек. Нүктелерде берілген типтің



функциясын  $y = f(x)$  кестедегі амалы арқылы мағынасы қарастырылады. Іс-жүзінде жақындамалы функцияның көрінісін көзбен де анықтауға болады. 3.9 кесте бойынша функцияның нүктелі графигі сызылып, кейін нүктелердің дұрыс орналасуын көрсететін қисық өткізіледі.  $f(x)$  функциясының оңтайлы параметрлерінің нұсқаларын табу үшін жақындамалы функциясы келесі формуламен анықталады.

$$y=f(x, k, b) = kx + b \quad (3.10)$$

мұндағы  $k$  және  $b$  ретінде анықталады:

$$k = \frac{n \sum_{i=1}^n x_i y_i - \sum_{i=1}^n x_i \sum_{i=1}^n y_i}{n \sum_{i=1}^n x_i^2 - (\sum_{i=1}^n x_i)^2}; \quad (3.11)$$

$$b = \frac{1}{n} (\sum_{i=1}^n y_i - k \sum_{i=1}^n x_i) \quad (3.12)$$

Екі өлшем арасындағы тәуелділікті анықтайтын формуланы [217] тауып келтіру үшін, тәуелділіктің сызбасы сызылады. Сызылған график, белгілі формулалар бойынша сызылған графиктермен салыстырылып, параметрлер санын қамту арқылы (коэффициенттер, дәрежелік көрсеткіштер, т.б.), қисықтың пішіні өзгертіледі. Формула өте күрделі болып көрінбеуі үшін, параметрлер саны көп болмау керек. Параболалық тәуелділікті анықтайтын үш параметрлер  $f(x)$  қалдықты функцияның ішінара туындыларын нөлге теңестіру арқылы квадраттық тәуелділік шартынан алынады. Қалдық мүшенің барлық жеке туындылары нөлге теңестіріледі:

$$\frac{\partial \sigma}{\partial a} = 0, \quad \frac{\partial \sigma}{\partial b} = 0, \quad \frac{\partial \sigma}{\partial c} = 0 \quad (3.13)$$

Математикалық есептеулер арқылы, келесі жүйені аламыз:

$$a \sum_{i=1}^n x_i^4 + b \sum_{i=1}^n x_i^3 + c \sum_{i=1}^n x_i^2 = \sum_{i=1}^n x_i^2 y_i \quad a \sum_{i=1}^n x_i^3 + b \sum_{i=1}^n x_i^2 + c \sum_{i=1}^n x_i = \sum_{i=1}^n x_i y_i \quad (3.14)$$

$$a \sum_{i=1}^n x_i^2 + b \sum_{i=1}^n x_i + cn = \sum_{i=1}^n y_i \quad (3.15)$$

жүйесі арқылы, іздестірілген функцияны табамыз:

$$y = f(a, b, c, x) = ax^2 + bx + c \quad (3.17)$$

Ол үшін регрессиялық талдауды стандартты EXCEL бағдарламасы қолданылады [218-220]. Тәжірибелі деректерді өңдеу барысында сандық есептеулермен эмпирикалық коэффициенттердің, қате алшақтықтары мен дисперсия есептері MNK Паскаль тіліндегі бағдарлама көмегімен жүзеге асырылады (А қосымшасы). Анық болу үшін, MNK бағдарламасының көмегімен іске асырылады.

**Сынамалардың механикалық беріктігі бойынша мәліметтерді статистикалық өңдеу.** Қосымшадағы бағдарламаны қолдану үшін, 3.10 кестедегі мәліметтерді жеке жағдайлар үшін бөліп жазамыз. Мысалы  $t = 700^{\circ}\text{C}$  болғанда Ленгірдің қиын балқитын саз-балшығы үшін термоөңдеуден кейінгі түйіршіктердің механикалық беріктігі уақытқа байланысты төмендегідей болады:

Кесте 3.10 -  $t = 700^{\circ}\text{C}$

Термоөңдеу уақыты, сағ.	1	2	3	4
Түйіршіктердің термоөңдеуден кейінгі беріктігі, $\text{г/см}^3$	2.815	3.314	3.853	4.302

Қосымшадағы бағдарламаны қолдана отырып, тәжірибеден алынғандарды алгоритм бойынша өңдеп, шыққан нәтижелер жүйелі түрде төмендегі кестеге ендіріледі. Мысалы, мұнда Дарбаза бентониті үшін  $900^{\circ}\text{C}$  градустағы алынған нәтижелер көрсетілген. Бағдарламалық жасақтаманы пайдалану алгоритмде тәжірибелік деректерді өңдеу сызықтық функцияның коэффициенттерін есептеу нәтижелерін жүйелеуге және дисперсияға қол жеткізеді. 3.11 кестенің мәндеріне сүйене отырып, сызықтық және квадраттық функциялардың теңдеуін құрастырып алуға мүмкіндік туады.

Кесте 3.11 - Сынамалардың механикалық беріктігі үшін сызықтық функцияның коэффициенттері және дисперсиялары

Тәжірибелердің реті	Температура, $^{\circ}\text{C}$	Сызықтық функция коэффициенттері		Дисперсиялар	
		$k$	$b$	$S_{\text{кал}}^2$	$S_{\text{оп}}^2$
Дарбаза бентониті	700	1.7500	15.8850	0.6069	15.3125
	900	2.2370	18.5350	0.2389	25.0208
	1100	2.9070	20.2200	0.4328	42.2532
Құлантау вермикулиті	700	0.0790	1.0345	0.0034	0.0312
	900	0.1815	0.9205	0.0017	0.1647
	1100	0.2115	0.9825	0.0008	0.2237
Ленгірдің қиын балқитын саз балшығы	700	0.5000	2.3210	0.0005	1.2500
	900	0.5581	2.6070	0.0171	1.5574
	1100	0.8069	2.4165	0.0470	3.2554

$$f(x) = kx + b \quad f(x, k, b) = a_0 x^2 + a_1 x + a_2 \quad (3.18)$$


$$f = ax^2 + bx + a_2 \quad f = a_0 x^2 + a_1 x + a_2 \quad (3.19)$$

Квадраттық функцияның және дисперсия коэффициенттерінің [221] есептік мәндері 3.12 кестеде келтірілген.

Кесте 3.12 - Сынамалардың механикалық беріктігі үшін квадраттық функцияның коэффициенттері және дисперсиялары


Тәжірибелердің реті	Температура, °С	Квадраттық функция коэффициенттері			Дисперсиялар	
		$a_0$	$a_1$	$a_2$	$S_{ост}^2$	$S_{cp}^2$
Дарбаза бентониті	700	0.4453	-0.4667	18.1017	0.1233	16.0987
	900	0.0850	1.6120	18.9600	0.3294	25.0497
	1100	0.3583	1.1153	22.0117	0.1356	42.7669
Құлантау вермикулиті	700	-0.0297	0.2273	0.8862	0.0017	0.0035
	900	0.0128	0.1173	0.9817	0.0018	0.1654
	1100	0.0142	0.1407	1.0533	0.0003	0.2245
Ленгірдің қиын балкитын саз балшығы	700	-0.0083	0.5417	2.2793	0.0005	1.2500
	900	-0.0025	0.5706	1.8410	0.0257	1.5574
	1100	0.0942	0.3361	0.9860	0.0351	3.2909

Өңделетін деректер негізінде зерттелетін үлгілердің беріктігінің графикалық тәуелділігі уақыт пен температура бойынша белгіленеді (3.14 – 3.16 суреттер).




1 –  $t=700^{\circ}\text{C}$ ; 2 –  $t=900^{\circ}\text{C}$ ; 3 –  $t=1100^{\circ}\text{C}$ .

Сурет 3.14 - Дарбаза бентонит сазы үшін әртүрлі температураларда термоөңдеу кезінде түйіршіктердің беріктілігінің уақытқа тәуелділігі



1 –  $t=700^{\circ}\text{C}$ ; 2 –  $t=900^{\circ}\text{C}$ ; 3 –  $t=1100^{\circ}\text{C}$ .

Сурет 3.15 - Құлантау вермикулиті үшін әртүрлі температураларда термоөңдеу кезінде түйіршіктердің беріктілігінің уақытқа тәуелділігі



1 –  $t=7000^{\circ}\text{C}$ ; 2 –  $t=9000^{\circ}\text{C}$ ; 3 –  $t=11000^{\circ}\text{C}$ .

Сурет 3.16 - Ленгір сазы үшін әртүрлі температураларда термоөңдеу кезінде түйіршіктердің беріктілігінің уақытқа тәуелділігі:

**Сынамалардың суға төзімділігі бойынша мәліметтерді статистикалық өңдеу.**

Сынақ үлгілерінің судың төзімділігі бойынша тәжірибелік зерттеулердің нәтижелері 3.13 кестеде келтірілген.

Кесте 3.13 - Сынамалардың суға төзімділігі

Сынамалар нөмірі, №	Темпе- ратура, °С	Термоөңдеуден кейінгі түйіршіктердің суға беріктілігі, %			
		1 сағ.	2 сағ.	3 сағ.	4 сағ.
Дарбаза бентониті	700	86	90	92	93
	900	95	95	96	97
	1100	97	98	99	99
Құлантау вермикулиті	700	60	62	64	66
	900	67	68	69	71
	1100	73	76	80	85
Ленгірдің қиын балқитын саз балшығы	700	80	83	87	90
	900	89	91	93	95
	1100	91	93	95	96

Сызықтық функцияның есептелген коэффициенттері және зерттелетін үлгілердің судың кедергісіне сәйкес дисперсиясы 3.14 кестеде келтірілген.

Кесте 3.14 - Сынамалардың суға төзімділігі үшін сызықтық функцияның коэффициенттері және дисперсиялары.


Тәжірибелердің реті	Темпе- ратура, °С	Сызықтық функция коэффициенттері		Дисперсиялар	
		$k$	$b$	$S_{қал.}^2$	$S_{ор}^2$
Дарбаза бентониті	700	2.3000	84.5000	0.7667	26.4500
	900	0.7000	94.0000	0.1000	2.4500
	1100	0.7000	96.5000	0.1000	2.4500
Құлантау вермикулиті	700	2.0000	58.0000	0.0000	20.0000
	900	1.3000	65.5000	0.1000	8.4500
	1100	4.0000	68.5000	0.3333	80.0000
Ленгірдің қиын балқитын саз балшығы	700	3.4000	76.5000	0.0667	57.8000
	900	2.0000	87.0000	0.0000	20.0000
	1100	1.7000	89.0000	0.1000	14.4500

Зерттелген үлгілер үшін шаршы функцияның және дисперсия коэффициенттері 3.15 кестеде келтірілген.

Кесте 3.15 - Сынамалардың суға төзімділігі үшін квадраттық функцияның коэффициенттері және дисперсиялары


Тәжірибе лердің реті	Темпе рату ра, °С	Квадраттық функция коэффициенттері			Дисперсиялар	
		$a_0$	$a_1$	$a_2$	$S_{қал.}^2$	$S_{ор}^2$
Дарбаза бентониті	700	-0.5000	4.8000	82.0000	0.1500	27.4500
	900	0.1667	- 0.1333	94.8333	0.0389	2.5611
	1100	-0.1667	1.5333	95.6667	0.0389	2.5611
Құлантау вермикулиті	700	0.0000	2.0000	58.0000	0.0000	20.0000
	900	0.1667	0.4667	66.3333	0.0389	8.5611
	1100	0.3333	2.3333	70.1667	0.0556	80.4444
Ленгірдің қиын балқитын саз балшығы	700	0.0000	3.4000	76.5000	0.1000	57.8000
	900	0.0000	2.0000	87.0000	0.0000	20.0000
	1100	-0.1667	2.5333	88.6667	0.0389	14.5611

3.17 - 3.19 суреттерде температураның және уақыттың функциясы ретінде сорбенттердің суға төзімділігіне графикалық тәуелділіктері көрсетеді.




1 –  $t=700^{\circ}\text{C}$ ; 2 –  $t=900^{\circ}\text{C}$ ; 3 –  $t=1100^{\circ}\text{C}$ ;

Сурет 3.17 - Дарбаза бентонит сазы үшін әртүрлі температураларда термоөңдеу кезінде түйіршіктердің суға төзімділігінің уақытқа тәуелділігі



1 –  $t=700^{\circ}\text{C}$ ; 2 –  $t=900^{\circ}\text{C}$ ; 3 –  $t=1100^{\circ}\text{C}$ ;

Сурет 3.18 - Ленгiр кен орнының балкитын саз-балшығы үшiн әртүрлi температураларда термоөңдеу кезiнде түйiршiктердiң суға төзiмдiлiгiнiң уақытқа тәуелдiлiгi



1 –  $t=700^{\circ}\text{C}$ ; 2 –  $t=900^{\circ}\text{C}$ ; 3 –  $t=1100^{\circ}\text{C}$ ;

Сурет 3.19 - Құлантау вермикулитi үшiн әртүрлi температураларда термоөңдеу кезiнде түйiршiктердiң суға төзiмдiлiгiнiң уақытқа тәуелдiлiгi

Алынған математикалық модельдің жеткілігін тексеру регрессия теңдеуіне қатысты тәжірибенің кездейсоқ қате мәнімен мәліметтерді ыдыратып салыстыру арқылы жүзеге асырылады. Егер, ыдырату тәжірибе қатесіне ұқсаса, онда оны кездейсоқ қателермен, яғни барабар теңдеуімен түсіндіруге болады. Ал, ыдырату әлдеқайда көп болса, онда тәжірибе қателігінен емес теңдеудің жеткіліксіздігіне байланысты болады. Ол үшін теңдеуді күрделендіру қажет. Ыдыратуды сандық түрде бағалау үшін дисперсия енгізіледі. Тәжірибелі мәліметтер ыдырауының шарасы қалдық дисперсия табылады.

$$S_{\text{қал.}}^2 = \frac{S}{f} = \sum_{j=1}^n (y_j - y_j^*)^2 \quad (3.20)$$

$S$ - квадраттық ауытқудың минималды сомасы;

$y_j$  - әрбір  $x_j$  нүктесіндегі кестелік мәліметтер;

$y_j^*$  - әрбір  $x_j$  нүктесіндегі модельді функцияның мағынасы;

$f$  – еркіндік дәрежелерінің саны;

$f = n - p$ ,  $n$ -тәжірибелер саны,  $p$  – бағаланатын параметрлер саны.

Жаңғыртылу дисперсиясы  $S_{\text{жаң.}}^2$  - тәжірибенің кездейсоқ қателігін өлшеу шарасы болып табылады [222]. Оны табу үшін бірнеше параллельді тәжірибелер өткізіледі. Әрбір тәжірибеден өтерде кіріс айнымалылардың мәні өзгертілмейді. Бұл жағдайдағы ауытқуларды өлшемнің орташа мәніне жатқызамыз. Еркіндік дәрежелерінің саны параллельді  $m$  тәжірибелер санынан тура бір бірлікке кем болады. Формула теңдеулерін сипаттайтын еркіндік дәрежесіндегі өлшемнің орташа мәнін алу үшін, бірлік тәжірибелердің аз саны болып табылуы тиіс. Ол мына формула бойынша есептеледі.

$$S_{\text{босн}}^2 = \frac{\sum_{j=1}^n (y_j - \bar{y})^2}{m - 1} \quad (3.21)$$

$\bar{y}$  - барлық параллельді тәжірибелердің орташа мағынасы:

$$\bar{y} = \frac{\sum_{j=1}^m y_j}{m} \quad (3.22)$$

Шығарылған жүйені тексеру үшін  $F$  дисперсиялық қатынасы есептелінеді:

$$F = S_{\text{қал.}}^2 / S_{\text{жаңғ.}}^2 \quad (3.23)$$



Бұл өлшем төтенше мәнінен артық болса теңдеу жеткіліксіз, ал кем болса, теңдеу жеткілікті болып табылады. F-тың төтенше мәні еркіндік дәреженің төмендегі екі формулаға байланысты:

$$f_1 = n - p, ; \quad f_2 = m - 1, \quad (3.24)$$

Фишер [223]  $F$  өлшемінің төтенше мағыналарының кестесі (Б қосымшада) көрсетілген. Кейбір жағдайларда параллельді тәжірибелерді жүргізу барысында жаңғыртылатын дисперсияның жоқ болуына байланысты қиындық тууы мүмкін. Қалдық дисперсиясы және орташа дисперсияны  $S_{\text{орт}}^2$  салыстыру арқылы тәжірибелік деректердің аппроксимация сапасын регрессия теңдеуімен өлшеуге болады.

$$S_{\text{орт}}^2 = \frac{\sum_{j=1}^n (y_j - \bar{y})^2}{n - 1} \quad (3.25)$$

Фишер өлшемі бойынша:  $F = S_{\text{қал}}^2 / S_{\text{орт}}^2$  (3.26)

Бұл өлшем төтенше мәнінен артық болса теңдеу жеткіліксіз, ал кем болса онда теңдеу жеткілікті болып табылады. Ал, егер де математикалық модель жеткіліксіз болса, онда оның құрылымын немесе өткізілетін тәжірибе санын арттыру қажет. 3.16 – 3.17 кестелерінде келтірілген дисперсияның сандық мағыналарын талдау барысында сызықтық регрессия үшін Фишер өлшемінің төтенше санын қарастырамыз (сызықтық функцияның екі параметрі бар):

$$f_1 = n - p = 4 - 2 = 2; \quad f_2 = n - 1 = 4 - 1 = 3. \quad (3.27)$$

Фишер өлшемдерінің кестесі бойынша  $\alpha = 0.05$  мағынасына  $F_{\text{кр}} = 9.55$  саны келеді, алайда  $F = S_{\text{қал}}^2 / S_{\text{орт}}^2$  есептелген  $F_{\text{кр}}$  санынан әлдеқайда аз. Осылайша квадраттық функцияны табамыз (үш параметрі бойынша):

$$f_1 = n - p = 4 - 3 = 1; \quad f_2 = n - 1 = 4 - 1 = 3. \quad (3.28)$$

Сынамалардың механикалық беріктігін  $f_{\text{мб}}$ , ал суға беріктілігін  $f_{\text{сб}}$  деп белгілесек, алынған регрессия функцияларын [224] былай жазуға болады:

$$f_{\text{мб}}(k, b, T, t) = kt + b \quad (3.29)$$

сызықтық функциялар,  $T$ -температура,  $t$ - уақыт.

$$f_{\text{мб}}(a_0, a_1, a_2, T, t) = a_0 t^2 + a_1 t + a_2 \quad (3.30)$$

параболалық функциялар,  $T$ -температура,  $t$ - уақыт.

Сынамалардың суға төзімділігі үшін сызықтық және квадраттық функциялар былай жазылады:


$$f_{\text{сб}}(k, b, T, t) = kt + b \quad (3.31)$$

$$f_{\text{сб}}(a_0, a_1, a_2, T, t) = a_0 t^2 + a_1 t + a_2 \quad (3.32)$$

$T$  температурасының мағыналары аналитикалық өрнегіне енбейді, бірақ температураның әсері  $k, b, a_0, a_1, a_2$  регрессиялық теңдеулердің эмпирикалық коэффициенттерінің мағыналарында қарастырылған. Нәтиже бойынша алынған регрессиялық сызықты және квадраттық функциялар  $\alpha = 0.05$  дәрежесіндегі мағынамен тәжірибелік деректермен айқындалады [225].

Зерттеліп отырған тәжірибелік әдістер үшін біз Қазақстандық кен орындарындағы механикалық беріктілігі мен суға төзімді алюмосиликаттарды алудың принципіалды технологиялық сызбасын жасадық. Технологиялық сызбаның бірінші сатысында бастапқы шикізаттардың ылғалдылығы 10% тең болғандықтан, олар 393-413К температура кезінде кептіріледі. Кейін механикалық тазалау (бастапқы шикізаттарды шарлы диірменде майдалау) және дірілелекте (0,13 мм) фракциялық елеу бойынша жүргізіледі. Саздарды ұнтақтауда қолданылатын әдіс алынатын өнімнің химиялық белсенділігіне елеулі әсер етеді. Дірілелек және шарлы ұсақтау кезінде саз бөлшектерінің беткі қабаттарында ұсақталуы жүргендіктен, бұл түйіршіктеу үрдісі мен сорбенттердің сіңіру қасиеттеріне айтарлықтай әсер етеді. Қалыптасқан сорбенттерді дайындау үшін қиыршық балшықты бір сағатқа шарлы диірменде өңдеу құралдарымен араластырып, содан кейін жылдамдығы шамамен 40-60 айн/мин болатын судың оңтайлы көлемін 5-10 минут араластырғышта араластыру қажет. Араластыру үрдісінде майдаланған бөлшектерге су (біріктіргіш) және көміртеқұрамдас материалдар (көмір өндірісінің қалдығы, мұнай шламы т.б.) қосылады. Көміртеқұрамдас заттарды қосу түйіршіктерді термоөңдеу барысында олардың механикалық беріктілігін және кеуектілігін арттыруға мүмкіндік береді. Сорбенттерді түйіршіктеу  $d=3-1,5$  мм табақшалы грануляторда жүргізіледі. Термоөңделген сорбенттерге дірілелек қолдана отырып, фракциялық жіктеу жүргізіледі. Майдалары жіктеуден кейін бастапқы майдалауға қайта жіберіледі. Төмендегі 3.20 - суретте алюмосиликатты шикізаттардан сорбент аудың принципіалды технологиялық сызбасы көрсетілген.

Сурет 3.20 - Алюмосиликатты шикізаттардан түйіршіктелген сорбент алудың принципіалды технологиялық сызбасы (схемасы).



### **3 - бөлім бойынша тұжырым.**

- Диссертациялық жұмыс барысында қолданылған алюмосиликатты минералды саздардан алынған сорбенттердің физика-химиялық, механикалық қасиеттері заманауи қондырғылардың көмегімен және де МЕМСТ көрсетілген әдістер бойынша есептелініп анықталды.

- Алюмосиликаттардың жалпы зерттеулер нәтижесінде салыстырмалы тұрғыда алғанда бентонит саздары ең жақсы көрсеткіштерге ие екендігі анықталды. Температура 700-1100<sup>0</sup>С дейін өскен кезде сынамалардың механикалық және суға беріктілігі өсетіні, сонымен қатар тығыздығы мен кеуектілігі біршама төмендейтіні белгілі болды.

- Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде химиялық белсендіру арқылы сорбенттердің сіңіру қабілеттілігі арттырылды. Алюмосиликаттарды белсендіру және модификациялау үшін беттік гидроксильді топтарды алмастыру, түрлі органикалық радикалдарға көлемді алмастыру, термиялық және өңдеудің басқа да түрлері жүргізілді. Сазды минералдарды ыстық қышқылдармен өңдеу, олардың каталитикалық, сіңіру және кеуектілік қасиеттерінің артуына алып келеді.

- Математикалық модельдеу арқылы тәжірибелік деректерді өңдеу үшін екі факторлы талдау әдісі пайдаланылды. Сызықтық және квадраттық функциялар үшін дисперсиялары анықталады. Алынған математикалық модельдің баламасы Фишер критерийі арқылы тексерілді. Алынған регрессияның сызықтық және квадраттық функциялары, тәжірибелік деректері адекватты түрде сипатталады. Осылайша, үрдістің математикалық үлгілеуі ең аз тәжірибелік зерттеулерден максималды ақпаратты алуға мүмкіндік берді.

- Ғылыми жұмыс кезінде іске асырылған алюмосиликатты шикізаттардан түйіршіктелген сорбент алудың принципіалды технологиялық сызбасы ұсынылды.


## 4 ФОСФОР ШЛАМЫНАН ТАЗА ФОСФОРДЫ БӨЛІП АЛУ ҮРДІСІН ТЕРМОДИНАМИКАЛЫҚ МОДЕЛЬДЕУ

### 4.1 Фосфорқұрамдас шламнан фосфорды бөліп алу реакциясын термодинамикалық зерттеу


**Фосфор шламы** – фосфор, су және шламның минералдық бөлігінен құралатын күрделі жүйе. Фосфор тамшылары өздігінше бөлектенген немесе агломераттарға жинақталған [226]. Фосфор шламынан ең жоғары деңгейде фосфорды бөліп алуды қамтамасыз ету үшін, құрамындағы көміртек компоненттері әртүрлі табиғи алюмосиликатты минералдармен жұмыс істеу кезінде, үрдісті жүргізудің оңтайлы технологиялық тәртіптері ұсынылады. Фосфор шламдарының түзілу жағдайын және химиялық құрамын, сонымен бірге алюмосиликаттарды пайдалану арқылы сіңіруді ескере отырып, төмен температурада 283-343К келесі реакциялардың қышқылдану, сутектендіру және гидратациялау реакциясының барысын термодинамикалық зерттеулер жүргізілді:

- |                                                              |                                                |
|--------------------------------------------------------------|------------------------------------------------|
| 1) $P_4(\Gamma)+3O_2(\Gamma)=2P_2O_3(\Gamma)$ ;              | 6) $P_2O_5(\Gamma)+3H_2O=2H_3PO_4$ ;           |
| 2) $P_4(\Gamma)+6H_2O=2P_2O_3(\Gamma)+6H_2(\Gamma)$          | 7) $C+H_2O=CO(\Gamma)+H_2(\Gamma)$ ;           |
| 3) $P_4(\Gamma)+6H_2(\Gamma)=4PH_3(\Gamma)$ ;                | 8) $4PO_2+O_2(\Gamma)=2P_2O_5(\Gamma)$ ;       |
| 4) $P_4(\Gamma)+10H_2O=2P_2O_5(\Gamma)+10H_2(\Gamma)$ ;      | 9) $4PO_2(\Gamma)+O_2(\Gamma)=2P_2O_5(\Gamma)$ |
| 5) $P_4(\Gamma)+6CO_2(\Gamma)=2P_2O_3(\Gamma)+6CO(\Gamma)$ ; |                                                |

Түзілу жылуының және Гиббс энергиясының [227] (4.1, 4.2 суреттер) өзгеруінің графикалық тәуелділігін талдау зерттеліп отырған температура облысында сумен сіңіру жағдайында 1, 6, 8, 9 реакцияларының әрекет етуі мүмкін. Бұл теориялық тұрғыда фосфор қышқылдануының, фосфор ангидридін және сіңіру жағдайында фосфор қышқылының түзілуінің белгілі реакциялары көрсетілген.  $CO_2$  фосфор газының адсорбциялық үрдістің төмен температуралық облысында гидратация, сутектендіру және қышқылдану реакциясы жағдайында термодинамикалық үрдістің жүруі мүмкін емес.



Сурет 4.1 - Сіңіру температурасына байланысты  $\Delta H$  түзілу жылуының өзгеруіндегі 1-9 реакцияларының сандық реті



Сурет 4.2 - Сіңіру температурасына байланысты  $\Delta G$  Гиббс энергиясының өзгеруіндегі 1-9 реакцияларының сандық реті

#### 4.2 Алюмосиликатты сорбенттер арқылы фосфор шламнан фосфорды бөліп алу жолдарын термодинамикалық модельдеу

Фосфор шламынан жергілікті алюмосиликаттарды қолдана отырып фосфор алудың термодинамикалық заңдылықтарын зерттеу үшін жұмыс коспасының нақты құрамы бойынша келесі жүйелерге термодинамикалық модельдеу жүргізілді:

1.  $P_4 \cdot SiO_2 \cdot nH_2O$ ;
2.  $P_4 \cdot CaO \cdot nH_2O$ ;
3.  $P_4 \cdot CaO \cdot SiO_2 \cdot nH_2O$ ;
4.  $P_4 \cdot 2CaO \cdot SiO_2 \cdot nH_2O$ ;
5.  $P_4 \cdot Al_2O_3 \cdot nH_2O$ ;
6.  $P_4 \cdot CaO \cdot Al_2O_3 \cdot nH_2O$ ;
7.  $P_4 \cdot Al_2O_3 \cdot 2SiO_2 \cdot nH_2O$ ;
8.  $P_4 \cdot CaO \cdot SiO_2 \cdot Al_2O_3 \cdot nH_2O$ ;
9.  $P_4 \cdot nH_2O$

Зерттеулер Фин металлургиялық компанияларының Outkumpu [228] бағдарламалық жасақтамасының HSC-5.1 бағдарламалық пакетін пайдаланып, Гиббс энергиясының [229, 230] іргелі принципіне негізделген толық термодинамикалық талдаулар арқылы жүзеге асырылды:

$$G(x) = \sum_{j=1}^m X_j (G_j + \ln(\frac{X_j}{X_a}) + \ln y_j) \rightarrow G(x) \min \quad (4.1)$$

келесі шектеулерді ескере отырып:

$$\begin{cases} \sum_{j=1}^m a_{ij} X_j = b_i \\ \sum_{j=1}^{L_a} X_j = X_a \end{cases} \quad (4.2)$$

мұнда  $f$  – жүйе фазасының жалпы саны;  $b_i$  –  $i$  жүйесінде тәуелсіз компоненттерінің моль саны;


$G_j$  – эмпирикалық термодинамикалық функция;

$X_a$  – жүйедегі  $a$  фазалардың жалпы моль саны;


$X_j/X_a$  – фазада  $a$ -ға тәуелді  $j$ -компонентінің мольдік үлесі.

Зерттеу жүргізу кезінде «Reaction Equations», «Equilibrium compositions» бағдарламалары [231] пайдаланылды. Жүйенің газ фазасының элементтері мен құрамын бөлу (Т) 283-343К температуралық облыста қарастырылды. Алюмосиликокальций қоспасынан фосфорды экстракция үрдісінің температурасы бойынша жұмыс стехиометриялық композицияның (кг) элементтері мен қосылыстарын бөлудегі өзгерістердің графикалық тәуелділігі төмендегі суреттер мен кестелердегі элементтер мен қосылыстардың салмақтық үлестірілімі түрінде көрсетілген (Б қосымшасы).

**P<sub>4</sub>-SiO<sub>2</sub>-nH<sub>2</sub>O жүйесі** - өзара әрекеттесудің термодинамикалық үлгілеуі 283-343 К температура диапазонында 5 температурадағы фосфор шламынан фосфорды бөлуге және су құрамының 0,5 - 1,5 аралығындағы моль санының өзгеруіне дейін зерттелген. 4.1 кестедегі деректерде қарастырылып отырған өзара әрекеттесуге 14 зат қатысатындығы көрінеді: (P, SiO<sub>2</sub>, H<sub>3</sub>PO<sub>4</sub>, H<sub>2</sub>(г), PH<sub>3</sub>(г), H<sub>2</sub>O(г), P<sub>4</sub>O<sub>10</sub>(г), P<sub>2</sub>O<sub>3</sub>(г), P<sub>2</sub>O<sub>5</sub>(г), SiP(г), SiO(г), SiH<sub>4</sub>, SiH(г)). Онда негізгі заттар P, SiO<sub>2</sub>, H<sub>2</sub>(г), H<sub>3</sub>PO<sub>4</sub> және PH<sub>3</sub>(г). болып табылады: 4.3, 4.4 суреттерде P<sub>4</sub>-SiO<sub>2</sub>-nH<sub>2</sub>O жүйесінің n=1, n=1,5 тең болғандағы элементтермен қосылыстардың өзара тепе-теңдік бөлінуіне температураның әсері көрсетілген.



Сурет 4.3 - n=1 кезіндегі P<sub>4</sub>-SiO<sub>2</sub>-nH<sub>2</sub>O жүйесіндегі тепе-теңдіктің бөлінуіне температураның әсері



Сурет 4.4 - n=1,5 кезіндегі P<sub>4</sub>-SiO<sub>2</sub>-nH<sub>2</sub>O жүйесіндегі тепе-теңдіктің бөлінуіне температураның әсері

P – ның H<sub>3</sub>PO<sub>4</sub> өту дәрежесі келесі формула бойынша анықталады:

$$\alpha_{P(H_3PO_4)} = \frac{20 \frac{A(P)}{M_{H_3PO_4}}}{A(P)_4} 100 \% \quad (4.3)$$

Бұл жерде:  $\alpha_{P(H_3PO_4)}$  – өту дәрежесі, %; 20 - H<sub>3</sub>PO<sub>4</sub> салмақтық үлесі, кг; A(P) – P атомдық салмағы; M (H<sub>3</sub>PO<sub>4</sub>) – молекулалық салмағы; A(P)<sub>4</sub> -

атомдық салмағы. Сонда,  $\alpha_{P(H_3PO_4)} = \frac{20 \cdot \frac{31}{98}}{124} \cdot 100\% = 51\%$ , яғни Р-ның  $H_3PO_4$  өту дәрежесі 51% тең. Негізгі компоненттердің тепе-теңдік үлестірімінің сандық көрсеткіштері 4.1 кестеде келтірілген.

Кесте 4.1 -  $P_4-SiO_2-nH_2O$  жүйесінің негізгі қосылыстарының тепе-теңдік сандық таралуы

n	Кіріс	кг	%	Шығыс	кг	%
T=283K						
0,5	P <sub>4</sub>	124	61,36	P <sub>4</sub>	116,195	57,52
	SiO <sub>2</sub>	60,084	29,73	SiO <sub>2</sub>	60,00	29,69
	H <sub>2</sub> O	18,015	8,91	H <sub>3</sub> PO <sub>4</sub>	24,5	12,13
				PH <sub>3</sub> (г)	0,0762	0,038
				H <sub>2</sub> (г)	1,25	0,62
	<b>Барлығы</b>	<b>202,099</b>	<b>100</b>		<b>201,1945</b>	<b>100</b>
T=303K						
n	Кіріс	Кг	%	Шығыс	кг	%
1,0	P <sub>4</sub>	124	61,36	P <sub>4</sub>	116,00	57,43
	SiO <sub>2</sub>	60,084	29,73	SiO <sub>2</sub>	60,00	29,70
	H <sub>2</sub> O	18,015	8,91	H <sub>3</sub> PO <sub>4</sub>	24,5	12,13
				PH <sub>3</sub> (г)	0,112	0,056
				H <sub>2</sub> (г)	1,25	0,62
	<b>Барлығы</b>	<b>202,099</b>	<b>100</b>		<b>201,98</b>	<b>100</b>
T=323K						
1,5	P <sub>4</sub>	124	64,42	P <sub>4</sub>	120,082	62,22
	SiO <sub>2</sub>	60,084	31,1	SiO <sub>2</sub>	60,00	31,09
	H <sub>2</sub> O	9,0075	4,67	H <sub>3</sub> PO <sub>4</sub>	12,239	6,34
				PH <sub>3</sub> (г)	0,053	0,02
				H <sub>2</sub> (г)	0,626	0,324
	<b>Барлығы</b>	<b>202,099</b>	<b>100</b>		<b>193</b>	<b>100</b>
T=343K						
2	P <sub>4</sub>	124	58,73,42	P <sub>4</sub>	112,289	53,203
	SiO <sub>2</sub>	60,084	28,42	SiO <sub>2</sub>	60,00	28,44
	H <sub>2</sub> O	27,022	12,9	H <sub>3</sub> PO <sub>4</sub>	36,717	17,40
				PH <sub>3</sub> (г)	0,172	0,08
				H <sub>2</sub> (г)	1,878	0,89
	<b>Барлығы</b>	<b>202,099</b>	<b>100</b>		<b>211,056</b>	<b>100</b>

4.1 кестеде келтірілген деректер бойынша  $H_3PO_4$  және  $PH_3$  (г) -ға фосфордың өту дәрежесі  $H_2O$  молекулаларының санын  $T = 283$  К кезінде 0,5-тен 2,0-ге дейін өзгерту арқылы анықталды ( $\Gamma$  қосымшасы).

$T = 283$  К кезінде,  $n = 0,5$

$\alpha_{P(H_3PO_4)} = 3,12\%$

$\alpha_{P(PH_3)} = 0,038\%$

$$\alpha_{P(H_2)} = \frac{0,626 \cdot \frac{31}{2}}{124} 100\% = 7,82\%$$

$$\alpha_{P(SiO_2)} = 2,5\%$$

$T = 303$  К кезінде,  $n = 1$



$$\alpha_{P(H_3PO_4)} = 6,2475\%$$

$$\alpha_{P(PH_3)} = 0,056\%$$

$$\alpha_{P(H_2)} = \frac{1,25 \frac{31}{2}}{124} 100\% = 15,6\%$$

$$\alpha_{P(SiO_2)} = \frac{60 \frac{31}{60}}{124} 100\% = 2,5\%$$

$$T = 323 \text{ K кезінде, } n = 1,5$$

$$\alpha_{P(H_3PO_4)} = 6,2475\%$$

$$\alpha_{P(H_2)} = \frac{1,878 \frac{31}{2}}{124} 100\% = 23,2\%$$

$$\alpha_{P(PH_3)} = 0,082\%$$

$$\alpha_{P(H_2)} = 15,6\%$$

$$\alpha_{P(SiO_2)} = 2,5\%$$


$$T = 343 \text{ K кезінде, } n = 2$$

$$\alpha_{P(H_3PO_4)} = 9,36\%$$

$$\alpha_{P(PH_3)} = 0,12\%$$

$$\alpha_{P(SiO_2)} = \frac{60 \frac{31}{60}}{124} 100\% = 2,5\%$$

4.5 суретте -  $P_4-SiO_2-nH_2O$  жүйесіндегі элементтер мен қосылыстардың өту дәрежесі көрсетілген.



1- $P \rightarrow PH_3$ ; 2- $P \rightarrow SiO_2$ ; 3- $P \rightarrow H_3PO_4$ ; 4- $P \rightarrow H_2$


Сурет 4.5 -  $P_4-SiO_2-nH_2O$  жүйесіндегі негізгі элементтер мен қосылыстардың өту дәрежесінің ( $\alpha$ ) температураға тәуелділігі.

Жұмыс қоспасының стехиометриялық құрамы фосфордың кремний диоксидімен бөліну үрдісінің температурасына байланысты болады.  $H_3PO_4$ -ге көшу дәрежесі 6,2475% - ды құрайды және іс-жүзінде температураның 343 К-ге дейін жоғарылауы өзгермейді. Фосфордың өту дәрежесі 0,038% -дан 0,056% -ға дейін артады.


Судың құрамы 0,5 мольге дейін азаюымен  $H_3PO_4$ -дегі фосфордың өту деңгейі 9,1%-ға дейін, ал  $PH_3$ -та 0,41%-ға дейін төмендейді. Фосфордың тепе-теңдік таралуын 293 К кезінде  $H_3PO_4$  - 6,23%,  $PH_3$  - 0,66% және 81,10% реакция түспеген фосфор 81,1% болып қалады. Температура 343 К дейін өскенде  $PH_3$  фосфордың өту деңгейі 0,924% - ға дейін артады.  $H_2O$  1,5 моль

мөлшеріне дейін артқанда  $\text{H}_3\text{PO}_4$ -дегі фосфордың өту дәрежесі 9,34%-ға, ал  $\text{PH}_3$  - 1,42%-ға дейін жоғарылайды [232].


**$\text{P}_4\text{-CaO-nH}_2\text{O}$  жүйесі** -  $\text{H}_2\text{O}$  мөлшері 1,0 - 2,0 мольге дейін өзгерген кезде, сілтілік ортаға тән  $\text{P}_4\text{-CaO-nH}_2\text{O}$  жүйесінің термодинамикалық моделденуі жүзеге асырылады. 4.6 – 4.8 суреттерде  $\text{P}_4\text{-CaO-nH}_2\text{O}$  жүйесі бойынша  $n=1$ ,  $n=1,5$   $n=2$  0-ге тең болғанда элементтермен қосындылардың өзара тепе-теңдік бөлінуіне температураның әсері келтірілген (Д қосымшасы).



Сурет 4.6 -  $n=1$  кезіндегі  $\text{P}_4\text{-CaO-nH}_2\text{O}$  жүйесіндегі тепе-теңдіктің бөлінуіне температураның әсері



Сурет 4.7 -  $n=1,5$  кезіндегі  $\text{P}_4\text{-CaO-nH}_2\text{O}$  жүйесіндегі тепе-теңдіктің бөлінуіне температураның әсері



Сурет 4.8 -  $n=2$  кезіндегі  $\text{P}_4\text{-CaO-nH}_2\text{O}$  жүйесіндегі тепе-теңдіктің бөлінуіне температураның әсері

Көрсетілген деректер бойынша жүйеде 27 қосылыстың қатысқанын көрсетеді. Сонымен қатар, негізгі түзілуші қосылыстар  $\text{Ca(OH)}_2$ ,  $\text{Ca}_3(\text{PO}_4)_2$ ,  $\text{PH}_3(\text{g})$ ,  $\text{CaH}_2$  болып табылады. Осы қосылыстардың сандық есептік деректері 4.2 кестеде келтірілген.

Кесте 4.2 -  $\text{P}_4\text{-CaO-nH}_2\text{O}$  жүйесінің негізгі қосылыстарының сандық есептелген деректері.

n	Кіріс	кг	%	Шығыс	кг	%
	2	3	4	5	6	7
1,0	P <sub>4</sub>	124	62,62	P <sub>4</sub>	99,221	
	CaO	56	28,28	Ca(OH) <sub>2</sub> · Ca <sub>3</sub> (PO <sub>4</sub> ) <sub>2</sub>	76,855	38,81
	H <sub>2</sub> O	18,015	9,09	PH <sub>3</sub> (г)	13,599	6,87
				CaH <sub>2</sub>	8,419	4,25
				P <sub>4</sub> (г)	0,033	0,03
				т.б.		
	<b>Барлығы</b>	<b>198,015</b>	<b>100</b>		<b>198,015</b>	<b>100</b>
T=283K						
1,5	P <sub>4</sub>	124	62,62	P <sub>4</sub>	90,417	43,67
	CaO	56	28,28	Ca(OH) <sub>2</sub> · Ca <sub>3</sub> (PO <sub>4</sub> ) <sub>2</sub>	84,091	40,62
	H <sub>2</sub> O	27,022	13,05	PH <sub>3</sub> (г)	19,147	9,25
				CaH <sub>2</sub>	5,249	2,53
				H <sub>2</sub> O	5,519	2,66
				H <sub>2</sub> O(г)	2,599	1,25
	<b>Барлығы</b>	<b>207,022</b>	<b>100</b>		<b>207,022</b>	<b>100</b>
T=343K						
2,0	P <sub>4</sub>	124	57,40	P <sub>4</sub>	92,92	43,01
	CaO	56	25,92	Ca(OH) <sub>2</sub> · Ca <sub>3</sub> (PO <sub>4</sub> ) <sub>2</sub>	84,091	38,93
	H <sub>2</sub> O	36,03	16,68	PH <sub>3</sub> (г)	19,147	8,86
				CaH <sub>2</sub>	5,51	4,40
				H <sub>2</sub> O	5,25	2,43
				H <sub>2</sub> O(г)	5,08	2,25
				т.б.		0,02
	<b>Барлығы</b>	<b>216</b>	<b>100</b>		<b>216</b>	<b>100</b>

283 К температура кезінде 198 кг жүйеде 1к/моль H<sub>2</sub>O болғанда ағымдағы қоспадан мынандай түзілімдер байқалады: Ca(OH)<sub>2</sub>·Ca<sub>3</sub>(PO<sub>4</sub>)<sub>2</sub>, 76,855 кг, PH<sub>3</sub>(г) – 13,599 кг, CaH<sub>2</sub> – 8,419 кг. H<sub>3</sub>PO<sub>4</sub>, Ca(OH)<sub>2</sub>·Ca<sub>3</sub>(PO<sub>4</sub>)<sub>2</sub> және PH<sub>3</sub>(г) қосылыстарының фосфорға өту деңгейі 283К температура n=1 кезінде H<sub>2</sub>O моль санының 1,0-ден 2,0-ге дейін өзгеруі кезінде анықталған (Ж қосымшасы).

$$\alpha_{P(H_3PO_4)} = 36,717 \cdot 0,255 = 9,36\%$$

$$\alpha_{P(PH_3)} = 0,179 \cdot 0,7352 = 0,12\%$$

$$\alpha_{P(Ca(OH)_2 \cdot Ca_3(PO_4)_2)} = 0,13 \cdot 76,855 = 10,0\%$$

T=343K, n=1,5 кезінде

$$\alpha_{P(H_3PO_4)} = 36,717 \cdot 0,255 = 9,36\%$$

$$\alpha_{P(PH_3)} = 0,179 \cdot 0,7352 = 0,12\%$$

$$\alpha_{P(Ca(OH)_2 \cdot Ca_3(PO_4)_2)} = 0,13 \cdot 84,091 = 11,0\%$$

T=343K, n=2,0 кезінде

$$\alpha_{P(H_3PO_4)} = 24,5 \cdot 0,255 = 6,2475\%$$

$$\alpha_{P(PH_3)} = 0,112 \cdot 0,7352 = 0,082\%$$

$$\alpha_{P(Ca(OH)_2 \cdot Ca_3(PO_4)_2)} = 0,13 \cdot 84,091 = 11,0\%.$$

Зерттелген температура диапазонында H<sub>3</sub>PO<sub>4</sub> фосфорының өту дәрежесі талдау барысында өзгеріске ұшырамай, ол 9,36% құрайды. n=2,0 кезінде


$\text{H}_3\text{PO}_4$ -тен 6,24% -ке дейін айтарлықтай төмендеу байқалады.  $n=1,5$  және 2,0 кезінде  $\text{PH}_3$ -дегі фосфордың шығу дәрежесі 0,12% -дан 0,082%-ға дейін төмендейді.  $\text{Ca}(\text{OH})_2 \cdot \text{Ca}_3(\text{PO}_4)_2$  үрдісінде фосфор үлестірімінің 1,0 пайызға тең мөлшердегі молекулаларының саны 10,0% -ды құрайды. Ал,  $n=1,5$  кезінде 11,0% -ға дейін артып,  $n=2,0$  кезінде осы пайыздық мөлшерде қалады.

**$\text{P}_4\text{-CaO}\cdot\text{SiO}_2\text{-nH}_2\text{O}$  жүйесі** - зерттелген температура диапазонында 283-тен 343 К дейін 22 элемент пен қосылыстың өзара әрекеттесуімен сипатталады; яғни  $\text{Ca}(\text{OH})_2$ ,  $\text{Ca}_3(\text{PO}_4)_2$ ,  $\text{SiH}_4(\text{г})$ ,  $\text{PH}_3(\text{г})$ ,  $\text{H}_2(\text{г})$ ,  $\text{SiO}_2$ ,  $\text{H}_3\text{PO}_4$ ,  $\text{P}_4\text{O}_{10}(\text{г})$ ,  $\text{P}_2\text{O}_3(\text{г})$  (F қосымшасы). 4.3 кестеде судың моль санын 0,5-тен 2,0-ге дейін өзгерткен кезде  $T=343$  К температуралық диапазондағы заттардың өзара әрекеттесуі туралы сандық деректері 4.3 кестеде келтірілген.

Кесте 4.3 -  $\text{P}_4\text{-CaO}\cdot\text{SiO}_2\text{-nH}_2\text{O}$  жүйесінің негізгі қосылыстарының сандық есептелген деректері

	Кіріс	кг	%	Шығыс	кг	%
	2	3	4	5	6	7
1,0	$\text{P}_4$	124	48,03	$\text{P}_4$	95,619	37,03
	$\text{CaO}\cdot\text{SiO}_2$	116, 164	44,99	$\text{Ca}(\text{OH})_2\cdot$ $\text{Ca}_3(\text{PO}_4)_2$	109	42,22
	$\text{H}_2\text{O}$	18,015	6,98	$\text{SiO}_2$	45,017	14,44
				$\text{H}_2(\text{г})$	0,503	0,19
				$\text{SiH}_4(\text{г})$	8,009	3,10
				$\text{PH}_3(\text{г})$	0,031	0,01
	<b>Барлығы</b>	<b>202,099</b>	<b>100</b>		<b>258,179</b>	<b>100</b>
$T=283\text{K}$						
1,5	$\text{P}_4$	124	46,41	$\text{P}_4$	108,516	40,61
	$\text{CaO}\cdot\text{SiO}_2$	116,164	43,48	$\text{Ca}(\text{OH})_2\cdot$ $\text{Ca}_3(\text{PO}_4)_2$	95,935	35,91
	$\text{H}_2\text{O}$	27,022	10,11	$\text{SiO}_2$	60	22,46
				$\text{H}_2(\text{г})$	2,503	0,94
				$\text{SiH}_4(\text{г})$	0,232	0,09
				$\text{PH}_3(\text{г})$	0,021	0,007
	<b>Барлығы</b>	<b>267,186</b>	<b>100</b>		<b>267,186</b>	<b>100</b>
$T=343\text{K}$						
2,0	$\text{P}_4$	124	44,89	$\text{P}_4$	104,54	37,86
	$\text{CaO}\cdot\text{SiO}_2$	116,164	42,06	$\text{Ca}(\text{OH})_2\cdot$ $\text{Ca}_3(\text{PO}_4)_2$	95,935	34,73
	$\text{H}_2\text{O}$	36,03	13,04	$\text{SiO}_2$	60	21,72
				$\text{H}_2(\text{г})$	12,3	4,46
				$\text{SiH}_4(\text{г})$	3,131	1,13
				$\text{PH}_3(\text{г})$	0,29	0,10
	<b>Барлығы</b>	<b>276,194</b>	<b>100</b>		<b>276,194</b>	<b>100</b>

Негізгі қосылыстардың тепе-теңдік таралуы 4.9 суретте көрсетілген.



